

М.Жолشاева, F.Отарбаева, Г.Нұрманова

ҚАЗАК ТІСІ

Жалпы білім беретін мектептің
6-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен

6



Алматы «Мектеп» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Каз-922
Ж69

Шартты белгілер:



– тындаібы



– айтаібы



– окиыбы



– жазайыбы



– ізденеібы



– топтық жұмыс



– көреібы



– кайталайыбы



– болжайыбы



– шығармашылық жұмыс



– Есте сакта! (грамматикаға қосымша)



– ғалым болам десеніз

Жолшабаева М., т.б.

Ж69 Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына ариалған оқулық/М.Жолшабаева, F.Отарбаева, Г.Нұрманова. – Алматы: Мектеп, 2018. – 184 б., сур.

ISBN 978-601-07-0949-2

Ж 4306020200-035
404(05)-18

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Каз-922

ISBN 978-601-07-0949-2

© Жолшабаева М., Отарбаева F.,
Нұрманова Г., 2018
© «Мектеп» баспасы,
коркем безендірту, 2018
Барлық құзметтердың корғалған
Басыттының мұлтқын көкшілтері
«Мектеп» баспасының тиесін

АЛҒЫ СӨЗ

Күрметті жас дос!

Қазақ тілі – ғылымның қыр -сырын және әлемді танудын бір күралы болып табылатын негізгі пәннің бірі.

Жұсіпбек Аймауытов ана тілін жақсы менгере алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес екендігін айтады. Расында, ана тіліндегі алған білім саған басқа пәндерді, өзге ғылым салаларын тануга жол ашады.

Бұл окулық дұрыс сөйлеу мен сауатты жазудың негізі болып табылатын казақ тілінің грамматикалық заңдылықтары туралы бұған дейін жинақтаған біліміндегі әрі қарай дамытуға, толықтыруға көмектеседі.

Осы окулық арқылы ғасырлар қойнауында жаткан тарихтан сыр шертетін және казақ мәдениетінен хабар беретін көнерген сөздермен танысады. Қоғам дамуындағы өзгерістерге байланысты туындалап, сөздік қорымызды байытып жаткан жана сөздер, ғылымның түрлі салаларына катысты терминдер және шаруашылық саласына катысты кәсіби сөздер мен жергілікті сөйлеу тілінің ерекшеліктері туралы да осы кітаптан білетін боласын. Сондай-ақ ойды дұрыс түсінуге қажетті тыныс белгілері мен олардың атқаратын кызметтері жайында да айтылады.

Окульята казақ тілінің әдеби тіл нормасын сактай отырып, ойынды анық әрі түсінікті жеткізуге дағылданыратын тапсырмалар ұсынылды. Берілген тапсырмалар сенің бойындағы шығармашылық кабілетті шындауға, сынни ойлау және топта бірлесе жұмыс жасай алу дағыларынды дамытуға бағытталған. Ал ізденімдік тапсырмаларды орындау арқылы өткен лексика-грамматикалық тақырыптар аясында материалдар жинақтай отырып, кызықты жоба жұмыстарын жасайсын. Бұл сенің үлкен ғылыми жобаларға дайындығын болады.

Іске сәт, жас дос!

Авторлар



Kіріспе



1-тапсырма. Түсініп оқындар.

Қазак тілі – әдеби тіл. Әдеби тіл – жалпыға бірдей түсінікті, қоғамның барлық саласында колданылатын, тұракты нормалары бар тіл.

Сөздердің мағыналарына сәйкес колданылуы лексикалық нормаға, грамматикалық тұлғалардың орынды, дұрыс жүмсалуы грамматикалық нормаға, дыбыстардың жазуда дұрыс таңбалануы орфографиялық нормаға, ал олардың дұрыс айтылуы орфоэпиялық нормаға негізделеді.

әдеби тілдің сұрыпталған, өндөлген нормалары (лексикалық, грамматикалық, орфографиялық және орфоэпиялық) болады;	әдеби тіл нормалары халықтың бәріне ортақ және түсінікті болып келеді;
функционалдық-стильдік салалары бар;	қоғамдық қызметі әр алуан болады.




A Берілген сөздердің кай нормаға сәйкес келетінін белгілендер.

Сөздер	Лексикалық норма	Грамматикалық норма	Орфографиялық норма	Орфоэпиялық норма
күнү-түнү				+
көзкарас				
рұксат – ұлықсат				
кітаптар				
Досжан				
тізе – дізе				
ташшол				
мұгалімдерге				



2-тапсырма. Мақал-мәтеддердің мағынасын түсіндіріп, сол аркылы тілдің аткаратын қызметін аныктандар.



ӘДЕБИ ТІЛДІҢ СТИЛЬДЕРІ

Стиль түрлері	Ерекшеліктері	Колданылу аясы
Ресми іс-кагаздар стилі	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мазмұн қысқа баяндалады; ✓ тұжырымдар дәл, накты болады; ✓ сөздер тұра мағынасында колданылады; ✓ қалыптасқан үлгі бойынша жазылады. 	Ресми қағаздар: <i>әтініши, мінездеме, хабарландыру; қызыметтікіят</i> т.б.
Ғылыми стиль	<ul style="list-style-type: none"> ✓ сөздер негізгі, тұра мағынасында колданылады; ✓ әр ғылым саласының арнайы термин сөздері болады. 	<i>баяндаама, ғылыми зерттеу жұмысы, мақала, ғылыми монография</i> және т.б.

Жалгасы

Публицистикалық стиль	<ul style="list-style-type: none"> ✓ акпарат жедел қабылданады; ✓ хабар толықканды жеткізіледі; ✓ баяндау нақты, ықшам, экспрессивті-эмоционалды болады. 	бұкаратлық акпарат күралдарының (радио, теледидар, газет-журналдар) тілі
Көркем әдебиет стилі	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ойды бейнелі жеткізу үшін сөздер ауыспалы мағынада көп колданылады; ✓ экспрессивтік сөздер мол болады; ✓ синоним сөздер, грамматикалық амалдар көп жүмсалады. 	әдеби көркем шығармалар
Ауызекі сейлеу стилі	<ul style="list-style-type: none"> ✓ көбінесе диалогке қурылады; ✓ карапайым сөздер колданылады; ✓ калыптасқан сөйлем құрылымы сейлеуде өзгеріске көп түседі; ✓ жергілікті (диалект) сөздер колданыла береді. 	



3-тапсырма. Берілген сөйлемдердің қай стиліге тән екенін анықтандар. Ойларынды дәлелдендер.

1. Тысқа шығып жуына ғой, калкам! (*Ә.Тарази*)
2. Дағаның жон аркасы жыбыр ете түскендей болды (*О.Бекей*).
3. Міне, жаңаған Туы, Елтанбасы, Әнүраны бар ел болдык (*Н.Назарбаев*).
4. Монитордан бөлінетін сәуленін зиянды әсері болады («Денсаулық» журналынан).
5. 2018 жылдың 22 күркүйегінде Тілдер мерекесіне орай өтетін Қазақ тілі апталығының ашылу салтанатына шакырамыз.



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мұнда тілдің қандай қызметі туралы айтылған деп ойлайсындар?

Бір үлгітың тілінде сол үлгітын сыры, тарихы, түрмисы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, бірсесе жесіз түндей тынық, бірсесе құйындағы екпінді тарихы, сары далада үдерек көшкен түрмисы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кен, тілі де бай.

М.Жұмабаев

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

1-бөлім



1.1. Біріккен сөздердің емлесі



1-тапсырма. Сурет пен тірек сөздерге сүйеніп, тындалатын мәтіннің мазмұнын болжандар.



2-тапсырма. Үнтаспадан 1-аудиомәтінді тындаңдар.



A Мәтін мазмұнына мейлінше жақын келетін жауапты белгілеп, ойларынды дәлелдендер.

- 1. Мәтін не туралы?**
 - а) марқанын еті туралы;
 - ә) көл атауының тарихы жайында;
 - б) бай кызының ұзату тойы туралы.
- 2. Бай жігіттерге қандай талап қойды?**
 - а) ет піскенше бәйгеден бірінші келу;



- ә) марканың етін жаксылаپ пісіру;
б) көлді атпен бір айналып шығу.

3. Бәйгеден кімнің аты озып келді?

- а) байдын;
ә) палуанның;
б) кедей жігіттін.



ә Багандагы сөздерді сәйкестендіріңдер.

Шұмек	келдің атауы
Сарытау	өзеннің атауы
Марқакел	жайлаудың атауы
Шанағаты	байдың қыста отыратын қонысы
Карағайлышұлақ	байдың күзде отыратын қонысы



Б Жер-су аттарының жасалу жолын көрсетіңдер.


Улғи : Марка + көл,



3-тапсырма. Эр суретке сәйкес келетін атауды табыңдар.



1



2



3

НЕ БАЙҚАДЫНДАР?



4



5

- Жұмбактас
Марқакөл
Қызылқұм
Барсакелмес
Баянауыл



▲ Біріккен сөздер туралы 5-сыныпта өткен ережені естерінде түсіріндер.

СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУ ПРИНЦИПТЕРИ		
Фонетикалық принцип	Морфологиялық принцип	Тарихи-дәстүрлі принцип
Сөз бөлшектері қалай айтылса, солай жазылады. Мысалы: <i>агаштар, қатадан</i> .	Кейбір сөздердің айтқанда дыбыстық өзгеріске ұшырағанмен, жазғанда түбірі өзгермей жазылады. Мысалы: айтытуы – <i>жергөк</i> , жазытуы – <i>жер-көк</i> .	Сөздердің бір кездері қалыптасқан, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сакталады. Мысалы: <i>халық, хабар, қаһарман</i> .

БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

1. Құрамындағы түбір сөздер бастапқы қалпын өзгеріссіз сактап, бірігіп жазылады: *көк + жиек = көкжиек*, *бала + бақша = барабақша*, *Қалам + қас = Қаламқас*, *Ақ + марал = Ақмарал*.

Бірақ кейбір біріккен сөздер дыбыстық өзгеріске ұшырап, айтылуы бойынша жазылады: *Бота + көз = Бота гөз*, *көк + орай = көгораі*, *кол + қанат = қол ғанат*, *жазды + күні = жазды гүні*, *Ай + қыз = Айғызы*, *кол + кап = қолғап*.

2. Жер-су атауларының түбір тұлғалары сакталып, бірігіп жазылады: *Жезқазған, Марқакөл*.

3. Біріккен сөзден жасалған кісі есімінде екі дауысты қатар келсе, бірі (алдыңғысы) түсіп қалады: *Торы + айғыр = Торайғыр*, *Кожа + Ахмет = Кожажмет*.

4. *Әр, еш, кей, бір, алде* сөздері есімдіктермен бірігіп жазылады: *әр*

Орфография

Орфография – тілдегі сөздерді дұрыс жазу ережелерінің қабылданған жүйесі.

Ол:

- сөздердің бірге, бөлек жазылуын;
- бас әріптердің қолданылуын;
- тасымал тәртібін реттейді.

Кіріккен сөздер

Кейбір сөздердің бастапқы тұлғалары өзгеріп барып бірігеді. Мысалы: *бүгін – бұл + күн, биыл – бұл + жыл, апар – алып + бар, әкел – алып + кел*. Мұндай сөздерді **кіріккен сөздер** деп атайды.

+ кім = *әркім*, еш + кайда = *ешқайда*, кей + біреу = *кеібіреу*, бір + неше = *бірнеше*, әлде + қашан = *әлдеқашан*. Бұл сөздер зат есімдермен тіркесіп келгенде бөлек жазылады: *әр сынытман*, *еш уақытта*, *кей жылдары*, *бір адам*, *бір мезгілде*.



4-тапсырма. Берілген сөздерді ережеге сай (к/т, қ/ғ) жазындар.

күзді (?) үні	Әй (?) ерім	Ала (?) өл
кысты (?) үні	Ақ (?) ұлак	Талды (?) орган
Марка (?) өл	Токта (?) ұл	Қара (?) өз



5-тапсырма. Біріккен сөз жасап, жазылу емлесін түсіндіріңдер. Қажет болса, орфографиялық сөздікті пайдаланындар.

Сөздер	Біріккен сөз	Түсіндірмесі
көк+өніс	көкөніс	Біріккен сөздің бірінші сыңары дыбыстық өзгеріске ұшыраған. Сөз айтылуы бойынша жазылады.
шек+ара		
ала+аяқ		
Ай+зере		
Ұл+ма+екен		
өнер+кәсіп		
кол+кабыс		
Тәре+келді		
Ақ+төбе		



6-тапсырма. Біргұ тәсілімен жасалған 5 өсімдік, 5 хайуанат атауын тауып жазындар.



7-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Алтайдың сұлу шоқысы

Өр Алтайдың Сұлушоқы деген жер бар. Сол өнірдегі ең әсем шоқы – осы. Күншілік жерден мен мұндалап жар салып, оқшаша тұрады. Сұлушоқы сонау бір жылдары жарбиған аласа болыпты. Жыл өткен сайын биіктеп, басынан үшкан құсты, соккан желді асырмайтын жоталы болып келеді деседі. Сұлушоқының етегі жайпакталып басталып, бірте-бірте тіктенеді. Жауыннан кейін

көз тіксеніз, етегін қалып кою тұман орап, бірақ ол тұман үшар басына жете алмай дымы күриды. Ал сол ап-пақ тұман күн нұры төгілсе болды, дәл күншығыс тұсынан екіге как жарылып, жұмыртқадай аршилады. Кейде Сұлушокы тұн баласында сынсып ән салып тұргандай мұнды да әуезді үн шығарады деген қауесет те бар...

Білесіз бе, тау өнірінің күзі, тау өнірінің адамдары біртүрлі жұмбак, біртүрлі еркін. Тау өніріне бір рет барып кайтсаныз, өне бойы арылмайтын Алтайдың өзіндегі бір аскар арман арқалап кайтасыз. Ол жакка казір, мүмкін, кар жауып қалған да шығар, мүмкін, түндегі жауған кар күн көтеріле еріп кеткен шығар. Шіркін-ай, Алтай күзінің шын сырын, Алтай күзінің нағызы бояуын қашан ұғыш, қашан табар еkenбіз? .

O.Бекей



▲ Мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты белгілендер.
Жауаптарынды дәлелдендер.

№	Сейлемдер	+	-
1	Алтайда Сұлушокы деген атына заты сай керемет тау бар.		
2	Сұлушокы алыстан қарағанда бірден көзге түсे коймайды.		
3	Күн өткен сайын Өр Алтайдың сұлу шоқысы аласарып барады.		
4	Өр Алтайға бір барып қайтқан адам үлкен арманмен оралады.		
5	Тау өнірінде тұратын адамдардың мінезі де тау секілді құпияға толы.		



❸ Берілген тіркестердің мағынасын екінші бағаннан табындар.
Қажет болса, сөздікті пайдаланындар.

жар салу	түні бойы
дымы күру	шаршап-шалдышу
тұн баласы	карау
көз тігу	жариялау, хабар тарату



Б Мазмұнды сактап, сөйлемдерді түрлендіріп жазындар. Не байқадыңдар?

Стиль



Гректің «stylos» сөзінен шыққан. Бұл сөз:

- заттың негізгі белгісі мен қасиетін білдіретін ерекше көрінісі;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметіне байланысты жіктелетін әдеби тілдің функционалдық түрі;
- қаламгердің жазу мәнері дегенді білдіреді.

4. Өне бойы арылмайтын Алтайдың өзіндегі бір асқар арман арқалап кайтасыз.



В Сөздердің дұрыс жазылған нұсқасын таңдаң, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Сұлушоқы *bіrkездері/bіr кездері* жарбиған алса болышты.

Тау баурайында өскен *әр адам/әрадаим* еркіндікті жақсы көреді.

Кейбір/Кей бір кездері Сұлушоқы жактан әдемі ән естілетіндегі көрінеді.

Алтайдың жайлауында отырғандар қыстакка *әлде қашан/әлдеқашан* көшіп кетті.

Алтайдағы күз сұлулығының құпиясын әлі *ешкім/ешкім* тапкан жок.



8-тапсырма. Түймедақ гүліндегі 1-тапсырманы орындандар.



1. Өздерін тұратын елді мекендердегі бірігу тәсілімен жасалған жер-су атауларын жинап, олардың жазылуына мән беріндер.


1.2. Бөлек жазылатын сөздер



1-тапсырма. Үнтаспадан 2-аудиомәтіннің алғашқы белігін тындандар.



2-тапсырма. Суреттерді пайдалана отырып, оқиганың қалай ербітінін болжандар.



3-тапсырма. Үнтаспадан 2-аудиомәтіннің жалғасын тындандар. Өз болжамдарынмен салыстырындар.



▲ Мәтін мазмұны бойынша сұраптарға жауап беріп, ойларынды дәлелдендер.



1. Терек неге өзін тәкаппар үстайды? 2. Терек Күнге, суга, желге кандай мін такты? 3. Терек неге әдемі көркінен айырылып калды?



● Бірінші бағанда ерекшеленіп берілген тіркестерді екінші бағандагы мағыналас сезбен алмастырып, сөйлемдерді қайта құрандар.

1. Терек касындағы жеміс ағаштары мен гүлбәйшешектерді <i>көзге ітмейді</i> .	менсінбеу/көрмеу
2. Терек суга: «Тамырларымды шірітіп жібердін», – деп <i>мін тағады</i> .	ескерту/кінелау
3. Теректің менмендігі <i>шектен шығыт кетеді</i> .	тым артық болу/кара-пайым болу
4. Теректің жөнсіз сезінен кейін Күн оған <i>шуагын шаштады</i> .	көрінбеу/нұрын төкпеу
5. Теректің тамыры солып, бүрінгі <i>көркінен жүргідай болады</i> .	айырылу/жогалта бастау



Б Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тақырыпты таңдаңдар немесе өздерін ат қойындар.

1. Терек – табиғаттың көркі. 2. Жер, су. 3. Менмендік алыска апармайды.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, карамен берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріндер.

А. Янушкевич өзінің күнделігі мен хаттарында казак дала-сының табиғатын өте шебер суреттейді. Ол анасына жазған хатында Лепсі өнірі жайында: «Бұл жердің сұлулығын, тамылжыған табиғатын елестету үшін сонау Омбыдан осында жаяу келсем, **төгілген терім еш болды** демес едім. Дүниеде ешбір король мұндай жерде тұрып көрмеген, **Жер үстінің жұмағындаі**. Эттен, суреттеуге тілім жетпейді», – деп жазады.

egemen.kz



А Тұған жер табиғатын калай суреттер едіндер? Ойларынды жинақтап жазындар.



5-тапсырма. Суретке мүқият карандар. Не байқадындар?



А Тіркесті күрделі сөздер туралы 5-сыныпта еткен ережені естеріне түсіріндер.



6-тапсырма. Күрделі сөздердің сынарын табындар.

Шарын	үй
мәдениет	жер
жедел	бата
коғам	жілік
спорт	сарайы

тұған	мектебі
киіз	жәрдем
кәрі	шаткалы
үй	жануары
ак	кайраткері

БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Тіркесті сөздердің әр сынары бөлек жазылады: *алғы сөз, он бес, жақсы көру*:

1. Екі зат есім тіркесіп, бір ғана заттың атауын білдіреді: *зат есім, ас тұзы*.

2. Күрделі сан есімдердің әр сынары бөлек жазылады: *он үш, екі мың он жеті, жуз ету бес*.

3. Күрделі сын есімдердің әр сынары бөлек жазылады: *ақ сары, қара торы, ұзын боїлы, көк ала*.

4. Күрделі атаулардың (мемлекет, мекеме, үйым атауалары) әрбір сөзі бөлек жазылады: *Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Біріккен Ұлттар Ұйымы*.



7-тапсырма. Эріптерді дұрыс орналастырып, екі бағандагы сөздерді тіркестіріңдер.

Улғи : қою қара, ...

юоқ – қою
жимаыр
ренкү
ашығна
ынұз
закак

лебет
аат
ілті
гізсе
лыпоб
акра – кара



Есте сақта!

Сөз тіркесі

Құрамындағы сөздер бағыннықы, басыннықы сынарга ақыратылады: қызық; кітап. Әр сынары жеке-жеке сұрақ-ка жауап береді: қызық – қандай? кітап – не?

Кемінде екі сөзден тұрады. Құрамындағы сөздердің әркайсысы белек жазылады.

Тіркесті сөздер

Бірнеше сөз тіркесіп келіп, бір ғана ұғымды береді: отыз үш – сан атауы. Бір ғана сұрақка жауап береді: отыз үш – қаниша?

**8-тапсырма.** Сұрактарға тіркесті сөздермен жауап жазындар.

не?	алғы сөз, ...	қандай?	көк сүр, ...
кім?	тіс дәрігері, ...	кашан?	күні бойы, ...
канша?	сексен жеті, ...	не істеу?	көмек көрсету, ...



9-тапсырма. Екі немесе одан да көп сөзден тұратын курделі атауларды жазындар.

Улғі: Алматы облысы, Фылым академиясы ...



10-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Үстірт үстіндегі керемет

Ежелгі мұхиттан қалған, уақыт өте келе жел мен күннің әсерінен мужіліп, бүтінгі кейпіне енген танғажайып мекен – Үстірт жазығы. Сай мен жыраға толы құмды алқап, ойпат, кеүіп қалған көлдердің сазды және сортан орындары, сүр құба түсті топырак – осы жерге тән сипаттау.

Үстірт шөлді аймакта жатқандықтан, жазы ыстық, қызы салқын, жауын-шашыны аз, желі күшті әрі ұзак соғады. Қыста кенеттен күн жылдынып, кар еріп, ол кайта катып, кектайғақ болады. Қырат табиғаттың өзі салған керемет бір құрылышқа ұксайды. Мұнда таға пішіндес бірнеше қырат, тік құлама жартастар, төбелері теп-тегіс, сондай-ак конус тәрізді, мұнара сиякты төмпешіктер, ак, көк, қызыл қабаттардан тұратын, үстінде біздей кондырғылары бар «камалдар» да жеткілікті. Үстіртте өзен, түші көл жок, бірақ ауызсуга жарамды жерасты суларының мол коры бар.

Манғыстау жерінің тағы бір кереметі – Бекет ата жерасты мешіттері. Бекет ата ауыл балаларын оқыту,

Түсіндірме сөздік

Мұжілу – жел мен су т.б. әсерінен табиғат нысандарының бүлінуі, тозуы.


Сор – үстіңгі қабатында онай еритін тұздары бар шөлді жердің топырағы.

сондай-ак әрлі-берлі өткен жолаушылар тынығу үшін ак бор тасты тау мүйістерінен ойып мешіттер салдырган. Оның ішкі көрінісі киіз үй, ал төбесі күмбез тәрізді. Мешіт манындағы Бекет ата пайдаланған бұлактар мен құдықтар әлі күнге тартылмаған. Бекет ата өміріне катысты бұл тарихи ескерткіш сәulet өнерінің ерекше туындысы саналады.

Маңыстау энциклопедиясынан



- A** Берілген суреттерді мәтін мазмұнымен байланыстырып, пікір білдіріндер.



- Ә** Берілген сұрақтарға тіркесті сөздермен жауап беріндер. Бұл тіркесті сөздермен сөйлем күрандар.

Устірт азығы

1. Бұрынғы мұхит орнындағы ғажайып мекен қалай аталады?
2. Бекет ата жерасты мешіттері өнердің қай түріне жатады?
3. Устірт топырағының түсі мәтінде қалай сипатталады?
4. Бұл ғажайып жерасты мешіттерінің ішкі көрінісі қандай?



- Б** Мәтіннен біріккен және кіріккен сөздерді тауып жазындар. Жазылу емлесін түсіндіріндер.



II-тапсырма. Түймедақ гүліндегі 2-тапсырманы орындандар.

2. Өздерін тұратын аймақтың экологиялық мәселелері туралы мәлімет жинандар. Ақпарат көздеріне сілтеме беріндер.



1.3. Дефис арқылы жазылатын сөздер

- 1-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап беру аркылы нүктелердің арасын косындар. Шықкан сызбага караپ, аудиомәтіннің не туралы екенін болжандар.

A scatter plot with a horizontal x-axis and a vertical y-axis, both ranging from 0 to 3. Three blue diamond-shaped data points are plotted at coordinates (0, 0), (1, 1), and (2, 2).

Сұрақтар:

1. Қазақ жеріндегі ең биік шың қалай аталауды?
 2. Қазактың ақының ақыны кім?



- 2-тапсырма.** Үнтаспадан 3-аудиомәтінді тындандар.



- ▲ Сұрақтарға жауап беріндер. Өз жауаптарынды дәлелдендер.

1. Автор неге Хан Тәнірі шынын Тянь-Шаньның наизасына тенейді?
 2. Автор неліктен аласа тауларды ұнатпайды?
 3. Ақынның Хан Тәнірі тауын «Қайсар ағаға» тенеу себебінеде?
 4. «Бойында Хан Тәнірінің бұғып жатқан, Алапат аяныш бар Жерге деген», – деп келетін өлең жолдарын қалай түсінесіндер?



- ❸ Қарамен берілген сөздердің мағынасын екінші бағаннан табындар.

Улгі: 1 - Б.

1. Күн шыңырау кектен шырқай кеп сүйіпті.	а) орасан зор
2. Жерге деген алапат аяныш бар.	ә) үйықтамау
3. Мен таудың ташалдығын ұнатпаймын.	б) биік, зенгір
4. Қалғымай қанша жылды өткерді екен?	в) жасырыну
5. Хан Тәнірінің бойында бұғып жатыр.	г) аласа



3-тапсырма. Берілген мәкал-мәтеддердің мағынасын топ болып талқыландар.

1. Тау алыстаған сайын биік.
2. Таудың биіктігін төбе аңғартады.
3. Көрінген таудың алыстыры жок.



▲ Бұл мәкал-мәтеддерден өлең мазмұнына сәйкес келетін біреуін тандаудар. Өз тандауларыңын себебін түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Акпаратпен танысып, *байтақ* сөзімен жасалатын тіркестерге мысал келтіріңдер.

Сөздер сөйлейді

Қазак тілінде *байтақ* сөзі «ұшы-қыры» жок кен» деген мағынада қолданылады. Мысалы, *байтақ дала*, *байтақ өлке*. Бұл сөз бұрын казак тілінде зат есім ретінде қолданылып, «ель», «жүргіз» деген мағынаны білдірген. Мысалы, Бұкар жырауда: «Байтағын байып, мал беріп, Байракты жерге қыстаткан» деген жолдар бар.

P.Сыздық

ДЕФИС АРКЫЛЫ	ЖАЗЫЛАТЫН	СӨЗДЕР
1	Кос сөздердің барлық түрі	ыдыс-аяқ, күннен-күнгө, жалт-жұлт, көзбе-көз, күш-қуаш, аз-кем, ар-намыс, өсіп-өнү
2	Реттік сан есім цифрен жазылғанда (-ыны, -інші, -нины, -ниі жүрнектары көрсетіліп жазылғанда). <i>Ескерту!</i> Ай мен жыл ретін білдіретін реттік сан есімдер цифрен жазылғанда дефис қойылмайды.	б-сынып, 70-інші пәндер (немесе 70-пәтер), 8 наурыз, 2017 жылты
3	Күшейткіш буын арқылы жасалыпсын есімнің күшепелі шырай тұлғалары	жат-жасыл, сұп-сұр, кіт-кішкентай, әп-әдемі
4	Кыскарған сөзге жалғанатын косымша дефис арқылы жазылады.	ТМД-га, БАҚ-қа, КР-ның



5-тапсырма. Кылышалардан сөздердің дефис арқылы жазылатын сынарларын табындар.



6-тапсырма. Дефис арқылы жазылатын сөздердің сынарын кажетті тұлғада жазындар. Кажет болса, сөздікті пайдаланындар.

Кажетті сөздер: *ойнау*, *тасу*, *қагу*, *білім*, *жүру*, *ишу*, *ою*, *кету*.

...	-	өрнек
...	-	кулу
...	-	жеу
...	-	тұру

оку	-	...
бағып	-	...
асып	-	...
келіп	-	...



7-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Көкшетау

Күмарың Көкшетауды көрсөн таркар,
Адам түгіл анның да көзін тартар.
Көктемде көрерміз деп Көкшетауды,
Жосылып бұғы, марал, кұлан, аркар.

Екі уақ ерсіл-касыл қайтқан құстар,
Көкшеге бір конуга болар құштар.
Сықылды тіршіліктің жәрменкесі,
Ғажайып нендей сыр бар, нендей күш бар?!

Көк каска Көкшетаудың бетегесі,
Сықылды сепкен алтын күн сәулесі.

Тындаған бұлбұл үнін ойшыл орман,
Толықсып бас изесер ерте-кеші.

Сықылды тоқсан ауыл – тоқсан көлі,
Жалтылдап карап дағы тартар сені.
Аралап сұлу Кекше сай-саласын,
Шығады саяхаттап самал желі.

Тұп-тұнық қара барқыт түні қандай,
Рақат дүниесі үйиғандай.

Сұлудың алтын гаунар сырғасындай,
Кекшениң иығында шалқиды Ай.

Шалқыған шымылдықтай атады тан,
Алқадай койған кадап алтын Шолпан.
Ішінде сол шымылдық Кекше сұлу,
Қарайсын көркіне сен болып ан-тан.

К.Аманжолов



А Олең мазмұнына сәйкес акпараттардың ретін көрсетіндер.

Орман ертелі-кеш бұлбұл әнін тындаіды.	
Кекшениң иығындағы сұлу Ай ару қыздың сырғасына ұқсайды.	
Көктемде Кекшетауды көрүте андар да асығады.	1
Кекшениң сай-саласында самал жел соғады.	
Кекшедегі өмір тіршіліктің жәрменкесі сияқты.	
Күмарың Кекшетауды көргенде тарқайды.	
Шолпан жұлдызы алтын алқаға ұқсайды.	



Б Олең мазмұнына сүйеніп, берілген сөздердің мағынасын табындар.

Сөздер	Мағынасы
кек	шөп, көгал/аспан, әуе
куш	шама, кайрат/күдірет, тылсым

Түсіндірме сөздік

Құштар болу – күмарту, қатты қызығу.

Барқыт – 1. Он жағы түкті болып келген жұмсақ мата.

2. ауысп. мағынада жаңға жайлы самалды түн.

Жәрменкеке – мұнда: той-думан.

Жалгасы

уак	ұсак, майда/мезгіл, уакыт
барқыт	жанға жайлыш/жұмсақ мата




Б Өленнен дефис арқылы жазылған сөздерді тауып, мағынасы сәйкес келетін бағанға орналастырындар.

Мағынасы	Сөздер
1. Ертеден кара кешке дейін, күні бойы	...
2. Су жүретін жыра, ойпаң жер	...
3. Таза, мәлдір	...
4. Әрі-бері, ілгері-кейінді	...
5. Таныркау, танғалу	...

8-тапсырма. Басқа пәндерден алған білімдерінді пайдаланып, тау атаулары туралы акпарат жинандар. Жазылу емлесі бойынша диаграмма күрастырындар.

Улт:



- Бірге жазылатын
- Бөлек жазылатын
- Дефис арқылы жазылатын



9-тапсырма. Тындалым және оқылым материалдарын пайдаланып, «Туган өлкө таулары» тақырыбына жинакы мәтін жазындар.



10-тапсырма. Түймедақ гүліндегі 3-тапсырманы орындандар.



3. Көшілікке танымал табиғи орындар туралы казак ақын-жазушыларының шыгармаларында кездесетін сипаттаулардан үзінді жинандар.



1.4. Қайталау



1-тапсырма. Сөздердің жазылу емлесіне катасты ережені еске түсіріп, әр катардагы артық сөзді табындар. Себебін түсіндіріндер.

Улғи: Шымбұлак шатқалы. Себебі мұндағы *Шымбұлак* сөзі *шым* + *бұлак* сөздерінің бірігінен жасалған. Бұл сөз – осы катардағы жалғыз біріккен сөз.

1	Абай асусы	Есіл өзені	Есік келі	Шымбұлак шатқалы
2	аккурай	жарғанат	көгала	шегара
3	алабұға	каракүс	сүр жылан	акку
4	4-бап	17-пәтер	6-сынып	1 мамыр
5	Алтынемел қорығы	Медеу мұз айдыны	Көктөбе демалыс кешені	Бетпақ-дала үстірті



2-тапсырма. Кестені үлгі бойынша толтырындар.

Сөздер	Түсіндірмесі
коңыр ала, қара көк	Улғи : Екі сын есім тіркесіп, күрделі сөз жасалған. Түс атауын білдіріп түр. Бөлек жазылады.
Жетікаракшы, Аксұмбіле	
ұл бала, қыз бала	
әркім, әлдеқашан	
күздігүні, жаздыгүні	
күні-түні, ел-жүрт	
жауын-шашын, қысы-жазы	
жыл мезгілдері, ауа райы	
Назарбаев университеті	
Казакстан халқы Ассамблеясы	





3-тапсырма. Бағандағы сөздер орфографиялық нормага сай бірге жазылса «+» белгісін, бөлек жазылса, «—» белгісін қойып, кестені толтырындар.

Кек	шөп	тәбе	дәрі	күтан	тұман	желке	майса
	—	+					
Ел	басы	ағасы	орда	таңба	қатарлы	кезбе	арасы
Бес	аспап	саусак	тиін	атар	білезік	бұрыш	жұз



4-тапсырма. Мақал-мәтелдерді қажетті сөздермен толыктырып жазындар. Мағынасын түсіндіріндер.

Қажетті сөздер : анау-мынау, жылы-жылы, сейлей-сөйлей, ата-ана, көре-көре.

- ... қадірін балалы болғанда білерсің,
Ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің.
- ... сөйлесен, жылан інінен шығады.
- ... көсем болар, ... шешен болар.
- Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар,
Өзгенікі дегенде ... ісім бар.



5-тапсырма. Сөздік диктант. Мұғалім атаған сөздерді емлеке сай жазындар. Сол сөздерді пайдаланып кесте сзындар.

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

2-бөлім



2.1. Екпін. Сөз екпіні



1-тапсырма. Берілген сұрақтарға суретті пайдалана отырып жауап беріңдер.

1. Қазакша жыл санау бойынша биыл қай жыл?
2. Мүшел жас туралы не білеңдер?
3. Сенің жылын қандай?



2-тапсырма. Үнтаспадан 4-аудиомәтінді тыңдаңдар.



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мүшел жас қалай есептеледі?
2. Қазак дәстүрінде неліктен тұган күн тойланбаған?
3. Баланың жеті жасқа толуы неліктен ерекше мәнге ие?
4. «Азамат мүшельінің алды – осы» деп Б.Момышұлы қай жасты атап көрсеткен? Неге?



ЕКПІН

Сөз екпіні

Дыбыс екпіні

Тіркес екпіні

Ой екпіні

Сейлеген кездегі бір сездің, бір буынның немесе бір дыбыстың ерекше көтерінкі дауыспен айтылуы **екпін** деп аталады.

Сөз ішіндегі бір буынның көтерінкі дауыспен айтылуы *сөз екпіні* деп аталады. Қазақ тілінде екпін біршама тұрақты. Сөздің соңғы буыннына түседі. Сөзге қосымша жалғанғанда, екпін қосымшаға, яғни соңғы буынға жылжып отырады. Мысалы, *достар – достарым* – *достарымның*.



3-тапсырма. Құттықтаухат мәтінінің жазылу стиліне назар аударындар.



**Қадірлі
Рәбига Фалиқзы!**

90 жаска толған мерейтойыңыз құтты болсын! Сіздің ізгілікке толы ғұмырыныз, ізденіске толы еңбетініз – бүтінгі және келешек ұрпакқа үлгі, рухани азық. Сізге деңінізге саулық, отбасыңызға амандық, ұзак өмір тілейміз!

Ізгі тілекпен, шәкірттеріңіз



A Құттықтау мәтінін дауыстап оқындар. Көтерінкі дауыспен оқылатын сөздерге назар аударып, екпіннің қай буынға түсетінін аныктандар.



Ә Ата-аналарыңа немесе достарына арнал құттықтаухат жазындар.



4-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Сөздер сөйлейді

Біз «құтты болсын» деген түркес пен «құттықтау» сезін жиі

Құттықтаухат

Мерейтойларда, үкімет нағрадасымен марарапатталғанда, маңызды мерекелерде жолданады және құрметті, қадірлі, қымбатты деген сөздермен басталады.

Құттықтаухатта:

- ✓ құттықтау себебі;
- ✓ құттықтау иесінің жеткен жетістіктері;
- ✓ ізгі тілектер жазылады. Сонында шын жүректен, *ізгі тілекпен, шынайы көңілмен* дег құттықтаушының аты-жөні жазылады.

қолданамыз. Осындағы «құт» сөзінің жеке түргандығы мағынасы түсінірме сөздікте «береке, байлық, мол қазына» деп көрсетілген. «Құт кону», «құтты болсын айту», «құттықтау» дегендегі «құт» сөзінің негізгі мағынасы «бакыт», «құт кону» – «бакытты болу», ал «құттықтау» сөзінің мағынасы – «бакыт, сәттілік, табыс тілеу». Қазак тілінде есім сөзден етістік тудыратын -та журнағы «құт» сөзіне тікелей жалғанбай, оның құттығ/құттық деген сын есім қалпына жалғанып жасалған: құттықта (құт+лық+та) – «бакытты болуды калау, тілеу».

Р.Сыздық



A Берілген сөздермен сөйлем қурандар. Сейлемдерінді дауыстап оқып, сөздердің айтылу екпініне назар аударындар.

құтты
болсын

құт кону

бакыт тілеу

құттықтау



5-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Абайдың оқудан оралуы

...Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Эй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкен тұр... Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде,



Түсіндірмे сөздік

Улкен үй – бір отбасындағы адамдардың үлкендері тұратын үй, қара шанырак.

Соқталдай – зор денелі, үлкен, дәу.

Көшелі – ой-өрісі кең жөн-жосықты билетін.

Фатиха – мұнда: бата.

коңак үйдін сыртында, касында екінші үлкен кісі бар, әкесі Құнанбай тұр екен. Үңгайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне карай тез бұрылды.

Құнанбай қыска ғана амандық сұрап:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп калыпсын-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімін де өсті ме? – деді.

Бала ес білгенмен бері карай әкесінің қабағын танып өскен. Ұялғанды,

жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған сон, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алыш кайттым, – деді.

Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте әзірлеген жауабы еді.

Әкесінің касында тұрған Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі тіпті көшелі кісі бол қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтапастаң Абайға:

– Бар, ана шешелерін жакка бар, амандас, балам! – деді.

Абайдың күткені де сол еді. Бала енді асығып, өз шешесіне карай жақындаі беріп еді. Қалиқа деген бір женгесі:

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшактай алыш, бетінен сүйді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі – сұлу жұзді Айғыз қатар тұр екен. Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

– Пай, ...баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп пандана күлді де, Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жок. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, мандайынан ііскеді. Ана құшагы!.. Ұлжан көп ұстаган жок.

– Әжене бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына карай бұрыш жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

— Жаман неме, маған бұрын келмей, әкене кеттің-ау! Жаман неме! — дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: — Карапыңым, коныр козым... Абай жаным... — деп кемсендеп, жылауға айналып кетті.

«Абай жолы» роман-этопеясынан



A Мәтін мазмұны бойынша сұрак құрастырындар.



Ә Мәтін не туралы? Ойынды дәлелде.

- Сәлем беру әдебі жайында.
- Абайдың окудан оралуы туралы.
- Абайдың отбасы жайында.
- Әкениң отбасындағы беделі туралы.



Б Мәтінді оқып, кестені толтырындар.



Үлгі:

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Не түйдін?
Абай	Әкесіне берер жауабын алдын ала әзірлеуі.	Ақыл тоқтатып, ережеткені.



В Мәтіннен аудызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшелігін көрсететін колданыстарды табындар.


Аудызекі сөйлеу стилінің колданыстары	Көркем сөйлеу стилінің колданыстары
Әй, шырагым балам, ...	Абайға мәлім...



Г Мәтінді рөлге бөліп оқындар. Ерекше екпінмен айтылатын сездерге назар аударындар.



6-тапсырма. Түймедақ гүліндегі 4-тапсырманы орындандар.



4. Тілші ғалым Р.Сыздықтың еңбектері туралы акпарат жинаңдар.



2.2. Тіркес екпіні. Ой екпіні



1-тапсырма. Сұрактарға жауап беріңдер.

1. Бесік жыры кай кезде айтылады?
2. Бесік жырының тәрбиелік мәні неде?



2-тапсырма. Үнтаспадан 5-аудиомәтінді тыңдаңдар.



A Сұрактарға жауап беріңдер және керісінше жауаптарға сұрақ күрастырыңдар.

	Абай тұратын үйдің іші қалай суреттеледі?
	Абай неге әжесімен онаша қалуды ұнатады?
Сұрақтардың отырған әжесінің келбетінен Абай нені аңғарады?	
	Бұл бесік жыры – Абайдың өз әжесінен басқа ешкімнен естімеген ерекше ескі жыр.
	Кішкентай күнінде Абай кеш сайын бесік жырын тыңдал үйкіттейтын.
	Жауаптар! Кәмшатқа айтқан бесік жырын Абай да бірге тыңдайтын.





Ә Мәтіндегі негізгі ойды аныктандар.

Абайдың әжесінен алған ұлағаты туралы

Абайдың Жидебайдағы қыстауы туралы

Абайдың карындастына камқорлығы туралы

Мәтін не туралы?

...



Б Қарамен берілген сөздерді мағыналас сөздермен аудиостырып жазындар.

1. Ана жүргіндей **айнымас** жыр.

Кажетті сөздер: жеке, жалғыз, әдеті, сыртта, өзгермес, эні.

2. Жүрттың көбі **тыста** мал жайғап жур.

3. Бейуағына жеткен әженің өмірлік **тәсіл**.

4. Өзімен-өзі ғана болуын сүйіп, **саяк** қалады.

5. Кәрі әже күндегі **машиғы** бойынша бесік жырын айтады.

6. Абай ешкімге білдірмей, елеусіз ғана әжесімен **онаша** қалады.



З-тапсырма. Берілген мәтілдер мен М.Әуезов сөзінің мағынасын мәтін мазмұнымен байланыстыра түсіндіріндер.

1. Тәрбие басы – тал бесік.
2. Қарты бар елдің қазынасы бар.
3. Ел боламын десен, бесігінді түзе (М.Әуезов).

ЕКПІННИҢ ТҮРЛЕРІ

1.

Сейлемде бірнеше сөздің тізбектеліп бір ғана екпінмен айтылуы **тіркес екпіні** деп аталады: *сен гой* (жазылуы) – *сөңгой* (айтылуы).

2.

Сөйлемде көніл аударылуы тиіс сөзді ерекше айту **ой екпіні** деп аталады. Ой екпіні тұракты болмайды. **Бүгін менің тұган күнім**. **Бүгін менің тұган күнім**. **Бүгін менің тұган күнім**.



4-тапсырма. Берілген тіркестерді дауыстап оқып, айтылуына назар аударындар.

Тұған күн, ала күйин, сары қымыз, нағашы ата, он кол, ұсак акша, ерсі қылыш, жағалы киім, көніл күй.



5-тапсырма. Толғауды мәнерлеп оқып, ой екпіні түсетін сөздердің астын сыйындар.

Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда білерсін.
Балалықтың қадірін
Саналы болғанда білерсін.
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсін.
Асыл менен жасыкты
Бағалы болғанда білерсін.

Шал ақын



6-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Әбіштің елге оралуы

Абайдың айналасы қазір көбінше әйелдерге толы. Дәл касында екі көзі жасаурап, өні аксүрләнешп Әйгерім тұр. Үлкендерден картан шал көршілер болмаса, басқа бөгде адам аз.

Жүргіншілер дәл ауылға такай бергенде, салт аттының бәрін Дәрмен дауыстап тоқтаткан-ды.

– Әбіштің күймесін алға шығарындар. Алдымен Әбіш жетсін. Ауылдың тосқаны сол гой, біздер емес. Және ауылға атшабар стражникитер тәрізденіп қоқандап бармайш. Иркіле жүріндер, – деп бұйырған.

Күйме тоқтамастан Абай бастаған жының қарсы алдынан өздеріне карай қозғалғанда, Әбіш тоқтап болмаған күймeden ыткыш секіріп түсіп, әкесіне карай құшағын жайып, асыға жүтірді.



Абай да мол құшағын кең жайып, Әбішті бауырына алды.

Көп қауышу, жылап амандасу арасында шешелер мен жеңгелерінің тілеуlestігі айтылады. Балажан көрші кемпір, шалдардың Әбішке айтып жатқан үзік-үзік мейір-шапқат сөздері естіледі.

- Жаным, есен жеттің бе?!
- Сәулем, ұзагынан сүйіндірсін!
- Көп сағындырдың гой, қуатым!
- Айналайын, күнім!
- Ата-анаңды ұзагынан сүйіндірсін сапарын.
- Сапарың күттү болсын, карағым.
- Кош келіпсің, Әбішжан! – деген сан тілеулемес жүректерден шыккан ыстық сөздер Әбіш үйге кіргенше барлық жиын атаулының тұла бойын шымырлатқандай.

«Абай жолы» роман-этопеясынан



▲ Мәтіннен ауызекі сейлеудің ерекшеліктерін көрсететін тілдік бірліктерді табындар.

Үлгі: Ата-анаңды ұзагынан сүйіндірсін сапарың – сейлем күрылсы еркін, дәстүрлі күрылым сакталмаған . Дұрысы: Сапарың ата-анаңды ұзагынан сүйіндірсін.



❸ Мәтіннен ерекше екпін түсірілп айтылатын тұстарды тауып оқындар.



Мінездеме

Мінездемеде адамның өмірбаяны туралы мәлімет беріліп, жеке қасиеттері сипатталады.

Мінездеме ресми және бейтарап стильде жазылады.



7-тапсырма. «Абайдың оқудан оралуы», «Зере әженің бесік жыры» және «Әбіштің елге оралуы» (оқылым және тындалым) мәтіндерін негізге ала отырып, Абайға мінездеме жазындар.



8-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Бірауыз сез таң Шолпаның әперер,
Бірауыз сез анандай бол мәпелер.
Бірауыз сез ұл туды деп куантса,
Бірауыз сез әке өлімін әкелер.

Бірауыз сез жан тетігін табады,
Бірауыз сез мың әуреге салады.
Қимас жандар көз жүмарда қоштасып,
Бір-ак ауыз сез айтысып қалады.

КСалықов




A Өлеңдегі ерекше екпінмен айтылатын сездер мен тіркестерді тауып, екпін түрлерін ажыратындар.

Тіркес екпіні	Логикалық екпін
...	...



9-тапсырма. Түймедақ гүліндегі 5-тапсырманы орындандар.



5. Ә.Қайдардың «Халық даналығы» кітабынан отбасындағы тәрбиеге қатысты бес макал-мәтеді таңдап алыш, мағынасын ашып жазындар.

2.3. Қайталау



1-тапсырма. www.mekter.kz сайтының ВИДЕО паракшасынан «Қазактың мактандышы» мультфильмін (1-бейнежазба) көріндер.



А Берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріп, сөйлем құрап жазындар.

төрелік
сұрау

көненің
көзі

білік айтту

үлкенге
жүтіну

жол
қыскарту



Ә Мультфильм кейіпкерлерінің сөз колданыстарын дауыстап оқып, екіннің түрлерін ажыратындар.

- Армысыз, ата!
- Бар бол, балам! Өркенің өсін!
- Эй, құрт, сен ежелеп оки алмай «мыжып кеттің гой». Әкел, өзім оқын.
- Ей, есерсок-ай, ойының канбады-ау сенің де.
- Эй, бауырсақ, былай тұр, газетті май қыласың!
- Мәссаған, Қазақстан брендісін қалыптастыру жөнінде айтылып жатыр.
- Бренд деген не?
- Естісем, құлағым керен болсын!



Б Мультфильмнен қазак дәстүріне сай қандай әрекеттерді байқалындар?

Үлгі: бата сұрау



В Мультфильмде айтылған мәтелді тауып, мағынасын түсініріндер.

1. Көп жасағаннан сұрама, 2. Көре-көре көсем боласың, Көпті көргеннен сұра. Сөйлей-сөйлей шешен боласың.



Г Мультфильм кейіпкерлерінің сөз колданысынан қандай ауызекі сейлеу тіліне тән ерекшеліктерді байқадындар?

3-бөлім

ЭЛЕМНІҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ



3.1. Біріккен сөздердің емлесіне қатысты ескертулер



1-тапсырма. Ребусты шешіп, жасырылған сөзге қатысты ой белсіндер.



л + **10**



2-тапсырма. Үнтаспадан 6-аудиомәтінді тындаңдар.



A Тындалым мәтінінің мазмұнына сәйкес берілген сұраптарға жауап беріндер.





• Екі бағандагы өзара мағыналас сөздерді тауыш жазындар.

аңсау	бұйыру
орнату	сағыну
жадырамау	кондыру
жарлық беру	тандандыру
тандай қактыру	көнілі көтерілмеу

Біріккен сөздердің емлесіне қатысты ескертулер

⇒ Дүниежүзілік, бүкілодақтық, ортаазиялық сияқты сын есімдер бірігіп жазылады;

⇒ екінші сыңары аралық, тану, таным, жай, хат, қағаз, ішилік болып келетін сөздер бірге жазылады: ауданараптық, абайтану, қолхат, түсқағаз, жылышай т.б.

⇒ екі түбірден құралып, ғылымның әр алуан саласында терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы тұлғаларын сақтап, бірге жазылады: сұтқоректілер, баспасөз, үшбұрыш.



3-тапсырма. Орфографиялық сөздікті пайдаланып, сұрақтарға жауап беріндер.

Аралық сөзі кай сөзben тіркеспейді?

континент

дүние

халық

Кағаз сөзі кай сөзben келгенде бөлек жазылады?

рұксат

үн

шакыру

Ішілік сөзі кай сөзben тіркеспейді?

әлем

мекеме

мектеп



4-тапсырма. Орфографиялық сөздікті пайдаланып, жай, хат, тану сөздерімен бірігіп жазылатын бес сөз табындар. Сөздердің жазылу емлесін түсіндіріндер.

Үлгі: әуежай, колхат, табиғаттану



5-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Жеті санының сырты

Адамзат тарихында әлем кереметтерінің саны – жетеу. Неге жетеу? Бұл кездейсок алынған сан ба? Жалпы «жеті» санын кадірлеу көне заманнан басталады. Ай күнтізбесін негізге алған есеп бойынша бір аптада жеті күн бар, демек, Ай фазалары жеті күнде бір өзгеріп отырады.

Ежелгі Вавилон жүртүнда жеті күн өткен соң, бір мереке аталып өткен. Ежелгі гректер де басқа халыктар секілді «жеті» санын қасиетті санайды. Мысалы, Грекияда жеті данышпанды ерекше кадірлеген.

Ал әлемнің жеті кереметі деп әлемдегі ең ғажайып сәулет өнерінің туындылары аталған. Ол асыл мұраларға: Семирамида бағы, Египет пирамидалары, Зевс мүсіні, Артемида гибадатханасы, Родос алыбы, Галикарнас мавзолейі, Александрия маягі жатады.

«Әлемнің жеті кереметі» кітабынан



A Мәтінге сүйеніп кестені толтырындар.

Азатжол реті	Тірек сездер	Негізгі ой
1-азатжол
2-азатжол	...	
3-азатжол	...	



Мәтіннің соңғы азатжолында берілген күрделі атаулардың жазылу емлесін түсіндіріндер.



6-тапсырма. Жеті сөзінің қай сездермен бірге немесе бөлек жазылатынын ажыратындар.





A Берілген сөздерді пайдаланып, ертегіні жалғастырыңдар.
Карапайым жоспар күрындар.

Уәзі: Ертеде ағайынды жеті жігіт болышты. Олар ғаламның сырын ұғыну үшін жеті түнде сапарға аттанады...




7-тапсырма. Өз ойларынды айттыңдар.



Жеті – казак халқы үшін қасиетті сан. Шынайы өмірде жеті санымен байланысты қандай ұфымдарды білесіндер?



8-тапсырма. Түймедак гүлінің 6-тапсырмасын орындандар.



6. Қазак халқындағы қасиетті сандар жинандар.

3.2. Бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулер



1-тапсырма. Ребусты шешіп, жасырылған сөзге қатысты пікір алысайық.



2-тапсырма. Үнтаспадан 7-аудиомәтінді тындандар.



A Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға дұрыс жауап беріп, сансөзді шешіндер.

- | | | | |
|---------------------|-------------------------|--------------------------|--------------------------|
| 1.2.3 | 4.5.6.10 | 8.5.9.10.11.5.12.10.30.3 | - |
| Ә2.7.11.Н.17.Н | | 19.7.21.17. | К7.9.7.11.7.21.17.Н.17.Н |
| 17.Ш.17.Н.12.7.4.17 | | Б.У.4.17.Н.4.17. | К.Ү.Н.4.7. |
| 12.7.Й.17.Н. | 30.10.28.21.10.2.Е.10.Н | | 11.1.9.10. |

Бүйір жактары үшбұрыш, тәбесі ортақ болып келетін үлкен құрылым	8.5.9.10.11.5.12.10.
Пирамидаларды тұрғызуда көп еңбек еткендер	28.1.2.12.10.9.
Пирамиданың Отаны саналатын ел	11.3.30.3.9.
Әлем кереметтерінің саны	19.7.21.17.
Фараон Хеопс пирамида салғызыған ангар	4.5.6.10.



Ә Бірінші бағандагы тіркестердің мағыналарын екінші бағандан табындар.

араларынан ине өтпейтіндей	жойылған
аспан айналып жерге түсетіндей	өте ұзын
ұзыннан-ұзак	өте тығыз
кулге айналған	шыжыған ыстық, қапырық

Бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулер

⇒ ақ, қара, қызыл, қоңыр, сүр, шұбар сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктің түсін айыру үшін қолданылғанда бөлек жазылады: ақ аю, сүр жылан т.б. Ал зат есімдермен бірігіп бір ғана ұғымды білдіргенде, бірге жазылады: қаралық, аққу т.б.

⇒ аттас жерлерді бір-бірінен ажырату үшін қолданылатын анықтауыш сөздер бас әріптен басталып, бөлек жазылады: Кіші Азия, Кіші Қарой, Орта Азия т.б.



3-тапсырма. Берілген сөздердің қара, қызыл, қоңыр сын есімдерімен жазылуын емлеге сай түсіндіріңдер.

күз, тұлкі, қаз, торғай, шаңырақ, кітап,
нәсіл, жай, жалау, жел, бұлт

Қара

қара шаңырақ, ...

Қызыл

...

Қоңыр

...



4-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Александрия маягі

Әлемнің жеті кереметінің бірі – Александрия маягі. Александрия – дүниежүзіндегі халық ең көп шоғырланған айлак. Теніз жолының қауіпсіздігі үшін Александрияға кірер ауыздағы Фарос аралынан маяк салуга шешім қабылданады. Біздін жыл санауымызға дейінгі 285 жылы арал мен күрліктың арасына бөген салынады. Күрігіс жұмысы бар-жогы бес жылға созылады.

Маяк – биіктігі 120 метрлік үш кабатты мұнара. Оны коршап



Түсіндірмे сөздік

Маяк – жағалауды бағдарлауға арналған мұнара шам.

Желбағар – желдің бағыты мен жылдамдығын анықтайдын құрылғы.

тұрған шаршы іргесіндегі отыз метрлік әр қабырғасы және мұнараның алпыс метрлік алғашкы қабаты тас текталардан каланған. Одан әрі қырық метрлік сегіз қырының әркайсысы колонналармен бекітіліп, сырты ақ мәрмәрмен қапталған. Үшінші қабатының мұнарасы колонналармен шенбер жасай көтеріледі де, оның үстінде мәңгілік от лаулап, аса курделі айналар жүйесі сәуле шашып тұрған. Жұз метрлік биіктікке көтерілетін кен де тегіс айналма саты арқылы есек арбалармен отын тасыған.

Мұнараға желбағар, астрономиялық жабдық, сағат сиякты толып жатқан техникалық құралдар орнатылған.

Александрия маягінің қайта салынған үлгісіне Нью-Йорктегі көкпен таласқан Empire State Building аздап ұқсайды.

«Әлемнің 7 және 37 көріметі» кітабынан



▲ Мәтін мазмұнына сәйкес сұраптарға жауап беріндер.

Маяк салу қажеттілігі нeden туындауды?

адамдардың көптігінен	кауіпсіздікті ойлаудан	мәңгілік алау жағу үшін
-----------------------	------------------------	-------------------------

Александрия маягінің құрылышы туралы қай ақпарат берілмеген?

құрылыштың мерзімі	құрылышты салушылар	маяктің ішкі құрылышы
--------------------	---------------------	-----------------------

Маякта қандай қосымша жұмыстар атқарылған?

мәңгілік алау жағынан тұрған	айналар жүйесі сәуле шашып тұрған	есек арбалар отын тасыған
------------------------------	-----------------------------------	---------------------------



❸ Мәтіннен біріккен және тіркесті сөздерді теріп жазындар.



5-тапсырма. Берілген сұрақ төнірегінде ой бөлісіндер.

Пирамида құрылышына үқсас салынған қазіргі кездегі гимараттар туралы не білесіндер?



6-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазіргі заманғы пирамидалар

Қазіргі заманда да түрлі пирамидалар салынуда. Бұған мысал ретінде Париждегі Лувр пирамидасын алуға болады. Бұл пирамида – мұражайға кіреберіс кызметін атқаратын 20,6 метрлік шыны құрылыш.

Елордамыздағы 2006 жылы салынған Бейбітшілік және келісім сарайы да Астана қаласындағы әсем пирамида. Сәулетшісі – бүкіл әлемге әйгілі Норман Фостер. Пирамида аланы 28 мың шаршы метрді, жалпы биіктігі 62 метрді құрайды.

wikipedia.org



A Берілген сөздердің жазылуын түсіндіріңдер.

Улғи: Жиырма сегіз мың – бөлек жазылады, себебі күрделі сан есімдердің әр сынары бөлек жазылады.

мұражай

шыны
құрылыш

кіреберіс

жиырма
сегіз мың

2016 жыл

елорда



7-тапсырма. Тындалым және 6-тапсырма мәтінін пайдаланып, «Пирамида» тақырыбына жоспар құрындар.



8-тапсырма. Түймедақ гүліндегі 7-тапсырманы орындандар.



7. Өздерің тұратын өлкедегі ерекше гимарат (нысан) туралы акпарат жинандар.



3.3. Дефис арқылы жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулер



1-тапсырма. Ребусты дұрыс шешіп, жасырылған сөз туралы ой бөлісіндер.



2-тапсырма. Үнтаспадан 8-аудиомәтінді тыңдандар.



▲ Мәтін мазмұнына сәйкес акпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтандар.

Акпарат	Нә	Жок
Алтын адам – сақ тайпаларының әдет-ғұрпы, мәдениетін көрсететін тарихи мұра.		
Қазақстанның жеті кереметінің катарында кесене жок.		
Астана-Бәйтерек кешенін жылда 100–150 мыннан астам адам келіп тамашалайды.		
Жерасты мешіттері Батыс Қазақстанда орналасқан.		
Танбалы тас – Алматыдағы монументтің жасалуына негіз болған ескерткіш.		

Дефис арқылы жазылатын сөздер



ақ, ау, ай, мыс, міс, ды, ді шылаулары өзінен бұрын түрған сөздерден дефис арқылы бөлініп жазылады. Мысалы: әдемісін-ай, барыпты-мыс, келмеді-ау.



3-тапсырма. Көркем шығармалардан ақ, ау, ай, мыс, міс, ды, ді шылауларының жазылуына мысал тауып жазындар.



4-тапсырма. Мәтінді «Джигсо» әдісі арқылы оқындар.

Әлемнің жаңа жеті кереметі

Қазіргі кезде әлемнің көне жеті кереметінен Мысыр пирамидасы ғана сакталған. Ал 2007 жылы әлемнің жаңа жеті кереметі аныкталды. Олар: Ұлы Қытай қорғаны, Рим каласындағы Колизей амфитеатры, Мачу-Пикчу, Чичен-Иса және Петра сынды ежелгі қалалар, Тәж-Махал, Құтқарушы Иса Мәсіх мүсіні.

1. Элемдегі ең ұзын қорған – Қытайда орналаскан Ұлы Қытай қорғаны. Құрьлысы б.з.д. III ғасырда басталып, 1644 жылға дейін салынған қорғанның ұзындығы 8851,9 шакырымға жетеді. Ал биіктігі – 6-7 метр.

2. Б.з. I ғасырында салынған Рим каласындағы әлемдегі ең үлкен Колизей амфитеатрында түрлі ойындар, жанкешті гладиаторлар шайқасы, теніз шайқастары (аланға су толтырған), тіпті аңшылық үйымдастырылған. Бұгінде амфитеатр түрлі соғыс, жер сілкінің, каракшылық салдарынан жартылай кираган күйінде сакталған.



3. Қазіргі Перу елінде орналасқан шамамен 1440 жылдары салынған Мачу-Пикчу мекені инк тайпасының қаласы саналады. Бұл қала биік тау қыртысына орналасқан. Зерттеушілер қала инк аксүйектерінің тынығатын, мінажат ететін орны болған деседі.



4. Ал Мексикадағы Юкатан түбегінде орналасқан көне қала Чичен-Иса майя өркениетінің дамуында үлкен мәдени және саяси рөл аткарды. Бірақ белгісіз себептермен қала несіз калған.






4



5



6



7

Қалада пирамида тәрізді Күкүльканың гибадатханасы, обсерватория, доп ойындарына арналған 7 стадион, «Кұдайлар» мүсіні т.б. сакталған.

5. Иорданиядағы биік тас үйінді жартасқа орналасқан, үлкен аумакты алғып жатқан ежелгі қала Петра да әлемнің жаңа жеті кереметінің бірі. Қала 2 маньзды керуен жолының киімінде орналасқан. Бұл жерде саудагерлер тамак, ауызсу ішіп, тынығатын болған. Жүз жыл бойы сауда-саттық қалаға мол табыс әкелгенмен, теніз жолдарының ашылуы Петраға келушілерді азайтып, қала бос калған.

6. Үндістанның Агра қаласындағы Жанума өзенінің бойына орналасқан Тәж-Махал кесенесін XVII ғасырдың ортасында Жахан шах сүйікті жары Мұмтаз Махалдың күрметіне салған. Кесене тұтастай ак мәрмәрдан түргышылып, түрлі бағалы тастармен, ою-өрнектермен безендірілген. Жахан шах қайтыс болғанда өзі салдырған «Өлмес махабbat» нышаны Тәж-Махалға, әйелінің жанына, жерленеді.

7. Рио-де-Жанейро қаласында колын екі жакка карай жайған Күткарушы Иса Мәсіх мүсіні құйылған. Биіктігі 38 метр мүсін Мүсінді 1921 жылы Бразилия арнап салған.

wikipedia.org

темір-бетон мен сабын тастан Корковаду тауына орналасқан. Тәуелсіздігінің 100 жылдығына



A Мәтін мазмұнына сәйкес кестені толтырыңдар.

Атауы	Орналаскан жері	Керемет түрі	Салыну себебі
Кытай			
	амфитеатр		
			Тынығатын, тәрбиеленетін, мінажат ететін орын ретінде салынған.
Нордания			
	кесене		
Бразилия			Майя өркеннетінің саяси және мәдени орталығы ретінде салынған.



Ә Мәтіннен бірге, бөлек және дефис арқылы жазылған сөздерді тауып, жазылу емлесін түсіндіріңдер.




5-тапсырма. «Қазақстанның кереметі болуга не лайық?» деген тақырыпка эссе жазыңдар. Төменде берілген сұрақтарды пайдаланыңдар.

1. Керем ет деп нені түсінесін? Кереметтер катарына ену үшін қандай талаптар қойылады?
2. Қазақстанның кереметтерін есіне түсір. Олардың бәрі бірдей керемет болуға лайық па? Себебін түсіндір. Өз ұсынысын болса, дәлелдеп жаз.
3. Адам көлімен жасалған кереметтерді жіктеп, сарапап айтудың маңызы бар ма?



6-тапсырма. Түймедақ гүлінің 8-тапсырмасын орындандар.



8. Қазақстанның жеті кереметінің бірін тандап алыш, ол туралы акпарат жиһандар.



3.4. Қайталау



1-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, күрделі сөз (тіркесті, біріккен, кос сөздер) жасандар.

Ақ, аралық, ата, кара.



2-тапсырма. Сөзтізбектен күрделі сөздерді тауыш, олардың жазылу емлесін түсіндіріндер.

д	л	с	э	ъ	б	п	ш	д	е	и	ы	ч
и	ш	д	ұ	н	и	е	ж	ұ	з	і	е	ж
д	ұ	п	-	ұ	л	к	е	н	п	ш	ъ	е
ц	ч	и	т	м	ә	қ	д	и	р	щ	н	л
с	ә	у	л	е	т	ө	н	е	р	і	п	-
р	ч	ж	щ	л	о	қ	ш	т	и	п	ф	ж
ы	е	ц	р	и	ғ	а	ш	а	қ	м	ә	ұ
з	ш	с	н	ы	ы	л	ъ	н	ф	ж	ғ	р
б	г	л	я	ң	з	а	ч	ы	з	ғ	ш	т
ж	е	т	і	қ	е	р	е	м	е	т	х	ғ



3-тапсырма. Мәтіннен бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді тауыш жазындар.

Бекет ата жерасты мешіті — тасты тау шаткалына қашалыш салынған тарихи-сәулет ескерткіші. Үш-төрт қанат киіз үйдің көлеміндегі үш бөлме. Бекет ата 1750 жылы дүниеге келген. Ол – емші, көріпкел ғана емес, математика, физика, астрономия заңдылықтарын жақсы білген ғұлама. Бұхарада оқып, ілім жинаған соң, өз өніріне кайта келіп, бес мешіт салдырады. Жергілікті дін ғұламаларының арасында атак-данкы артып, пір атанады. Пайғамбар жасында дүние салады. Бекет ата осы жерасты мешітіндегі бөлмелердің бірінде жерленген. Бұл мешіт басы күні-түні әулие басына зиярат етушілерден бір арылмайды.

«Мағдір бұлак» журналынан



4-тапсырма. Осыған дейін ізденімдік тапсырмалар бойынша жинақтаған ақпараттар негізінде жоба жұмысын орында, көшілік алдында корғандар.

I тоқсанға ұсынылатын жоба тақырыптары

Тілдік бағдар

Жоба мәтінінде бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді пайдаланыңдар. Сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктерін ескеріндер.



1-жоба тақырыбы: БІЗДІҢ ӨЛКЕНІ ТАНЫ

Түймедақ гүлінің 1–3-тапсырмаларындағы жинаған материалдарынды пайдаланып, туристердің кызығушылығын артыру жолдарын көрсетіндер. Мысалы: а) шағын жарнама дайындау; ә) туристерді тартуға кедергі келтіретін өзекті мәселелерді анықтау, оларды шешу жолдарын ұсыну және т.б.; б) өздерін тұратын аймақтың экологиялық мәселелері туралы видеорепортаж дайындандар.

2-жоба тақырыбы: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҮМЫТПАЙЫҚ

Түймедақ гүлінің 4–5-тапсырмаларының материалдарын пайдаланып, белгілі бір салт-дәстүр туралы баяндандар.

3-жоба тақырыбы: ҰЛЫ ДАЛА КЕРЕМЕТІ

Түймедақ гүлінің 6–8-тапсырмаларының материалдарын пайдаланып, казак жеріндегі бір нысанды, ол орналасқан аймақтың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттандар.

4-бөлім

АСТАНА – МӘДЕНИЕТ
ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ

4.1. Неологиямдер



1-тапсырма. Суретке қарап ой бөлісіндер.



2-тапсырма. Үнтаспадан 9-аудиомәтінді тыңдандар.



А Кала атауларының қалыптасу тарихын баяндаңдар.

Ақмола, Целиноград, Астана.



Ә Мәтін бойынша оқиға ретін табыңдар.

Молда қашып жүріп, сырқаттанып қайтыс болады.	
---	--

Жоғалған жылқылар көрші ауылдағы байдың өрісінен табылады.	
--	--

Жалгасы

Молда «сазбалшыкты ешкінің майы мен сүтіне араластырып илендер» деген тілегін айтады.	
Тұртқі көбейген соң, молда елден қашып кетеді.	
Бір адамның жылқылары жоғалып, молдаға келеді.	1
Қазакстан астанасы Ақмолаға көшірілгенде, қала атауы Астана деп өзгертиледі.	
Күндіз-туні ак түске боялып тұрған мазарды ел «Ақ мола» деп атайды.	



Б Мәтін құрылымына талдау жасап, әр бөлімге ат қойындар.

Мәтін құрылымы	Оқиғалар	Бөлім атауы
Кіріспе		
Негізгі белім		
Корытынды		



З-тапсырма. Әр суретке сәйкес келетін атауды тауып жазындар.



ЖАҢА СӨЗДЕР

Сөздік кұрамдағы ғылым мен техниканың, қоғамның да мұына байланысты пайда болған сөздер жаңа **сөздер (неологиямдер)** деп аталады.

Жана сөздердің пайда болу себептері		
Коғамдағы өзгерістерге байланысты пайда болған жаңа зат, күбылым, оқиғаны атау қажеттігінен туындағы.	Бұрын тілде бар атауларды жаңаша мәнде қолданудан пайда болады.	Тілде қолданылып келген кірме сөздердің қазақша баламасының қолданысқа енуінен туындағы.
жанды дауыс, тікелей көрсетілім, инстаграм парасиғасы	ақорда, жарғы	ермексаз, зілтемір, сыныт
Жасалу жолдары		
косымша жалғану арқылы	сөздердің бірігуі арқылы	сөздердің тіркесуі арқылы
демеуелі	жеделсаты	жансақтау



4-тапсырма. Адақтан әріптерден сөз құрастырып, сөйлем құрандар, атакнетреп, гарнез, тезрана, күтлеатж, лекэроттыңд іткіл




A Жаңа сөздерді жасалу жолына қарай топтарға бөліп жағындар.

Косымша арқылы	Сөздердің бірігуі арқылы	Басқа тілден сөзбесөз аудару арқылы



5-тапсырма. Сызбадағы сөздерді пайдаланып, жаңа сөз қолданыстарын жасандар.

Улғи: электронды күнделік, әуежай





6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Аңсарым аскак Астана

Әй, Астана, атың қандай нак та әсем,
Анызактан айналыпсын бакка сен.
Тан ұзакқа таңдайымда түнеткен
Жырларымды айтартмысын жатқа сен?!

Бәйтеректің басына сен шыктың ба?
Сарыарқаның саф ауасын жүттың ба?
Өзегінді жарыш аппак бір сезім,
Өз еліннің ұлылының ұқтың ба?!

Төгеді Есіл төнірегіне өмірлі ән,
Өз Астанаң өз қолынмен соғылған.
Енді, қазак, бір-бірінді аяла,
Түбі бірге, түп қазыққа шоғырлан.

Тұлпарлары дубір салып тасқа да,
Жөнелгендей жана дәуір бастала.
Жолың болсын!
Жер-жананға даланың
Данқын айттар, дара шықкан Астана!

K.Ахметова



- ▲ Өлеңнің негізгі идеясын көрсетіп, таңдауларынды дәлелдендер.



- Ақынның сөз қолданысындағы бейнелі сөз оралымдарының мағынасын түсіндіріңдер.



Аңызқтан
айналыпсың
бакка сен

Тан ұзакқа
танданымда
жыр түнеткен

Сарыарқаның
сағ ауасын
жұттың ба?

Төгеді Есіл
төнірегіне
өмірлі ән.



7-тапсырма. Төменде берілген жана сөздерді көп нүктенің орнына қажетті тұлғада қойып, сөйлемді толықтырып жазындар.

1. ... Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады.

2. Жаңа астананың халықаралық ... 1998 жылғы 10 маусымда өтті.

3. Астананың айналасында бірегей «жасыл белдеу» жасалып, кала далалық өлкенін ортасындағы ... айналыш келеді.

4. «Forbes Style» журналы нұсқасы бойынша «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық кешені әлемдегі ең үздік он ... қатарына енді.

5. Астанада Бейбітшілік және келісім сарайының алдындағы алаңда негізі салынды.

тұсаукесер

шұрат

екогимарат

сајжол

елорда



▲ Жаңа сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен карандар.



8-тапсырма. www.mekter.kz сайтының ВИДЕО парапашасынан 2-бейнеказбаны қарап, жаңалық мәтінінде көтерілген мәселеге пікір білдіріндер.



9-тапсырма. Шенбердегі 1-тапсырманы орындандар.




1. Эр кезеңдегі Астананың даму келбетіне қатысты акпарат жинандар.

4.2. Термин сөздер



1-тапсырма. Суреттерге қарап ой белісіндер. Ортақ не байқадындар?



2-тапсырма. Үнтаспадан 10-аудиомәтінді тыңдандар.



- A** Тыңдалым мәтіні бойынша тірек сөздерді тауып жазындар. Жазылудына мән беріндер.

Улғі: көк теніз (бөлек жазылады), ...



- Ә** Тірек сөздер негізінде мәтінді естеріне түсіріп, мазмұнын баяндандар.



- Б** Берілген сөздерді *агаш* сөзімен тіркестіріп, мағынасын түсініпрайндер.

Өмір



Зәулім



Әулие



► АФАШ(Ы)



3-тапсырма. Төмөндегі сөздерді қай сабакта жиі қолданасындар?

журнак

неолит

ағза

лирика

глобус

жасуша

эпитет

ғасыр

градус

стиль

ТЕРМИН СӨЗДЕР

Ғылым мен техника, өндіріс және т.б. саладағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер **термин сөздер** деп аталады. Термин сөздердің бір тобы басқа тілден өзгертуімей, сол калпында алынған интернационалдық терминдер болып келеді: *фонетика*, *периметр*, *вирус*.

Тіл білімі	Әдебиет	Музыка	Математика
салаларның терминдері			
сөз табы, зат есім, жалғау, журнак	тeneу, кейіпкер, үйқас, шумақ, сюжет, эпитет	нота, ыргак, күй, ансамбль, тембр	қосынды, көбейткіш, тендеу



4-тапсырма. Термин сөздердің қай салаға катысты екенін көрсетіндер.

№	Термин сөздер	Қазак тілі	Тарих	Музыка	Математика
1	екпін	+			
2	палеолит				
3	белшек				
4	тенсіздік				
5	тасымал				
6	төртбұрыш				
7	тайпа				
8	дуэт				

9	септік				
10	корым				
11	ұзындық				
12	сөз тіркесі				
13	джаз				
14	сөзжасам				
15	әскер				
16	сан есім				
17	азайғыш				
18	опера				
19	сақ				
20	неологизм				



A Термин сөздерді құрамына карай талдандар.

Улғі : төртбұрыш – төрт және бүрүш сөздерінің бірігуінен жасалған курделі сөз.



5-тапсырма. Әртүрлі ғылым саласынан 3 термин сөзден тауып, олармен сейлем құрандар.



6-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Опера – өнер шыны

Опера – адамзат өркениетінің ең жоғары мәдениет жетістігі. Астананың сол жак жағалауында орналаскан «Астана Опера» театры өзінің асқан әсемдігімен таңғалдырады. Жаңа театр әлемдік деңгейдегі саусақпен санарлық опера және концерттік залдармен, яғни Миландағы «Ла Скала», Мадридтегі «Корольдік опера», Мәскеудегі «Үлкен театр» немесе Нью-Йорктегі «Метрополитен опера» сиякты театрлармен иық тірестіре алады. Оның салынуына отандық мамандардан басқа, Швейцария, Италия, Албания, Марокко, Ресей шеберлері де қатысты.

Түсіндірмे сөздік

Партер – театр мен концерт залындағы көрермендер отыратын орталық орын.

Шымылдық – сахнаны ашып-жауып тұратын сәнді перде. Мұнда: театрдың ашылуы.

«Астана Опера» – Азиядағы ең үлкен театр. Театр 9 гектар жерге қанат жайған. Ғимарат 64 мың шаршы метр жерді алғып жатыр. Оның 3 мың шаршы метрі 4 сахнаға тиесілі. «Астана Опера» театры өзінің көлемімен ғана емес, әсем келбетімен де тандай қактырады.

Әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған театрда ұлттық нақыш анық байқалады. Театрдың төбесіне

көйылған квадрига сақ патшайымы Томиристің бейнесінде берілген. Ал көрермен залы ұлттық нақышпен әшекейленген. Театрдың басты залы аттың тағасына ұксас болып келеді.

Бұл залға 1 мың 250 көрермен сыйды. Оның партері 450 көрерменге арналған. Бұдан бөлек ғимаратта 8 қосымша зал, 11 репетициялық бөлме, 250 орынды камералық музика залы, баспасөз залы және басқа да қызметтік бөлмелер бар.

Театр шымылдығын тұнғыш тұру күрметі Мұқан Төлебаевтың 100 жылдығына орай композитордың «Біржан–Сара» спектакліне берілді.

Астана қаласының 15 жылдық мерейтойына сыйлық ретінде ашылған «Астана Опера» театры бүгінде шынайы өнермен сузындағы алатын елордадағы бірден-бір мәдени орынға айналған.

astanaopera.kz





▲ Мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты белгілеп, келісү-
келіспеу себептерінді дәлелдеп жазындар.

№	Сөйлемдер	Иә	Жоқ
1	«Астана Опера» театры – эсем де аскак мәдениет ордасы.		
2	Театрга сак патшайымы Томиристің аты берілген.		
3	«Астана Опера» әлемдегі ең үлкен театрлар катарына кіреді.		
4	Театрдың сахнасы таға пішіндес етіп жасалған.		
5	Театрдың ашытуы Астана каласының 15 жылдық мерейтойы карсанында өтті.		
6	Театрдың шымылдығы Біржан салдың шығармасымен ашылды.		



● Берілген тіркестердің мағыналарын екінші бағаннан табындар. Қажет болса, сөздікті пайдаланындар.

ның тірестіру	саны аз, санаулы
канат жаю	тен дәрежеде, бір деңгейде болу
шымылдығын тұру	тангталдыру
саусакпен санарлық	ашылу
тандай қактыру	даму, өркендеу



● Мәтіндегі термин сөздерді үлгіге сәйкес ажыратып жазындар.

Өнерге қатысты терминдер	Басқа салаға қатысты терминдер
концерттік зал, ...	гаектар, ...



7-тапсырма. Көп нүктенің орнына берілген сөздерді қажетті тұлғада койып жазындар.

гаектар

таға

театр

Азия

сәулет

1. Әлемнің үздік ... қатарына кіретін «Астана Опера» – біздін мактандышмыз. 2. «Астана Опера» – ... ең үлкен театр. 3. Ол

9 ... жерді алыш жатыр. 4. Театр ... алыстан көзге түседі, оны салуға отандық және шетелдік мамандар қатысты. 5. Театрдың басты залы ... пішіндес, оған 1 мың 250 адам сиды.



8-тапсырма. Мәтіндегі орфографиялық кателерді түзептіңдер.

Ерке есілдің жағасында бой түзеген әсем астана – жана ғасыр ғажабынан жараптан жас кала. Ол алыш материктің дәл ортасында орналасқандықтан «Еуразияның кіндігі» аталып кетті. Қазақстанның аскар асулараЊа бет алған керуен десек, астана оның адастырмас темір қазығы іспетті. *астана* сезінің елдің орталығы мағынасында колданылуы да тегін емес. Өйткені астана сезі – ескі заманнан сакталған «орда», «ел-жұрт» дегенді білдіретін ауқымды үғым. бүтінда жас астанаға әлем көз тігіп, қызыға қарауда. Біз қайда жүрсек те өз отанымызбен, астана-мызбан мақтанаміз.

kitaphana.kz



9-тапсырма. Шенбердегі 2-тапсырманы орындаңдар.



21

2. Астанадағы өнер орталарының (театр, мәдениет салрайы, мұражай т.б.) тарихы туралы акпарат жинандар.

4.3. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер



1-тапсырма. Берілген суреттер мен тірек сөздер туралы ой бөлісіндер.



2-тапсырма. www.mekter.kz сайтының ВІДЕО парапашасынан 3-бейнежазбаны көріндер.



A Бейнежазба мазмұны бойынша естерінде калған мәліметтерді қағаз бетіне түсіріп жазындар. Осы акпараттар негізінде диалог құрастырындар.

ДИАЛЕКТ СӨЗДЕР

Белгілі бір аймак шенберінде тұратын жергілікті халық тіліндеғана кездесетін сөздер **диалект сөздер** деп аталады.

Ерекшеліктері	<ul style="list-style-type: none"> – қолданылу аясы шектеулі; – жалпы халыққа түсініксіз, белгілі бір аймактың тұрғындарынағана түсінікті сөздер; – әдеби тілде синонимі болады.
Мысалы	жұмыртқа – <i>тұрғым</i> , кияр – <i>бәдірен</i> , шелек – <i>бақыр</i> , ожау – <i>шөміш</i> .
Ескерту	Қазіргі әдеби тілімізге біраз диалект сөздер еніп, сөздік қорымызды байытты. Мысалы: <i>ушем</i> , <i>төртем</i> , <i>жейде</i> .





3-тапсырма. Диалект сөздерді әдеби тілдегі атауымен сәйкестендіріп, сейлем күрандар.

Диалект сөздер	Әдеби тілдегі атауы
сым	сурет
азанда	үй
бақыр	шалбар
сүтірет	шелек
там	танертең



4-тапсырма. Суреттегі заттардың атауларын жазындар. Қай сез диалект, қай сез әдеби тілге жататынын аныктандар.

Көпшік, киіз үй, секер, кант, пиала, ағаш үй, жастық, кара үй, кесе, шекер, шыны, шақпак, қазак үй.



5-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Астана төріндегі EXPO

Түсіндірме
сөздік

Жаһан – бүкіл әлем, жер-жүзі.

Мұра – 1. Әке-шешесінен балаға қалған дүние-мұлік, мирас.

2. Кейінгі үрпаққа қалдырылған мәдениет нұсқалары.

Павильон – көрме, экспонаттар қоюға арналған кең ғимарат.

Бүкіләлемдік EXPO көрмесі – жаһандық маңызы бар оқиға. Астана халықаралық көрме үшін «Болашак энергиясы» тақырыбын ұсынды. Яғни болашақта күн, жел, су тәрізді баламалы энергия көздерін пайдалану идеясы басшылыққа алынған. Осылайша, әлем жүргішілігінің назарын өзіне аударып келген Астана тағы бір қырынан танылуға мүмкіндік алды.

Бірінші дүниежүзілік көрме Лондондағы Гайд-паркте Альберт ханзаданың бастамасымен өткізілген. Бұл



көрменің басты ғимараты таза шыны мен болаттан тұрғызылған Хрусталь сарайы болды. Осы уақытқа дейін 64 көрме өткізілген. 160 жылдан астам уақыт ішінде халықаралық көрменің өзіндік мұралары пайда болды. Олар: Лондондағы Хрусталь сарайы, Париждегі Эйфель мұнарасы, Венадағы әлемдегі ең үлкен күмбез астындағы Ротонда павильоны және т.б.

EXPO көрмесі адамзат өркениетінің небір ғылыми және технологиялық жаналықтарын жер-жаһанға паш етумен де ерекшеленеді. Мәселен, алғашкы автомобиль, тұнғыш тігін мәшинесі, алғашкы байланыс телефоны – бәрі де осындағы халықаралық көрмеден бастау алған.

Төрткіл дүние түгел елорда төріне жиылып, халықаралық көрме жалауының осында желбіреуі Астананың айшыкты сәuletі мен ажарын арттырыды.

«Нұр Отан» журналынан



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақ дайындаңдар.

кандай?	
кім?	
кашан?	
кайда?	
қалай?	



Ә Мәтіннен термин сөздерді теріп жазындар.



6-тапсырма. Суреттерге мұқият караң, берілген сөздер қатарын жағасыңдар.



НЕ БАЙКАЛЫНДАР?

кармак, ...

балға, ...

айыр, ...

КӘСІБІ СӨЗДЕР

Белгілі бір кәсіп не шаруашылық түріне қатысты колданылатын сөздер **кәсіби сөздер** деп аталады. Кәсіби сөздерге тән ерекшеліктер: 1) жалпы халыққа тусінікті бола бермейді; 2) белгілі бір кәсіп, шаруашылық саласымен айналысадын адамдар арасында колданылады. Мысалы: *Инегік* – ау тоқитын ағаш ине. *Азына* – адам отыру үшін қайыкка көлденең салынған тақтай.

Кәсіби сөздердің түрлері			
Шаруашылыққа қатысты	Колөнерге қатысты		
Балықшаруашылығы	Мақташаруашылығы	Зергерлік өнер	Тігіншілік өнер
<i>табан, ау, морда</i> (аудың түрі), <i>асман, абақ</i>	<i>қоза, шанақ,</i> <i>көсек, терім,</i> <i>шит, қос құлак</i>	<i>атын, шебер,</i> <i>ою-өрнек,</i> <i>білезік</i>	<i>тігу, қабу,</i> <i>көктеу,</i> <i>бұрғы</i>



7-тапсырма. Кәсіби сөздердің мағыналарымен танысып, қай кәсіп түріне қатысты екенін аныктандар.

Кәсіби сөздер	Мағыналары	Кәсіп түрі
біз	аяқтім тігетін құрал	
дел	ау тоқута арналған жіп	
атыз	егістікті суару үшін тартылатын арық	
шаршау тары	тарының ұсак, майдың түрі	

еспелі кайық	ескекпен жүретін кайық	
әңгелек	ерте пісетін, домалактау, кішкене қауын	

**Есте сақта!**

Кәсіби сөздер
Әдеби тілде
синонимі
болмайды.

Үқастығы:
колданылу аясы
шектеулі; жалпы
халықта бірдей
түсінікті бола
бермейді.

Диалект сөздер
Әдеби тілде
баламасы
болады.




8-тапсырма. Берілген мәліметтерді пайдаланып, «EXPO көрмесі Қазақстанға не берді?» тақырыбына эссе жазындар.

Эссе шарттары:

- ✓ ойынды дәлелді жазу;
- ✓ тақырыптан ауытқымау;
- ✓ жүйелі азатжолдың болуы.



9-тапсырма. Шенбердегі 3-тапсырманы орындаңдар.



3. Астана қаласында өткен халықаралық деңгейдегі іс-шаралар (саммит, олимпиада т.б.) туралы акпарат жинандар.

4.4. Қайталау



1-тапсырма. Сөзжұмбактағы жауап сөздерге сұрақ күрастырындар. Түсіндірме сөздікті пайдаланындар.

Улт: 1. «Қакпа» сезінің белгілі бір аймактардаға колданылатын балама атауы.

1	д	а	р	б	а	з	а
2	к	и	я	р			
3	а	й	ы	р			
4	е	л	г	е	з	е	р
5	ж	ә	р	к	е	у	
6		к	ө	с	е	к	
7		т	р	е	н	д	
8			с	ы	м		
9			к	ө	п	ш	і
10	н	е	о	л	о	г	и
					з	м	



2-тапсырма. Берілген сөздердің ішінен кәсіби сөздерді тауып, тиісті бағанға жазындар.

тырма, терек, беткей, біз, кетпен, бәдірен, орак, кауашақ, мая, шатыр, терімші, әнгелек, бұтак, саз, көрік, балға, атыз, балдыр, акыр, торпак
Малшаруа-шылығы
Егіншаруа-шылығы



3-тапсырма. Сөзжұмбакты шешіндер. Сөздікті пайдалануға болады.

1. Ұялы байланыстың пайда болуымен туындаған жана сөз.
2. Сым сезінің әдеби тілдегі баламасы.

2	3	4	5	6	7
1					

3. Қиярдың диалектілік атауы.
4. Қант сезінің жергілікті аймактағы колданысы.
5. Бақыр сезінің әдеби тілдегі баламасы.
6. Жастық сезінің жергілікті аймактағы атауы.
7. Шыны сезінің синонимі.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР



5.1. Көнерген сөздер



1-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін атауын болжандар.



2-тапсырма. Үнтаспадан 11-аудиомәтінді мүкияттыңдаңдар.



A Өлең мазмұнын төмендегі сұраптарға жауап берे отырып баяндаңдар.



Б Берілген сөздердің терминдік мағынасын тауып, қай салаға тән екенін көрсетіңдер.



Б Тындалым мәтіні бойынша жоспар күрып, өлең мазмұнын баяндаңдар.





3-тапсырма. Суреттерден не байқадындар?



КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

Тілдегі қолданыстан шығып қалған сөздер **көнерген сөздер** деп аталады. Мысалы: *бұлыс, отарба, наиза*.

Көнерген сөздер *тарихи сөздер* және *арханизм сөздер* деп жіктеледі.

	Тарихи сөздер	Арханизмдер
Ереже	Кейбір қолданыстан шығып қалған заттардың атаулары да көнеріп, тілде сирек колданылады. Мұндай сөздер тарихи сөздер деп аталады.	Қазір басқа атаумен беріліп жүрген заттар мен құбыльстардың бұрынғы атауы арханизмдер деп аталады.
Мысалы	Ел басқаруға байланысты сөздер: <i>хан, патша, уәзір, ағасұлтан</i> . Қару-жарап және әскери кім атаулары: <i>наиза, жебе, сауыт</i> . Кенес дәүіріндегі сөздер: <i>ауылнай, шонер, колхоз, союхоз</i> .	<i>желек</i> – орамал, <i>отарба</i> – пойыз, <i>тілмаши</i> – аудармашы, <i>тәржіма</i> – аударма
Салыстыру	Қазіргі лексикада синонимдері болмайды.	Қазіргі лексикада синонимдері болады.
	Дәуірі өткен, қазіргі заманда жоқ зат пен құбылыс атауы.	Қазір бар заттардың не ұтымдардың есқі атауы.



4-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, берілген сөздерді тоңтастырыңдар.

Патсайы, асадал, сауын айту, түмен, жебе, бұлыс, кебеже, қызыл әскер, сауыт, айбалта, ханзада, адырна, би, торсық, наиза, дурия, ұрын бару, саптаяқ, жаушы, старшын, батырак, калкан, сұнгі, шәйі.

Тарихи сөздер:

- Ел басқаруга байланысты атаулар: _____
- Қару-жаракка катысты сөздер: _____
- Кенес дәуірі түсінда колданылған әкімшілік сөздер: _____

Арханизмдер:

- Мата атаулары: _____
- Әдет-тұрып атаулары: _____
- Ыңыс-аяқ, тұрмыстық зат атаулары: _____

	2	3	4	5	6
1	т	т	т	к	а
к	о	о	ұ	е	а
е	р	с	с	б	л
л	с	т	к	е	а
і	ы	а	и	ж	ш
	к	қ	і	е	а
			3		



5-тапсырма. Сөзжұмбактың жауаптарына сәйкес сұрак кұрастырындар.



6-тапсырма. Мәтінді оқып, көп нүктенің орнына тиісті көнерген сөзді қойындар.

Сөздер сөйлейді

... – «Оқ өткізбейтін, яғни металл қапталған бас күім» деген мағына беретін көнерген тарихи сөз. ... сөзі ертеректегі өлеңжырлар мен макал-мәтелдерде, бұрынғы дәуірлерді суреттеген шығармаларда кездеседі. Дәл осы мағынада колданылатын дуулға сөзі монгол тілінде де бар. Соған қарағанда, бұл түрік-монгол тілдеріне ортақ сөз болар.

P.Сыздық



7-тапсырма. Пікір алысайық . Сұракка суреттерді байланыстыра жауап беріндер. Берілген сөздерді білу манызды ма? Неге?

кебеже, би,
дулыға, жебе,
сауыт





8-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қанарман қызы – Хиуаз



Хиуаз Қайыркызы Доспанова – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майданда ерлікпен шайқаскан казак қызы. Солтүстік Кавказ, Кубань, Украина, Белоруссия мен Германияны фашистерден азат ету жолында үш жүзден аса әуе шайқасына катысан. Қазақстандағанда емес, кең-байтақ Кенес Одағында да «канатты қызы» деген атпен танымал болған.

Хиуаздың әкесі талабын тұсамай, еркелетіп өсірген. Жасынан бірбеткей қызы әкесінің қызмет бабына карай республиканың барлық өнірінде болып, туған даласының кеңдігі мен байлығын сезініп өскен. Жеміске бай онтүстіктің мәуелі бағы, салқын суы, Алатаудың әсем шыны мен Жайыктың майса шалғыны бал дәурен шактың арманда-рымен бірге көз алдында жайқалған мекендер еді.

Түсіндірме сөздік

Қаршадай – кішкентай, жас, бұныны қатпаған.

Бірбеткей – айтқанынан қайтпайтын.

Мектептегі комсомол үйімінің хатшысы болып жүрген тоғызының сынып оқушысы Хиуазды бір тылсым өнер қызықтырады: ол үшкыш болуды армандайды. Балауса арманы оны Оралдағы аэроклубқа алып келеді. Сөйтіп, орта мектепті «өте жаксы» бағамен бітіргенін айғақтайтын аттест-

таппен бірге, косымша мамандық та алып шығады. Ендігі алға койған мақсаты – әскери үшкыш болу.

Кенеттен соғыс басталғанда Хиуаз Мәскеудегі корғаныс объектілерін салуға катысады. Өзінің үшкыш болғысы келетінін айтып, майданға кетуге бірнеше рет тілек білдіреді. Содан үшкыш қыздар полкін жасақтау барысында қаршадай казак қызы штурмандар тобына қабылданады. Ондағылардың барлығы өзі секілді жастар екен.

Жау тылына жауынгерлік тапсырмамен үшіп, жаудың талай әскери базаларына ойран салған қазак қызы бірнеше рет ауыр жараланады. Хиуаздың ерлігі аныз болып туған елге тарайды.

Казактың тұнғыш үшкінші қызына 2004 жылы КР Президентінің Жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы берілді.

«Қаһарман қыз – Хиуаз» кітабынан



A Мәтін мазмұны бойынша сұраптарға жауап беріңдер.

1. Хиуаздың «канатты қыз» атану себебі неде?
2. Хиуаз өскен өлкені қалай суреттер едіңдер?
3. Хиуаздың батылдығын қандай әрекетінен байқауға болады?



B Мәтін мазмұнына сүйеніп, кестеге сәйкес Хиуазға мінездеме жазыңдар.

Мінездеме	Мәтін бойынша дәлелдеу
1. Хиуаз – батыр	«Халық қаһарманы» үш жүзден аса әуе шайкастарына қатысқан.
2. Хиуаз – бірбеткей	
3. Хиуаз – ерке	
4. Хиуаз – батыл	



B Мәтінді негізге алып, кестені толтырыңдар. Жазылу емлесін түсіндіріңдер.

Біріккен сөздер	
Тіркесті сөздер	
Қос сөз	




9-тапсырма. Көп нүктенің орнына көнерген сөздерді қойып жазыңдар.

1. Өзге елде ... болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.
2. Жаман атқа жал бітсе,
жанына ... байлатпас.
3. Ер жігітке жарасар қолындағы ...,
Би жігітке жарасар еліне тиген пайдасы.



10-тапсырма. Шенбердің 4-тапсырмасын орындаңдар.



4. Қазактың кайсар қыздары, данышпан аналар туралы мәлімет (өмірбаян т.б.) жинаңдар.

5.2. Эвфемизм. Дисфемизм



1-тапсырма. Суреттегі тірек сөздерді пайдаланып, әңгіме кім туралы екенін табуға тырысып көріндер.



2-тапсырма. Унтаспадан 12-аудиомәтінді тыңдандар.



А Мәтіннен естіген нысандардың атауын дәлтерлеріне жазыңдар. Суретті пайдаланып, сұрақтарға жауап беріндер.



Ә Академия, университет, институт т.б. К.Сэтбаев атындағы мекемелердің казіргі уақыттағы қызметі туралы косымша акпарат жинандар.



Б Тыңдалым мәтінінде айтылған термин сөздерді теріп жазып, кай салаға жататынын аныктандар.

Улгі: планета — астрономия, ...



3-тапсырма. Суреттерге назар аударындар. Қандай айырмашылық байқадындар?



ЭВФЕМИЗМ ЖӘНЕ ДИСФЕМИЗМ

Эвфемизм

Зат, күбылыс және оның сапасын дәл атамай, өзгертіп айтудағы байланысты сөздер **эвфемизм** деп аталады. Эвфемизм сыпайы айту мақсатында қалыптасады. Мысалы, «мылжын» деген сөздің орнына *сөзуар* деп, *семіз* деудің орнына *етжеңді* деп айту.

Эвфемизмге қарама-карсы, сыпайы сейлеудің орнына дерекілеп айту үшін колданылатын сөздер **дисфемизм** деп аталады. Мысалы, *етжеңді*, *толықтау* дегенді *былшиған*, ал *ірі денелі* деудің орнына *алпамсадай* деп колдану.

Дисфемизм



4-тапсырма. Эвфемизмдердің мағынасын ашып түсіндіріңдер.

аузы	женіл	колының жымысқысы	бар	косып айтуда	сөзге келуда
жасы	ұлғаю	калтасы	тесік	ұзын құлак	



5-тапсырма. Өлеңнен дисфемизмдерді теріп жазындар. Оларды эвфемизмге айналдырындар.

Тұлшардан тұлпар туады,
Сұнкардан сұнкар туады,
Асылдан асыл туады,
Масылдан мал бакпас туады,
Тілазардан қылжакбас туады,
Таздан жарғақбас туады,
Сараннан бермес туады,

Сокырдан көрмес туады,
Мылжынан езбе туады,
Кыдырмадан кезбе туады.

Майқы би

Дисфемизм

Эвфемизм



6-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Академия президиумының мәжілісін мен өзілдеп «керендер мәжілісі» деп жүрем. Химик-академик сөз сейлесе, Қаныштан басқамыз қалғып-шүлғып дегендей калыпта отырамыз, физик бір қызық жайды баянда, аяңда жатса да, өзгеміз тағы да селт ете қоймайтындеймыз, әдебиет-мәдениет жайынан мен ой-тілектерімді ортаға салсам да, Қаныштан басқасы тағы да марғаулау қалып таныткандаі болады. Президиум мүшелерінің, әр сала мамандарының баяндаған сырына сұнги бойлап, үнги барлап, байыбына барып, маманмен көбіне терезесі тен, кейде асып түсіп, бағыт-бағдар сілтеп отыратын – сол Қаныш қана... Кейбіреулердің өзі ұстаған ілімі төнірегінен аса бермейтініне ішімізден кабак шытып калатынымыз да бар. Ал Қаныш болса, Горький сезімен айтсак, «мұтін бір мекеме» (Мұхан «букіл, бүтін» дегенді осылай «мұтін» дейтін еді). Қазак «сегіз қырлы» дейді ғой, бәлі, бұл сөз дарымайды, кем соғады.

МӘдениет



▲ Мәтіннен берілген сөздердің синонимдерін табындар.

кызық-
паймыз

назар
аудармау

ренжіп
калу



● Мәтіндегі «керен» сөзін жағымды, сыпайы сөздермен (эвфемизм) ауыстырып айтындар.



7-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Тапқырлық

...Пойыз үстінде тербеліп келе жатып, өзінің осыдан бес жыл бұрын Лондонда айткан бір сөзі есіне түсті.

1947 жылы КСРО Жоғарғы Кенесі депутаттарынан құралған Совет делегациясымен бірге Ұлыбританияға барған еді. Бұлар асықтай Англияның қалаларын бірнеше күн аралады. Сондай күндердің бірінде делегация Лондонда Уинстон Черчилльдің қабылдаудында болған. Кездесу барысында Черчилль әлденені білгісі келгендей кайта-кайта Сәтбаевка карай берді. Сол арада қысқаша таныстық басталды. Жен сұраса келгенде, Қаныш Имантаіұлы өзінің казак елінен екенін айтты.

— Солай деніз... — деді үй несі. — Мен казактарды ешқашан көрмеппін. Айтыңызы, Сәтбаев мырза, казактың бәрі осы өзініз секілді мелжемді, бойшаң бола ма? — деді.

Сонда Қаныш Имантаіұлы бөгелместен:

— Мен орта деңгейдегі қазақпын. Менің халқым менен әлдекайда биік! — деп жауап береді. Мұның жауабына касындағы сапарлас серіктері разы болыш:

— Жауабың жаксы шыкты. Черчилльді қатырдың! — десіп жатты.

Өз сөзінің нысанага дәп тигеніне Қаныштың өзі де риза еді. Табан астында намысқа шауып айтылған сөз гой бәрі де. Кейін осы сөзі ел ішіне тез тарап кетті...

К.Жұмаділов



▲ Берілген тіркестердің мәтіндегі мағынасын түсіндіріңдер.

жен сұрасу

нысанага дәп тиу

намысқа
шауып айту



Мәтінге сүйеніп кестені толтырындар.

Аудызекі сөйлеу тілінің элементтері	Көркем әдебиеттің элементтері



8-тапсырма. Төменде берілген ақпараттарды пайдаланып, К.Сәтбаевтың өмірбаянын жазындар.

Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жазылатын ресми құжат. Өмірбаянда *аты-жөні, туған жылы, үлтты, отбасы туралы, білімі, еңбек жолы және т.б.* мәліметтер қамтылады.



Қаныш Сәтбаевтың (1899–1964) өміріне катастыры мәліметтер:

- 12 сәуір, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы;
- геолог-ғалым, профессор, академик;
- шын есімі – Фабдул-Ғани;
- әкесі – Имантай би;
- ауыл молдасынан хат таныған;
- 1909–1911 жж. – Павлодардағы орыс-қазак мектебі;
- 1914–1918 жж. – Семей мұғалімдер семинариясы;


- 1921 жылы – Томск технология институтының тау-кен факультеті;
- 1920–1941 жж. – Баянауылда халық судьясы, геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологі;
- 1941–1952 жж. – Геологияғылымдары институтының директоры, Қазақстан Ғылым академиясының президенті;
- алты баланың әкесі;
- 1964 жылы, 31 кантар.



9-тапсырма. Жоғарыда берілген үлгіні басшылыққа алып, ез өмірбаяндарынды жазындар.



10-тапсырма. Шенбердің 5-тапсырмасын орындандар.



5. Өздеріне үнайтын ғылым саласындағы (жаратылыстану, математика, тарих, әдебиет т.б.) ғалым туралы мәлімет жинандар.

5.3. Табу



1-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, әнгіме кім туралы екенін табындар. Ол туралы білетін акпараттарынмен бөлісіндер.

куй		музыка	}
оркестр		дирижер	
		«Күстар әні»	

KIM?



2-тапсырма. Үнтаспадан 13-аудиомәтінді тындандар.



A Мәтін мазмұнына сәйкес дұрыс жауапты табындар.

Мәтінде қамтылмаған дәстүр		
конак күту	сәлем беру	көніл айтту
Конақтың келгендегі мақсаты		
куй тындау	өнерлі балаларды оқыту	ән жинау
Ахмет Жұбановты еліктірген дүние		
отарбаның жүрісі	домбыраның үні	жас баланың ақыл-дилігі



Ә Мәтіндегі негізгі ойды көрсететін макал-мәтелді табындар.

- | | |
|-------------------------|----------------------------|
| 1. Талаптыға нұр жауар. | 2. Бұлақ көрсөн, көзін аш. |
| 3. Көп түкірсе – көл. | 4. Өнерлі өрге жүзер. |



3-тапсырма. *Касқыр*, *жылан* атауларын үрей тудырmas үшін басқаша қалай атауга болады?

~~касқыр~~



~~жылан~~

ТАБУ

Халықтың наным-сенімі мен салт-дәстүріне байланысты атын атауга тыйым салынған сөздер табу деп аталады.

Табу сөздердің пайда болуына себеп болған жағдай:

1. Әдет-ғұрыш	2. Наным-сенім
Ескі әдет-ғұрыш бойынша казак келіндеріне күйеуінің туыстарының атын атауга тыйым салынған. Сол себепті оларға мінезі, сырт келбеті, әрекетіне қараі атқойған.	Ескі наным бойынша адамға зиян келтіретін табиғаттағы дүлей күш пен жыртқыш аң-күс, жүқпалы індістердің атын атауга тыйым салынған.
Кызға: <i>Шырайтын, Еркем т.б.</i> Ұлға: <i>Шырак, Мырза жігіт, Төре жігіт т.б.</i>	Қасқырдың атын атасақ, малға шабады деп, ит-күс, ұлым, қара құлақ десе, жыланды жылан десек, келіп шағады деп, қамины, ала жіт, ұзын құрт деп атаған.
Казір табу жолымен атау тарихи шығармаларда, аздақ карт кіслердің сезінде кездеседі.	



4-тапсырма. Мәтіннен табу сөздерді табындар, колданылу себебін түсіндіріңдер.

Әбіштің кішкене кызы Рахила жүгіре кірді. Бұған құшағын жайып қарсы алған үлкен әкесінің мойнына ұмтылып, өзі де құшқтай тұрып, хабарын асығып сөйлемеді:

— Ойбай, әке!..

Абайды ендігі Рахила шамалас немерелерінің бәрі «ага», «ата» демей, «әке» деп атайдын болған.

— Эке деймін, көп-көп ұры келді! Сойылдары бар. Олар кіммен төбелеседі?

Абай әлі де сескенген жүзімен Әйгерімге бұрылды.

— Олары кім, сен білдің бе?

Әйгерім онша сескенбеген тәрізді.

— Арапарында Шырак бар! – деді.

Абай оның қай кайнысын «Шырақ» дейтінін есіне түсіре алмады.

— Қай Шырак?

— Мына кіші Касқабұлактағы Әйнекемнің баласы! – деп, Абайды тыныштандыра, жымия қарады.

Коның атын атаған соң ғана Абай Әйгерімнің Әйнекесі Тәкежан екенін, «Шырағы» оның баласы Әзімбайдың аты екенін есіне алды.

«Абай жолы» роман-эпопеясынан



5-тапсырма. Жұмбактарды шешіп, жауабын табу сөздермен айтып көріндер.

1. Кырда кылыш жарқылдайды. (...)
2. Жер астында жездемнің камшысы жатыр. (...)
3. Аузы бейне шалғы орак,
Шөп емес, бірақ мал орады. (...)



6-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Туа біткен дарын

Музыка адамзаттың әмбебап тілі ғой. Ол – біздің жан дүниемізді байтып, әсіресе ұлттық салт-санамызды кемелдендіретін сиқырлы күш. Мен Нұргиса Тілендиевтің шығармаларын тындаған сайын осындағы ойға қалам. Оған бірінен-бірін бөліп қарауга болмайтын, бірін-бірі толыктырып, байыта түсетін үш бірдей өнер қонған. Ол – әуелі композитор, дүниеге қазақтың көзімен қарап, казакша ойлайтын және сол үнде жазатын композитор. Екіншіден, ол – дәүлескер күйші. Оның колдары буынсыз бишідей: домбыра пернелерін қуалап, кос ішегін ілген сайын жүректің нәзік қылдары мың сан сезімге оранады. Өз шығармасына қалай талғаммен караса, өзгенін де күйлеріне сондай сергек карайды. Ешқандай алалау жок. Өнерге адал. Үшіншіден, ол – асқан дирижер.



Д.Конаев

Нұргиса – ғажап талантты жан. Шабысты жүйрік атты сейілтер белдеуде, жабу астында тұрғанда таниды дейді. Ал Нұргисаның талантты екенін, тұла бойы толған ән, әуен, саз екенін білу үшін онымен бір рет дидарласып кездессе де жетіп

Түсіндірмे сөздік

Әмбебап – алуан түрлі, сан салалы.

Дәулеңдер – орындаушылық мүмкіндігі айрықша күшті, асқан шебер музыкант.

Жабу – атқа, түйеге жабатын жамылғы.

жатыр. Әсіресе композитор пиццағын жұлып тастан, ақ кейлектің екі женін топшысынан асырып, білегінің сағасына дейін түріп жіберіп, пианиноға отырған кезде, о, тоба ... көрер көзге өзгеріп, аруактанып, түлеп сала береді. Сол кезде осы бір аюжарқын, жайдарлы, ашық жігіттің қарапайым дыбысқа қалай жан бітіріп жібергеніне таңданасын. Еш нәрсеге көнілі селт етпейтін, осы дүниедегі ең бір енжар, самарқау жүретін кісіні де жағасынан ұстап альп жұлқыш-жұлқыш қалғандай, күдіретті күшті қаптатып жіберетініне сенер-сенбесінді білмейсін.

Ә.Нұрпейісов



A Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырындар.

	Д.Конаевтың пікірі	Ә.Нұрпейісовтің пікірі
Тірек сездер
Негізгі ой
Ортақ ой	...	




Ә Мәтіннен ауызекі сейлеу тіліне және көркем әдебиет тіліне тән ерекшеліктерді табындар.



7-тапсырма. Н.Тілендиев туралы оқылым және тыңдалым мәтіндері негізінде «Дара дарын шесі» такырыбында жоспар құрып, шағын мәтін жазындар.



8-тапсырма. Шенбердің 6-тапсырмасын орындандар.



6. Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығынан бір әннің (бір күйдін) шығу тарихы туралы акпарат жиннандар.

5.4. Қайталау



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Әр елдің салты басқа

Географиялық, қоғамдық-әлеуметтік жағдай, әдет-ғұрып, салт-сананың әртүрлі болып келуіне байланысты әр халықтың мәдениетінде сөз магиясына сену және сол сенімнің негізінде қалыптасқан табу мен эвфемизмдер де сан алуан. Мысалы, аракун тайпасының үндістері бөтен елден келген адамдар қастандық істейді деп коркыш, оларға есімдерін бірден айтпаған. Олардың салтын білмейтін бөтен адам «Атыңыз кім?» деп сұрай қалса, «Менің атым жоқ» деп жауап қайтаратын болған. Дәл осындаи сұракты оджібей тайпасының үндістеріне койса, өзі жауап қайырудын орнына, тайпалас адамдардың бірінен «Мен үшін айта салшы» деп өтініш жасайтын көрінеді.

Баланы тіл-көзден, бәле-жаладан аман сактау үшін қазак халкы «жаман бала», «тентек» деп түрлі лакап ат койып отырған. Қазак салтында келін күйеуінің іні-карындастарына өз тарарапынан ат кояды. Егер күйеуінің туыстарының есімі қайсыбір заттың атауына сәйкес келсе, келін ол затты өз атымен атай алмаған. Бірақ оған лайыктап, басқаларға түсінікті болатындаи жанама атау ойлап табатын болған.

Казактың осы салты сияқты Африканың кафр деп аталатын халкының әйелдері күйеуін, қайын атасы, күйеуінің жасы үлкен туыстарының бірде-бірінің атын дауыстап атай алмаған. Осындаи тыйымдардың салдарынан кафр әйелдеріне тән «әйел тілі» деп аталатын ерекше тіл пайда болған. Үнді әйеліне де күйеуінің атын атауга тыйым салынған. Сондықтан ол күйеуін «таксыр» немесе «үйдегі еркек» деп басқаша атаған. Қазак халкында бұндай үрдіс «ат тергеу» салты деп аталған.

Ә.Ахметов



▲ Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

- Неге аракун тайпасының үндістері есімдерін бөтен адамға бірден айтпаған?

2. Қазақ салтында неліктен балаларға лақап ат койылған?
3. Африкадағы кафр халқында «әйел тілі» не себепті пайда болған?
4. Үнді әйелдері неліктен күйеулерін «таксыр» немесе «үйдегі еркек» деп атаған?



Ә Мәтінге сүйеніп, табу сөздердің туындау себептерін жазындар.



2-тапсырма. Өз ойларынды сызбага сәйкес үш сөйлеммен жеткізіндер.

Балага лақап ат беру оны бәле-жалаған, тіл-көзден сактайды дегенге сенесің бе?

2-сөйлем

1-сөйлем

ПІКІР. Берілген сұрапқа өз ойынды айт. «Менің ойымша, ...»

ДӘЛЕЛ. Ойынды мысалмен дәлелде. «Себебі ...»

3-сөйлем

КОРЫТЫНДЫ. Айткан пікірінді түйінде. «Сонымен ...»



3-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Досбол бидің айтқаны

Бірі соқыр Байжан, бірі таз Байсын дейтін екі болыс бір куні картайып отырған Досбол биге барышты. Амандастып, түстеніп отырып:

— Да, карт! Заманыңызда аузынызben күс тістеген жүйрік едініз. Енді карттық женді. Бұрынғыдай самғап үшар күніңіз жок. Көрі койдың жасындаң жасыңыз калды. Төрінізден көріңіз жакын. Бұл дүниеден «не көрдім» деп барасыз? — депті.

Досбол ақылымен емес, малдын арқасында атка мінген әрі паракор Байсын мен Байжанды ұнатпайды екен. Оның үстіне, өктемсіп, орынсыз сөйлеп, «төрінізден көріңіз жакын» деген сөзі көніліне ауыр тиіпті.


— Е, шырактарым Байсын мен Байжан! Мен не деп барар дейсің? Баяғы аруақты ерлерге қонатын бақыт күсы енді бір кара шыбынға айналды. Үшіп таздың басына, соқырдың көзіне қонатын болды деп барам дағы, — депті Досбол.

Екі болыс үндей алмай, үйден шыға жөнеліпті.

«Шешендік сөздер» кітабынан




A Мәтіндегі эвфемизмдерді дисфемизмге, дисфемизмдерді эвфемизмге айналдырындар.



4-тапсырма. II тоқсанда өткен «Ізденімдік» тапсырмалар бойынша жинақталған акпараттар негізінде жоба жұмысын дайындалады, көпшілік алдында корғандар.

II тоқсанға ұсынылатын жоба тақырыптары




Тілдік бағдар

Жоба мәтінінде көнерген және жана сөздерді, термин, диалект, кәсіби сөздерді пайдаланындар.


1-жоба тақырыбы: АСТАНА – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Шенбердің 1–3-тапсырмаларында жинаған материалдарды пайдаланып, Астананың 10 немесе 20, 30 жылдан кейінгі келбеті, дамуы туралы акпараттық-шығармашылық жұмыс дайындандар. Диаграммаларды пайдаланындар.

1-диаграмма



2-диаграмма



2-жоба тәқырыбы: ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

Шенбердің 4–6-тапсырмаларында жинаған материалдарды пайдаланып, батыр, ғалым, әнші және т.б. байланыстырып газет дайындаңдар.

Қойылатын талаптар:

- газеттің күрүлімі;
- газет бетінің безендірілуі;
- газеттегі макала тәқырыптары;
- мақалалардың мазмұны;
- акпараттардың жүйелі орналастырылуы.

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗЕН-ҚӨЛДЕР

6-бөлім



6.1. Есімдік. Жіктеу есімдігі



1-тапсырма. Берілген анықтамалар арқылы тірек сөзді табындар. Карамен жазылған сөздердің көлданысына назар аударындар.



2-тапсырма. Үнтаспадан 14-аудиомәтінді тындандар.




A Диалог мазмұнына сәйкес дұрыс жауапты табындар.

Диалог не туралы?		
судын қасиеті	майя күнтізбесі	жазаның тәсілдері
Тәжірибелің мақсаты не?		
сусыз тіршіліктің жок екенін дәлелдеу	судың аппаратты қабылдай алу қасиетін байқау	көптің тілегін білу
Қай мәтел «су гранитті де үтіп жібереді» деген оймен сабактас?		
Аякты акыргы тамшы толтырады.	Тама берсе, тамшы да дария болар.	Тамшы тама-тама тас жарады.



Ә Тындалым мәтінін негізге ала отырып, судың касиетін сызбаға түсіріндер.



Б Күнделікті өмірде суды қайда қолданамыз? Ой бөлісіндер.

ЕСІМДІК

Есімдік – есім сездердің (зат есім, сын есім, сан есімнін) орнына жүретін сөз табы. Есімдіктерді *орынбасар сездер* деп те атайды.

Есімдік заттың атауын, белгісі мен санын білдірмейді, оларды нұскап, мензеп көрсетеді. Мысалы, *Барар жерін Балқан тау*, *ол да біздің барған тау* деген мәтеде *ол* есімдігі *Балқан тау* сезінін орнына қолданылған.

Есімдіктің мағыналық түрлері						
Жіктеу есімдігі	Сілтеу есімдігі	Сұрау есімдігі	Өздік есімдігі	Жалпылау есімдігі	Болымсыздық есімдігі	Белгісіздік есімдігі
мен, сен, біз, олар	бұл, осы, аны, ол	кім, не, қандай	өз (өзі, өзім т.б.)	бәрі, барша, күлі, тегіс	ешкім, ешқайда, ешқашан, ешбір	біреу, әркім, бірнеше, кейбір



З-тапсырма. Жұмбактардың шешуін тауып, ондағы есімдіктердің мағыналық тобын көрсетіндер.

1. Еш тесікте тұрмайды,
Ол жокта жер күргайды. (...)
2. Өзі көк, көленкесі жок. (...)

3. Аяғы жок жоргалайды, журеді,
Аузы да жок сынғырлайды, күледі.
Онсыз бірақ жер бетінде тірлік жок,
Айтындаршы, осыны кім біледі? (...)

ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІ

Жіктеу есімдігі – белгілі бір жақтық ұғыммен байланысты колданылатын есімдіктің түрі.

Жекеше

Көпше

I. Мен	сөйлеуші кім?/кімдер?	I. Біз
II. Сен (сіз)	тындаушы кім?/кімдер?	II. Сендер (сіздер)
III. Ол	бөгде жак кім? не? / кімдер? нелер?	III. Олар

Жіктеу есімдіктерінің септелеуі

Септіктер	МЕН	СЕН	СІЗ	ОЛ
Атау септік	мен	сен	сіз	ол
Ілік септік	ме-нің	се-нің	сіз-дің	о-ның
Барыс септік	ма-ған	са-ған	сіз-ге	о-ған
Табыс септік	ме-ни	се-ні	сіз-ди	о-ны
Жатыс септік	мен-де	сен-де	сіз-де	о-нда
Шығыс септік	ме-нен	се-нен	сіз-ден	о-дан
Көмектес септік	мені-мен	сені-мен	сіз-бен	оны-мен



4-тапсырма. Жұмбактарды шешіндер. Есімдіктердің кай септікте тұрғанын аныктандар.

- | | | | |
|--|-------|--|-------|
| 1. Ол келсе, орман шулайды,
Толқып теніз тулады.
Куса, өзін қуады,
Ешкім оны қумайды. | (...) | 2. Біз, біз, біз едік,
Отыз арба қыз едік.
Түнде жанған шоқ болдык,
Таң атканда жок болдык. | (...) |
|--|-------|--|-------|

3. Өзін көзін көрмейді,
Барлық тілде сөйлейді.
Сен мен десен, мен дейді,
Сен кел десен, келмейді. (...)



5-тапсырма. Мәтінді мұқият оқындар.

Судың сырын білеміз бе?



Болатын. Былайша айтқанда, су магнитафон лентасы секілді «естіген», «көрген» акпаратын жазып отырады.

Судың бұл касиетін жапон ғалымы Эмото Масару да дәлелдеген. Оның жасаған тәжірибесі мынадай: Эмото Масару үш ыдыска бірдей су құйыш, түбіне бірдей күріш салады. Сосын үш ыдыска бір ай бойы үш түрлі сез айтады. Біріне – «ракмет», екіншісіне – «мен сені жек көремін» дейді, ал үшіншісіне мұлдем көніл белмейді. Бір ай өткен соң, әлгі ыдыстардан мынадай өзгерістерді байқаған: «ракмет» деген ыдыстың күріші көктеп, өскін шыға бастаған. «Мен сені жек көремін» деген ыдыстың күріші көгере бастаса, мұлдем көніл белмей, караусыз қалдырыған ыдыстың күріші қарайыш, шіруге айналған. Ал суси бастаған. Бұл тәжірибеден байқайтынымыз: ыдыс бір, су бір, күріш бір, тек оларға айтылған сез әртүрлі. Демек, сөздін суга қандай да бір әсері болады деген ой туады.

Дүниежүзілік денсаулық сактау үйімі 2004 жылғы мәлімет бойынша әлемдегі ең таза су ретінде зәмзәм сүйн көрсетеді. АҚШ-та жасалған тест нәтижесінде бұл су құрамында микроорганизмдер мен бактериялар кездеспейтін жер бетінде бірден-бір таза су болып шыккан. Зәмзәм сүйнін басқа суларға қарағанда құрамында күкірті аз, құнарлы, минералы көп. Тойыну үшін ішкен адамның карны тояды, шөлдеген адам ішсе, шөлі қанады.

Қала сүйнан айырмашылығы – күрамында кальций мен магний тұзы мөлшерінің көптігі.

baq.kz



- A** Тәменде берілген тірек сөздерге сүйеніп, мәтіндегі негізгі ақпараттарды ретімен баяндаңдар.

фильм	жапон ғалымы	магнитофон
куріш	1 ай	Дүниежүзілік денсаулық сактау үйімі



- B** Көп нүктенің орына мағынасы жағынан сәйкес келетін есімдіктерді көйп, сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.

Кажетті сөздер: ешкандай, барлық, өзінен-өзі, бірнеше.

1. Бірінші ыдыстағы куріш ... көктей бастаған.
2. Тәжірибе барысында үшінші ыдыстағы суга ... көніл бөлінбеді.
3. Зәмзәм сұы жер бетіндегі ... судан таза.
4. Үш ыдысқа бір ай бойы ... сөз айтады.



- C** Мәтіннен жіктеу есімдіктерін теріп жазып, күрамына қарай талдандар.

Улғі: оның – жіктеу есімдігі, ілік септік тұлғасында.



6-тапсырма. Оқылым, тындалым мәтіндерінің мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап беріп, сансөзді шешіндер. Дұрыс шешсендер. Т.Есімжановтың су туралы өлеңінен үзінді оқи аласындар.

- | | | |
|---------------------------|---------------------------|--------------------------------|
| 1.2. 3.4.5.6.7.8.10.5. | 11.7.5.13.7.14.7.15.11.7Н | 11.17.18.19.5.19.20. |
| 1.2. 3.О.29. Б.О.14.1.17. | 11.7.5.13.7.14.7.15 | 11.17.18.17.18 |
| | | Б.17.2.19.5.19.18. |
| 1.2.9.19.Н | Б.7.8.9.10.5. | 18.17.Н.19.8.19.20. |
| 15.24.25. | Б.О.14.Ф.17.20. | 1.О.Н. 28.18.19.11.17.18.19.8. |
| | | 29.17.9.7.5.7.20. |

Суга ерекше әсер ететін нәрсе, бұл	1. 24. 8
–	

Жалғасы

Су – ... көзі.	11.7.5.13.7.14.7.15
Жапон ғалымы судың қасиетін анықтау үшін тәжірибе	3.4.5.6.7.8.9.7
Жазалауда колданылған судың күйі –	1.28.30.19.29
Зәмзәм сұнының құрамында күкірт ... , минерал	17.8, 15.24.25
... кестесіндегі ең қасиетті элемент бұл –	18.10.20.9.10.14.10.10.26, 1.2



7-тапсырма. Карамен берілген сөздерді есімдіктермен аудыстырып жазындар.

1. Су жансыз Жер ғаламшарына жан бітірген.
2. Жер бетінің **жетпіс** пайызын су алып жатыр.
3. **Менделеев** кестесіндегі ең қасиетті элемент су болып табылады.
4. Жанбыр жаууын тілеп, **халық** «тасаттық» жасайды.



8-тапсырма. Көп нүктенің орнына берілген есімдіктерді койып, көшіріп жазындар.

Тау бұлағы да ағады,	әрқайсысы
Ой бұлағы да ағады,	олар
Әрқайсысы өзінше тепкілейді жағаны.	өзінін
Бірі жылжып барады,	бәрісі
Бірі мөнкіп барады,	мұнысы
... де, не шара, аға алмайды жоғары.	
Бәрісі де, ұмтыла, тек ылдиды іздейді,	
... өзінше,	
Қатарларын түзейді.	
Бұлактардың көбісі дарияға құймайды!	
Дарияны қайтеді?	
... да жөн шығар.	
Мүмкін ... даласын шөл етуге кимайды,	
Бар қуатын ... топырағына сыйлайды.	


M.Макатаев



А Оленнен ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді табындар.



9-тапсырма. Ребусты шешіп, Жүсіп Баласағұнның айтқан сөзін табындар.



+ п



+ сан



”

+ ші



, к +



+ п



+ сан

с +



, а +

к +



А Ребустың шешімі болған қанатты сөзге байланысты өз ойларынды білдіріңдер. Қанатты сөздегі оймен келісесің бе, келіспейсің бе, өз пікірлерінді дәлелдеп эссе жазындар.



10-тапсырма. Жүзіктің 1-тапсырмасын орындаңдар.



1. Зәмзәм сүсі және басқа да жалпы су туралы кызықты акпарат жинандар.

6.2. Белгісіздік есімдігі. Болымсыздық есімдігі. Сұрау есімдігі



1-тапсырма. Берілген сұрақтар төнірегінде пікір алысайык.


1. Отандық туризмді дамытудың қандай жолдарын білеңдер?
2. Қазақстанда туризмді дамытуға қандай көлдерді пайдалануға болады?
3. «Суы шипалы» дегенді қалай түсінесіндер?



2-тапсырма. Үнтаспадан 15-аудиомәтінді тындаңдар.



A Мәтін мазмұны бойынша сөзжұмбакты дұрыс шешсендер, *сағат* сөзінің баламасын табасындар.



1. Алакөл мен Балқаш косылып ... болған.
2. Реликт Алакөлде және ... елінде сакталышты.
3. Алакөлдің шығысында ... жотасы көрініп тұрады.
4. ... деген сөз латын тілінен аударғанда «қалдық» дегенді білдіреді.
5. Алакөл суының құрамында ... бен йод, минералды заттар ете көп.
6. Көлдің беті кара көк, ... көк, көгілдір, лайсан сары болып, түрлі түске енеді.

БЕЛГІСІЗДІК ЖӘНЕ БОЛЫМСЫЗДЫҚ ЕСІМДІКТЕРІ

Затты, сындық белгі мен сан-мөлшерді накты атамай, түспалдан көрсететін есімдіктің түрі **белгісіздік есімдігі** деп аталады. Белгісіздік есімдіктері *көптік, тәуелдік, септік жалғауларын* кабылдайды.

Әлде, әр, кей, қай, бір сөздері есімдікпен тіркескенде бірге, зат есіммен тіркескенде бөлек жазылады: *әркім, әр оқушы*.

1. *Біреу, кейбіреу, алдекім, кімде-кім, әркім, қайсыбіреу, алдене* сиякты белгісіздік есімдіктер зат есімнің орнына жұмсалады: *Өнерге әркімнің-ақ бар таласы*.

2. *Қайсыбір, кейбір, әр, әrbіr, қайбір, алдебір, алдеқандай* белгісіздік есімдіктері сын есімнің орнына жұмсалады: *Кейбір оқушылар түстен кейін үйрмелерге қалады*.

3. *Әрқашан, әрқалай, алдеқашан, алдеқалай, алдеқайда* белгісіздік есімдіктері үстеу мәнінде мезгілдік, мекендік, кимыл-сын мағынасын білдіреді.

Болымсыздық мағынаны білдіретін есімдік түрі **болымсыздық есімдігі** деп аталады. Мысалы: *ешкім, ешқашан*.

Болымсыздық есімдігі *еш* сөзімен *бір, кім, қайда, қашан, қандай, қайдан, қайсысы* есімдіктерінің бірігуі арқылы жасалады: *ешқайсысы*. *Еш* сөзі зат есімдермен тіркессе, бөлек жазылады: *еш уақытта, еш жерде*.



3-тапсырма. Тиісті есімдіктерді койып, сейлемдерді кайта көшіріп жазыңдар.

1. Біздің казақ – *әrbіr/ешбір* жер атын, тау атын сол заманда ортанның сыр-сипатына қарай коя білген жүрт. Қайда, қандай *әр/bіr* өлкеге барсан да, жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қашама мән-мағына, шешілмеген күпия сыр жатады (*М.Әуезов*).

2. *Ешбір/Әrbіr* ағашты, *әrbіr/алдебір* бұтакты, жалғыз дәнді де ыңдағаттылықпен сактау, камкор болу – басты міндеттін бірі (*Ы.Жақаев*).

3. *Кейбіреудің/Әркімнің* өз жері — Мысыр шаһары (*Мәтег*).

СҮРАУ ЕСІМДІГІ

Сұрау есімдіктері – жауап алу үшін сұрау мағынасында жұмсалатын есімдік түрі. Мысалы: *кім? не? қашан? қайда? қалай? қайдан?* және т.б.

Зат есім мен зат есім мәнді (заттық мағынадағы) сөздерге койылатын сұрақтар көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғау-ларымен түрлене береді. Мысалы: *кімдер? нелер? кімі? несі? кімге? неге? кімсіз?*



4-тапсырма. Өлеңді мұқият оқындар.

Жетісу

Айтайын бір санамак,
Ұғынып ал саралап.
Жетісуды жеті өзен
Ағып жатыр аралап:

Арнасы да кенейген,
Суы дағы көбейген
Алғашқы өзен – Аягөз
Басталады Семейден.

Одан кейін – Тентегі,
Тулап аккан ерке еді.
Жете алмаған Балқашка
Қатты акканмен, келте еді.

Үшінші өзен – Лепсісі,
Тауды бұзған көп күші.
Үмтыйлады алқапқа,
Келіп тездеп жеткісі.

Төртінші – Ақсу өзені,
Кен даланы кезеді.
Шаруаға колайлы,
Малға толы өзегі.

Бесіншісі – Карагатал,
Суын дикан жаратар.
Ақ күрішті алқаптын
Бойына нәр таратар.

Алтыншы өзен – Ілесі,
Тым байсалды мінезі.
Балқашка кеп құятын
Үлкен өзен бұл өзі.

Жетінші өзен – Шуы бар,
Асып-тасқан суы бар.
Жапан тұзді жайқалтып,
Құмға өсірген нұы бар.

Бөлеп сымбат-сәніне,
Бөлеп ырғак-әніне.
Алатаудан басталған
Жеті өзеннің бәрі де.

Жер жаннаты, көркемі,
Өсе түскен өркені.
Жетісу деп атаған
Жеті өзенді өлкені.

A.Асылбеков



▲ Улғіге қарап, кестені толтырындар.

Өзендер	Сипаттамасы
Тентек өзені	кыска, өте ерке
Лепсі өзені	
Ақсу өзені	

Қаратал өзені	
Іле өзені	
Шу өзені	
Аягөз өзені	



Ә Сұрау есімдіктерін пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сұрап дайындаңдар.

Қай, неше, неге, кайда, калай, қандай, нешінші.



Б Берілген сөздердің синонимін тауып жазындар.

Келте, жарату, көркем, кезу.



5-тапсырма. Берілген мәтінді пайдаланып, сызба құрастырындар.

Қазакстандағы үлкен су корларына Арал теңізі, Балқаш, Зайсан, Алакөл жатады. Каспий теңізі мұхит деңгейінен 27 метр төмен орналаскан балық коры мол көл болып табылады.

Арал теңізі де көл. Кейінгі кезде оның аумағы тым кішірейіп барады. Жер шарындағы ең үлкен көл – Каспий теңізінің солтүстігінің көп бөлігі, онтүстік жағалауының жартысы Қазакстанда орналасқан. Бұл көлдердің көбісінен өзен ағып шықпайды, сондыктan тұзды, кермек немесе Балқаш тәрізді жартылай тұшы болып келеді. Ал Зайсан мен Марқакөл көлдеріндегі су мөп-мелдір.

«Казақстан еліне сиқырлы саяхат» кітабынан



6-тапсырма. Жүзіктің 2-тапсырасын орындаңдар.



2. Саяхатшыларды қызықтыратын Казакстан көлдері туралы акпарат жинандар.





6.3. Жалпылау есімдігі. Өздік есімдігі. Сілтеу есімдігі



1-тапсырма. Суреттерге караң, тындалым мәтінінің тақырыбын болжап көріндер.



2-тапсырма. Үнтаспадан 16-аудиомәтінді тындандар.



▲ Мәтін мазмұнына ең жакын келетін жауапты тауып, ойларынды дәлелдейдер.

Теніздің тартылу себебінің бірі		
балыктың шамадан тыс көп аулануы	ауаның ластанып бұзылтуы	өзендердің баска арнаға бұрылтуы
Македонский заманында Жойқын атанған өзен		
Сырдария	Әмудария	Қаракұм
Мәтіндегі негізгі ой		
теніздің бүтінгі күйінен хабар беру	теніздің бұрынғы калыптар сипаттау	теніздің өткені мен бүтінін салыстыру




3-тапсырма. Пікірге катысты ойларынды берілген сұзбага (балық канқасы) сәйкес баяндандар.

...Бұл өңір жиырма жылдан кейін осылай болып жатыр. Ал ертең ше? Ертең тағы да жиырма, елу жыл өткен соң, теңіз әбден тартылар-ау...



КОРЫТЫНДЫ

ПРОБЛЕМА
(Аралдын тағдыры)

4-тапсырма. Өлөнді оқып, қарамен жазылған сөздерге мән беріңдер.
Не байқадындар?

Мына өлке, **мына** аймақ, **бұл** манда
Күлшылық етемін тұрганға,
Күлшылық етемін құмдарға,
Тағым жасаймын қырларға!
Шүкірлік етемін қашан да
Осы бір Отанда тұрганға!

М.Макатаев

СІЛТЕУ ЕСІМДІГІ

Сілтеу есімдіктері зат пен құбылысты нұскау, мензеу, сілтеу, нактылай көрсету мағыналарын білдіреді. Мысалы: **бұл**, **ол**, **сол**, **осы**, **анау**, **мынау**, **сонау**; **әне**, **міне**. Сұрағы: **қай**? **қайсы**?

№	Ерекшелігі	Мысалы
1	Түбір және туынды тұлғада да кездеседі.	<i>осы – осындаі</i>
2	Сілтеу есімдіктері зат есім орнына жүмсалғанда көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдайды.	<i>осы – осылар; ана – аналар;</i> <i>мынау – мынауың; осы – осының</i> .
3	Есте сакта! <i>Анау</i> , <i>мынау</i> , <i>осынау</i> , <i>сонау</i> есімдіктері септелмейді. <i>Бұл</i> , <i>сол</i> , <i>ол</i> сілтеу есімдіктері (<i>мен</i> , <i>сен</i> , <i>ол</i> жіктеу есімдіктері сиякты) септеледі.	<i>Атау септік – бұл</i> <i>Ілік септік – бұның</i> <i>Барыс септік – бұған</i> <i>Табыс септік – бұны</i> <i>Жатыс септік – бұда</i> <i>Шығыс септік – бұдан</i> <i>Кемектес септік – бұнымен</i>



5-тапсырма. Кестеде берілген есімдіктерді түрлендіріп жазындар.

Жалғаулармен түрленуі	Есімдік		
	сол	ол	осы
Көптік жалғауы
Септік жалғауы			
Атау септік			
Ілік септік			
Барыс септік			
Табыс септік			
Жатыс септік			
Шығыс септік			
Көмектес септік			



6-тапсырма. Өлең мен суреттің мазмұнын байланыстырындар.



Өсініз, жетілініз, тасқынданыз,
Бірак та биікпін деп аскынбаңыз.
Сен мықты, анау осал, мен орташа,
БӘРІМІЗ бір аспанның астындамыз...

M. Мақатаев

ӨЗІМ

Сөзім – жыр, лебізім – күй, ерке едім,
Өз жерім, өз елімде еркеледім.
Өмірдің алтын сарай аспанына
Кияльым какты канат ерте менін.

K. Аманжолов

ЖАЛПЫЛАУ ЕСІМДІГІ

ӨЗДІК ЕСІМДІГІ

Мағыналық жағынан зат пен күбылдысты жинақтап, жалпылай атайдын есімдік **жалпылау есімдігі** деп аталады. Мысалы: *Ақырганның бәрі арыстан емес.* Жалпылау есімдіктері: *барша, бәрі, барлық, күллі, тегіс, түгел.*

Өздік есімдігіне әр түрлідегі бір ғана өз сөзі жатады. Түбір түрлідегі зат есімді анықтап тұрады. Мысалы: *Өз үйім – өлең төсегім.* Өз есімдігі қосарланып та жұмсала береді. Мысалы: *өз-өзінен, өзімен-өзі.*

Есте сакта! Әдетте, жалпылау есімдігі мен өздік есімдігі тәуелденіп барып септеледі.

Септелу үлгісі (жалпылау және өздік есімдіктері)

Атау	<i>бәрі</i>	<i>өзім</i>
Ілік	<i>бәрі-нің</i>	<i>өзім-нің</i>
Барыс	<i>бәрі-не</i>	<i>өзім-е</i>
Табыс	<i>бәрі-н</i>	<i>өзім-ди</i>
Жатыс	<i>бәрі-нде</i>	<i>өзім-де</i>
Шығыс	<i>бәрі-нен</i>	<i>өзім-нен</i>
Көмектес	<i>бәрі-мен</i>	<i>өзім-мен</i>



7-тапсырма. Желкендерге жазылған есімдіктерді құрамына қарай талдаңдар.


Үлгі: *бәрінен* – жалпылау есімдігі, түбірі – *бәрі*, *-нен* – шығыс септігінің жалғауы .





8-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Теніздегі арпалыс



Шынып көрмеген түйеші жігіт түс жок, өң жок, қалш-қалш ұстап, жабысып алды. Андрей қайықта басын бұра алмай, жанталасып жүргенде, бұлар жағадан ұзап та кетіп еді. Теніз үстінің дауылы тіпті әлемет. Толқындар ірілене бастады. Қаптай сокқан кара дауыл Аралдың әүпірім айкай желіне ұласты да, теніз үсті түтігіп, уылдаш-шылдаш, үйдей-үйдей толқындар су бетіне ереуілдеп ойнап шығады. Жалмұраттың басы айналды. Қайда қараса да, кара жер көрінбеді. Табан асты тұпсіз құрдым. Қайнаған теніз көз алдында дөнгеленіп үйріліп бара жатқасын, бұл көзін жұмып алды. «Нә, Кудай... Өзің... Өзің сакта! Сактай көр!» Үйдей толқындар енді ес жиғызбады. Үстінен баса қалатындар, бірінен кейін бірі гүрілдеп келіп, онсыз да бір батып, бір шынып малтынып келе жатқан қайықты сүзеген буқадай қағып кетеді. Қайық төңкеріле жаздалап, екі қапталымен су сабалай бастады.

Түсіндірме сөздік

Қаудырлау – қаудыр-қаудыр ету.

Кенер – бір нәрсенің шеті, жиегі.

Құлдилау – еңіске қарай жылжу.

Әлемет – жерг. таңғаларлық ғаламат. Мұнда: **күшті** деген мағынада

...Жағада тұрған қайықты екеулеп суга түсірді. Андрей қайықта карғып мінгенде, мына жақтан түйеші жігіт те тері тоны қаудырлап қайыққа кеудесімен асылды. Табаны суга тиер-тиместен кара дауыл күган қайық қаңбақтай ұшып ала жөнелді. Өмірі тенізге сәл қозгалса суга кететіндей, етіп қайықтың кенерінен тас кып ұстап, жабысып алды. Андрей қайықтың басын бұра алмай, жанталасып жүргенде, бұлар жағадан ұзап та кетіп еді. Толқындар ірілене бастады. Қаптай сокқан кара дауыл Аралдың әүпірім айкай желіне ұласты да, теніз үсті түтігіп, уылдаш-шылдаш, үйдей-үйдей толқындар су бетіне ереуілдеп ойнап шығады. Жалмұраттың басы айналды. Қайда қараса да, кара жер көрінбеді. Табан асты тұпсіз құрдым. Қайнаған теніз көз алдында дөнгеленіп үйріліп бара жатқасын, бұл көзін жұмып алды. «Нә, Кудай... Өзің... Өзің сакта! Сактай көр!» Үйдей толқындар енді ес жиғызбады. Үстінен баса қалатындар, бірінен кейін бірі гүрілдеп келіп, онсыз да бір батып, бір шынып малтынып келе жатқан қайықты сүзеген буқадай қағып кетеді. Қайық төңкеріле жаздалап, екі қапталымен су сабалай бастады.

Андрей мұзға ықкан кісілерді құтқара алмасын білді, қайықты жағаға бұрып еді, әлгінде ыкка қарай құлдилап шапқан қайық желге карсы аяғын баспай, төсімен толқындарды сабалап, бір орында тұрып алды. Андрей алқынғанына қарамай, кос ескекке күш салып есе берген-ді.

Бір ескектің қалак басы опырылып, қайық ыкқа қарай қисайып ала жөнелді.

«Енді бітті. Құрылъю».

Андрей сынар ескекті лактырып жіберді де, қайықтың бел ағашына сылқ етіп отыра кетті. Күн батты ма, жок па, белгісіз.

Бір кезде қайықтың тұмсығы үлкен мұзға тірелді. Колы, аяғы қалышылдаپ әкетіп бара жатқан Андрей ес жиям дегенше, қейінгі жактан қатты жел күған тағы бір мұз аудандап келіп қалған-ды. Бірак оны Андрей байқаған жок...

«Кан мен тер» трилогиясынан



A Мәтін мазмұнын ретімен кестеге орналастырындар.

Коркыныш	
Теніздегі арпалыс	
Қайықтағы екеу	1
Қатты дауыл мен мұз	



Ә Мәтіннен ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдебиет тіліне тән ерекшеліктерді тауып жазындар.



Б Мәтіннен есімдіктерді теріп жазындар.

Улсіз:

Есімдік	Мағыналық тобы	Сұрағы	Құрамы
мына	сілтеу есімдігі	қай?	түбір сөз



9-тапсырма. Өленді түсініп оқындар.

Ертең


Тұрам ерте,
Шығам ерте үйімнен...
Не бітіре қоям мен
Мына қарқын түріммен?
Анау-мынау... Белгілі ғой бәрі де,
Қалатұғын не бар дейсің бүгіннен?
Күндейгі осы...

Күндегі осы тіршілік
Жен сыбанып, кірісемін құлышынып.
Анау-мынау... бітіп еді әлгінде,
Тағы да бір «анау-мынау» түр шығып.

С.Жиенбаев



A Берілген сөздердің өлеңде қандай мағынада колданылғанын табындар.



10-тапсырма. Есімдіктерді пайдаланып, өлең мазмұнын қарасөзben жазындар.

Тенізге мынау карашы,
Жетпейді көздің шарасы.
Кеткендей боп түр астасып,
Аспан мен жердің арасы.

Мұнда жок кінә-кек деген,
Мұнда жок шет пен шек деген.
Сан бакыт мұнда бүршіктеп,
Сан мұрат мұнда көктеген.

Оған жат кайғы-касірет,
Айтары – ерлік өснет.
Теніздің теңіз екенін
Тану да үлкен каснет .

T. Айбергенов



11-тапсырма. Тындалым және оқылым мәтіндерін, түрлі акпарат көздерін пайдаланып, «Арал теңізі» тақырыбында ойларынды жинактап эссе жазындар.



12-тапсырма. Жүзіктің 3-тапсырмасын орындаңдар.



3. Көрсетілген проблемалардың біріне (Арал теңізі, ауылсу мәселесі, ғаламдық жылыну) акпарат жинандар.

6.4. Қайталау



1-тапсырма. Сызба бойынша есімдіктердің мағыналық түрлерін естеріңе түсіріп, сипаттаңдар.



2-тапсырма. Есімдіктің мағыналық түрлеріне берілген анықтаманы еске түсіріп, жұмбактарды шешіндер.

1. Сөйлемнің түрін күрайды,
Өзгеден бәрін сұрайды. (...)
2. Жақтасына жіктеле кояды,
Жақсызына жоламай кояды. (...)
3. Ешкімді бөліп-жармайды,
Барлығын бірге кармайды. (...)
4. Басқалардан белегі,
Өзін жақсы көреді. (...)
5. Ел білмейтін жайттардың
Атын атап айтпайды. (...)
6. Назарын көптің бұрады,
Нұқсаң көрсетіп тұрады. (...)
7. Құрамындағы сөздерді
Көршісінен алыпты.
Алдына буын қосып ап,
Есімдік болып қалыпты. (...)



3-тапсырма. Есімдіктерді септік жалғауларымен түрлендіріп, кестені толтырыңдар.

Септіктер	Есімдіктер					
	еңшеше	осы	сен	кім	өзі	алдекім
Атау						
Ілік						
Барыс						
Табыс						
Жатыс						
Шығыс						
Көмектес						



4-тапсырма. Есімдік түрлерін пайдаланып, ертегі құрастырып жазыңдар. Кажет болса, берілген сөйлемдерді пайдаланыңдар.



Ерте, ерте, ертеде Есімдік деген байдың жеті баласы болышты.
Әкесі жеті баласын өз есімдерімен атамапты. Олар: ... ,
Байлығын бөліп беру үшін әкесі балаларын жинапты...
Балаларының ішінде кім акылды екенін білу үшін оларға...

7-бөлім

**СПОРТ. БЕЛГІЛІ
СПОРТ ЖҰЛДЫЗДАРЫ**

7.1. Етістік. Салт етістік және сабақты етістік


1-тапсырма. Суреттегі спортшылар туралы біletін ақпараттарынмен бөлісіңдер?



2-тапсырма. Үнтаспадан 17-аудиомәтінді тыңдаңдар.



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

кім?

қайда?

кашан?

не істеді?



Ә Мәтін мазмұны бойынша жоспар күрындар. Жоспарға сай жинақы мәтін жазындар.





Б Берілген сөйлемдерден кандай сөйлеу ерекшеліктерін байқаңдар? Сөйлемнің мазмұнын сактап, қайта түрлендіріп жазыңдар.

1. «Апыр-ай, аяқпен де ұруга болады екен ғой» деп танғалғаным бар.
2. Ой, мынау нағыз түрікше курседі ғой!
3. Мынау нақ түріктің палуаны ғой, мынау өзі Өзтүрік қой!

ЕТІСТІК

Етістік – заттың кимылын, іс-әрекеті мен қалыш-күйін білдіретін сөз табы. *Не істеді? не қылды? қайтты? не істеп жатыр? не істейді? не іstemек?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы, «*Өз білмегеніңді кісіден сұра, Үлкен жоқ болса, кішіден сұра*» деген мәтедде *сұра* сөзі – етістік. Етістік күрамына карай дара **етістік** және **күрделі етістік** деп бөлінеді. Дара етістік бір ғана сөзден тұрады: *ал, айт, көр*. Күрделі етістік екі не одан да көп сөзден күралып, бір мағынаны білдіреді: *жазып отыр, келе жатыр*.



З-тапсырма. Макал-мәтеддерді кимылды білдіретін сөздермен толықтырып жазыңдар. Мағынасын түсіндіріндер.

1. Қимыл ...
Үйқы тынықтырады.
- 2.... , шымыр боласың.

3. Шын ер жеңсе, тасымас,
Женілсе,
- 4.... , бекем бол.

САЛТ ЖӘНЕ САБАҚТЫ ЕТІСТІК

Етістік тұра объектіні қажет ету-етпеуіне байланысты **салт етістік** және **сабакты етістік** болып бөлінеді.

Тұра объектіні, яғни табыс септігіндегі сөзді қажет етіп тұратын етістіктер **сабакты етістіктер** деп аталады. Мысалы: (*нені ?*) *кітапты оқыды*, (*кімді ?*) *женілтазды құттықтады*.

Табыс септігіндегі сөзді қажет етпейтін етістіктер **салт етістіктер** деп аталады. Мысалы: (*кіммен ?*) *спортшылармен кездесті*; (*қайда ?*) *жаттығуга барады*.



4-тапсырма. Үлгіге карап, кестені толтырындар. Сөйлем құрандар.

Үлгі: дәмін (нені?) көрді – сабакты етістік, кітапханадан (қайдан?) шығу – салт етістік.

...	көрү	...	шығу
...			
...	келу	...	шакыру
...			



5-тапсырма. Салт және сабакты етістіктерді ажыратып жазындар.

Салт етістік
үйге кел, ...

Сабакты етістік
кітапты оқы, ...

кел, оқы, шық, отыр, сана,
хабарлас, шыгар, сал, сөндір, бар, жаз,
өсір



6-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Азиада алауы

Қысқы Азиада ойындары – Азиялық Олимпиада кенесіне мүше елдер үшін төрт жылда бір өтетін Қысқы Олимпиада түрі. Алғаш рет 1982 жылы қысқы спорт түрлерінен Азия елдерінің арасында олимпиада өткізу идеясын Жапония ұсынды. Күншығыс елінің бастамасымен Саппоро қаласы 1986 жылы алғашкы Азиада ойындарын өткізді. Бұл қалада 1972 жылғы Қысқы Олимпиадалық ойындардан қалған инфрақұрылымдар бар болатын.

Қазақстан 2011 жылы Қысқы Азиада ойындарын өткізу құқығына не болды. Бұл шара біздің елдің тарихындағы халықаралық деңгейдегі ең маңызды ірі спорттық окиғаға айналды. Азиада ойындары Қазақстанның екі қаласында, Астана мен Алматыда өтті. Бұл

Түсіндірме
сөздік

Нысан – мұнда: спорт ойындары өтетін орындар.

Инфрақұрылым – мұнда: Олимпиада ойындары үшін қажетті нысандар кешені.



калаларда Азиада ойындарына арналған бірегей спорттық нысандар салынды.

Ұлы Дала жерінде өткен VII Қызыл Азиада ойындарына әлемнің 27 елінен спортшы қатысты. Қазақстан осы ойындарда Қызыл Азиаданың алтын медаль саны бойынша рекордты жаңартты, ел құрамасы топтық есепте бірінші орынды жеңіп алғып, 32 алтын медаль иеленді. Қазақстан коржынында барлығы 70 жүлде болса, оның 21-і – күміс, 17-сі – қола медаль. Бұрынғы рекорд 29 алтын медальмен Жапония құрамасына тиесілі еді. Оған Жапония құрамасы 1986 жылы Саппородағы I Қызыл Азиада ойындарында кол жеткізген.

Қар барысы VII Қызыл Азиада символы деп танылыш, «Мақсаты бірдің – рухы бір!» деген сөз олимпиада ұранына айналды. Фаламшардың 500 миллионнан астам тұргыны Қазақстандағы жарыс барысын тамашалады, спорттық бәсеке туралы 20-дан аса әлемдік телеарна мәлімет таратты.

Алатаудың етегі мен Сарыарқаның төсінде өткен VII Қызыл Азиада ойындары Қазақстанның халықаралық аренада беделінің арта түскенінің тағы бір дәлелі болды.

asiada.astana.kz



A Берілген мәліметтерден негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратып, ойларынды дәлелдеп айттыңдар. Ақпараттарды мәтін мазмұны бойынша ретімен орналастырындар.

Азиада ойындарының ауқымы

Хабар таратылуы

27 елден
спортшы
қатысты

500
миллион-
нан астам
адам
тамаша-
лады

20-дан аса
әлемдік
телеарна
мәлімет
таратты

Қазақстанның жетістігі

32 алтын

21 күміс

17 қола



Ә Қарамен берілген сөздердің мағынасын екінші бағаннан табындар.

Қалада бірегей спорттық нысандар салынды.	жаксы/таңдаулы
Күншығыс елінде Азінда ойындары өтті.	Қазақстан/Жапония
Спорттық бәсеке туралы 2 мындан астам журналист хабар таратты.	жарыс/бакталастық
Біздің кұрама 32 алтын медальга қол жеткізді .	неленді/ұстады



Б Мәтіннен салт етістік пен сабакты етістіктерді тауып, ажыратып жазындар.

Салт етістік	Сабакты етістік
Алматыда өтті, ...	рекордты жаңартты, ...



В Мәтіннен етістіктерді тауып, кұрамына қарай ажыратып жазындар.



7-тапсырма. Берілген сұрақтарға көзісты өз ойларынды айтындар.

1. «Мақсаты бірдің – рухы бір!» ұранын қалай түсінесің?
 2. Саган жетістікке жету жолында рух беретін не?



8-тапсырма. «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбына жоспар құрып, эссе жазындар.



9-тапсырма. Жүзікте көрсетілген 4-тапсырманы орындандар.



4. Спорттың денсаулыққа пайдалы туралы акпарат жиандар.

7.2. Етіс. Өздік етіс. Өзгелік етіс



1-тапсырма. Үнтаспадан 18-аудиомәтіннің алғашқы бөлігін тындандар.




A Суретке караң, мәтіннің калай аяқталатынын болжап көріндер.



Ә Мәтінді (18-аудиомәтін) толық тындаң, өз нұскаларымен салыстырыңдар.



Б Мәтін мазмұны бойынша шахмат тақтасының ақ торкөздерінде киғашынан жасырылған сөзжумбакты шешіндер.



2. Шахмат тақтасы кара және ... шақпактарға белінген.

4. Шахмат – ақыл-ойды дамыттын ...

6. Қай сөз «патша ең» деген мағынаны береді?

8. Шахмат қай елде пайда болған?

С. Шахматта алғашқы жүрісті бастаған ойыншы қанша тәсілді колдана алады?

Е. Шахмат ойнау үшін нені білу керек?

Г. Шахмат нені дамытуға ықпал етеді?



В Толық мәтінді бөліктеге бөліп, ат койындар. Әр бөлімнің кыскаша мазмұнын жазындар.


Мәтін құрылымы	Бөлім атаулары	Мазмұны
Кіріспе		
Негізгі бөлім		
Корытынды		



2-тапсырма. Сурет пен сөз тіркестерін сәйкестендіріңдер. Не бай-кадындар?



зілтемір көтеру



зілтемір көтерту



зілтемірді көтерісү

ЕТІС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Етіс – іс-әрекет пен оны жүзеге асырушы арасындағы қынасты білдіретін етістіктің түрі. Етіс белгілі бір қосымшалар арқылы жасалады. Қазақ тілінде етістің 4 түрі бар. Олар:

ӨЗДІК ЕТІС (іс-әрекетті орындаушы өзі)	ОРТАҚ ЕТІС (кимылды орындаушы бірнеше адам)	ӨЗГЕЛІК ЕТІС (істі біреуге орындааткызады)	ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС (іс-әрекеттің өздігінен орындалуы)



3-тапсырма. Макал-мәтелдің мағынасын түсіндіріп, етістіктің тұлғаларына назар аударындар.

- Ақылды адам айтқызбай білер, Ақсұнқар құс қаққызбай ілер.
- Таз таранғанша, той тарқар.
- Ақыл көпке жеткізер, Өнер көкке жеткізер.

ӨЗДІК ЕТІС

Іс-әрекетті, кимылды тікелей өзі істейтіндігін немесе өзі істегендігін білдіретін етіс түрі **өздік етіс** деп аталады.

Жасалу жолдары:

- ЫН:** жұтын; жасыр+ын;
- ИН:** ки+ин; сез+ин; сурт+ин;
- Н:** тара+н; ора+н; тазала+н; сұра+н .



4-тапсырма. Өздік етіс журнақтары жалғанатын етістіктерді тауып, олармен сөйлем күрандар.

Оку, білу, айту, орау, отыру, бояу, көтеру, домалау, билеу, жинау, ұшу, жүгіру, ойлау.



5-тапсырма. Берілген етістіктерге өздік етіс журнагын жалғап, сөйлем құрап жазыңдар.

Қыр, сұрт, шеш, сәнде.

ӨЗГЕЛІК ЕТІС

Іс-әрекеттің, кимылдың тікелей орындаушының (субъект) өзі арқылы емес, өзге біреу арқылы іске асатынын білдіретін етістің түрі **өзгелік етіс** деп аталады.

Өзгелік етістің жасалу жолдары		
Қосымшалар арқылы	-ғыз/-гіз, -қыз/-кіз	жаз+ғыз, бер+гіз, айт+қыз, ек+кіз
	-дыр/-дір, -тыр/-тір	аіт+дыр, сен+дір, айт+тыр, тік+тір
	-т (дауыстыдан кейін)	оқы+т, арапа+т
Өзгелік етістің жұнақтары кейбір етістіктерге бірінің үстінен бірі жалғана береді.	етістік тұғірі + қыз+дыр, етістік тұғірі + т+қыз, етістік тұғірі + т+тыр	айт+қыз+дыр, ойна+т+ қыз, жина+т+тыр



Есте сақта!

Өзгелік етіс сабакты етістіктерден жасалады. Мысалы: кітапты (нені?) сал (сабакты етістік) – салғыз.



6-тапсырма. Берілген сөздерден өзгелік етіс жасандар.

ки

сат

жаса

іл

сал



7-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Тоғызқұмалак

Әлемнің түкпір-түкпірінде адамзаттың қолымен, ақыл-ойымен жасалған зияткерлік ойындар мындашынан саналады. Қазіргі деректер бойынша зияткерлік спорттың алғашкы үлгілері осыдан 3,5 мың жыл бұрын Африка мен Азия жерінде пайдаланылған. Археологтердің көзбетінде жүмысы нәтижесінде табылған ойын тактасы, шар типтес заттар сол уақыттың аралығын көрсетеді. Сондай түркілік өркениеттің кайталанбас үлгілерінің бірі – тоғызқұмалак.

Тоғызқұмалак – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой тенестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау спорты. Бұл спорттың басты мақсаты – адам ақыл-ойын дамытуға ықпал ету. Түркі халықтарының үрпак тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі дәлел бола алды. Жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен катар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

«Тоғызқұмалак – казактың ерте заманнан келе жаткан спорттық ойындарының бірі. Бұл ойынды казактардан баска кыргыздар, карақалпактар, алтайлыктар да ойнайды», – дейді зерттеуші Т.Сұлтанбеков. Сонымен катар Түркия, Түркіменстан, Өзбекстанның кейбір аудандарында да бұл ойынның ойналатыны тура-лы мәліметтер бар. Тек ойын атауында кейбір өзгешеліктер кездеседі. Мәселен, тоғызқұмалакты кыргыздар «тогузкоргоол» десе, Актөзің жағалауындағы кейбір көшпелі түрік тайпалары «тогузташ» деп атайды.

Тоғызқұмалак – шахмат, дойбы ойындары сиякты адамнан шыдамдылықты, сабырлылықты, терен

Түсіндірме
сөздік

Дүниетаным – білім, ойсана.

Өркениет – мұнда: мәдениет деген мағынада.

Зияткерлік – адамның ақыл-ой қабілетін дамытуға бағытталған дегенді билдіреді.

және логикалық ойлауды кажет ететін ақыл-ой спорты. Алғашқы кезде бұның үш отау, бес отау, жеті отаулық шағын үлгілері болса, бүтінгі күні біз бұл ойынды жетілген тоғыз отаулық классикалық ережесімен ойнап жүрміз.

Тоғызқұмалак ойынын тек спорт, өнер, ғылым ретінде қарастыруға болмайды. Ол – ата-бабаларымыздың дүниетанымы, үрпакқа қалдырыған ақыл-ой мұрасы.


«Таңғажайыт тоғызқұмалак» кітабынан



A Мәтіндегі негізгі акпараттарды бір сөйлеммен түйіндендер.

Улғи : 3,5 мың жылдық тарихы бар ойын.

Тоғызқұмалак




Б Мәтіннен өздік етіс бола алғатын етістіктерді табыңдар. Мәтінде кандай тұлғада тұрғанын көрсетіп, мағынасын түсіндіріндер.

Улғи :

Сөз	Іс-әрекеттің орындаушыға катысы	Түбірі	Өздік етіс тұлғасы
көрсектеді	Іс-әрекеттің басқа адамға катысын білдіреді.	көр	<i>көр+ін</i>



Б Мәтіннен салт және сабакты етістерді тауыш, тоғызқұмалак тактасының екі бетіне жинаңдар.



**8-тапсырма.** Өз ойынмен бөліс.

- 1. Спорт және ойын сөздерінің айырмашылығы неде?**
- 2. Неліктен ақыл-ойды дамытуға арналған ойындарды спорт түріне жатқызамыз?**



9-тапсырма. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді басшылыққа ала отырып, «Зияткерлік спорт – білімді ұрпак негізі» тақырыбына эссе жазындар. Эссе мәтінінде өздік және өзгелік етіс түрлерін пайдаланындар.

Эссе шарттары:

- ✓ зияткерлік спорт туралы түсінік пен оның түрлері;
- ✓ жастардың ақыл-ой спортына қызығушылығын арттыру жолдары;
- ✓ ұлттық ақыл-ой спортын дәріптеу, жастарға насихаттау жолдары;
- ✓ күтілетін нәтижелер;
- ✓ корытынды.

**10-тапсырма.** Жүзіктің 5-тапсырмасын орындаңдар.

5. Өздеріне ұнайтын қазақ халқының ұлттық спорт ойыны туралы мәлімет жинаңдар.



7.3. Ортақ етіс. Үйрықсыз етіс.



1-тапсырма. Суреттерді қалай байланыстырап едіндер? Қажымұқан туралы не білесіндер?



2-тапсырма. Үнтаспадан 19-аудиомәтінді тыңдаңдар.



А Багандагы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріндер. Көркем сөйлеудің қандай ерекшеліктерін байқадындар?

жауырынын жерге тигізу	бой бермеу
тәубесіне түсіру	танымал болу
күлакқа ұрған танадай	орнына кою, жену
атағы жер жару	көп енбектену
дес бермеу	жену, жығу
тер төгу	тып-тыныш, жым-жырт



Ә Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тақырыпты таңдаңдар немесе өздерін ат қойындар.

1. Күш атасын танымас
2. Жығылған күреске тоймайды
3. Білекті бірді жығады

ОРТАҚ ЕТІС

Ережесі	Жасалуы	Мысалы
Бірнеше адам бірлесе жасаған қимылды білдіретін етістің түрі ортак етіс деп аталады.	-ыс/-іс, -с	жаз+ыс, жина+с, көтер+іс, сал+ыс және т.б. Айжан маган үй жина+с+ты . Ағам жүкті мәшинеге сал+ыс+ты.

ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС

Іс-әрекетте, қимылда орындаушы көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістің түрі **ырықсыз етіс** деп аталады.

	Жасалу жолы	Мысалы
1.	-ыл/-іл/-л	Ыдыс жу+ыл+ды , хат жаз+ыл+ды
2.	-ын/-ін/-н	Үй сал+ын+ды , сынып таза ла+н+ды



Есте сақта!

Өздік етіс

Іс-әрекетті жасаушы (іс несі) өзі болады. Мысалы: *Арман тез ки+ ін +ди де, сыртқа иштегін кетті.*

Косымшалары тұлғалық жағынан бірдей болып келеді: **-ын/-ін/-н**.

Ырықсыз етіс

Іс-әрекетті жасаушы көрсетілмейді, істелген іс көрсетіледі. Мысалы: *Ортага үлкен торт жән+ ін +ди.*



3-тапсырма. Берілген етістіктерді ырықсыз етіс тұлғасында жазып, сөйлем күраңдар.

жасау

кұрастыру

ұйымдастыру

кую

алу


көрсету

көбейту

баяндау



4-тапсырма. Ракетка торкөздерінде жазылған етістіктерді күрамына қарай талдандар.





Есте сақта!

Ортақ етіс тұлғасындағы етістік пен зат есімді оларға сұрақ қою арқылы ажыратамыз.

Мысалы: *Ақындар айтысты* (нені?) екі күнге созбакшы. *Ақындар Республика сарайында айтысты* (не істеді?).



A Уш етістік таңдал алыш, сөйлем қурандар.



5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар.

Күш атасы – Қажымұқан



Қазакта «Күш атасы – Қажымұқан» деген сез кең тарап кеткен. Оның себебі де жок емес. Қажымұқан 1883 жылы Ақмола облысы, Қараөткел ауылында дүниеге келген.

Ол жасынан-ак ерен күшімен ауылластарын таңғалдырып жүреді. Мұқан 18 жасында алғаш рет Омбы қаласында ашылған циркте орыс палуаны И. Злобинмен белдеседі. И. Злобин оған Петербургтегі курс мектебінде окута кеңес береді. Бұл ақылды күп алған Мұқан осы мектепте екі жыл оқып, үлкен курс өнеріне жолдама алады. Сейтіп, Мұқан Германияның Кельн қаласында неміс палуаны Генрих Веберді женеді, Рига қаласында да бас бәйгеге не болады. 1910 жылы Варшава қаласында өткен халықаралық жарыста кіші алтын медальды, Америкада, Аргентинаның астанасы – Буэнос-Айрес қаласында, еркін күрестен үлкен медальды женіп алады.

1911 жылы Мұқан Стамбулда түріктің атақты палуаны Нұрлыны жығады, сол кезде «қажы» атағына не болыш, Қажымұқан атанады. Саратов қаласында ашылған ағайынды Никитиндер циркінде қазақ батыры бірінші рет осы

«Қажымұқан» деген атпен куреске шықкан. Бұдан әрі палуан Тегеран мен Кабулда, Мекке мен Мединада

Түсіндірме сөздік

Белдесу – курсу.

Қартан тарту – жасы келу, картаю.

өткен жарыстарда женістерге жетті. 1913 және 1914 жылдары Троицк пен Парижде өткен жарыстарда әлем чемпионы болды.

Қажымұқанның өлең шығаратын да өнері болған.

Қажымұқанмын казакта күшім асқан,
Достарым алып палуан орыстардан.
«Черный Иван» атанып он екі жыл.
Жынырма төрт патшаның жерін басқам. —

деп жырлаған екен палуанның өзі. Айтса айтқандай, палуан дүниежүзінің бірнеше дүркін чемпионы болған Иван Поддубныймен, Иван Шемякинмен, Иван Заикинмен және атакты палуан Вейланд Шульшен өмір бойы дос болып өтті.

1927 жылы Қ.Мұнайтпасовка «Қазак даласының батыры» деген атак берілді. Ұлы Отан соғысы жылдарында жасы картан тартып қалған палуан күш өнерін көрсетіп журіп жинаған 100 мың сом ақшасына ұшак жасатқызып, оған Амангелді Имановтың атын беріп, майданға жібертеді. Осы ұшакпен казак ұшқышы Қажытай Шалабаев 120 рет жауынгерлік тапсырма орындалды.

Спорт өнері жолында Қажымұқан 148 алтын, күміс, кола медаль алған екен. Алып күш иесі Қажымұқан 1948 жылы 12 тамызда қайтыс болды. Темірланда Қажымұқанға ескерткіш орнатылған. Астана, Шымкент қалаларындағы стадиондарға палуанның аты берілген және бірнеше қалада Қажымұқан атындағы көше бар.

«Әлемдік және ұлттық спорт ойындары»
энциклопедиясынан



▲ Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қажымұқанның спорттық мансабының басталуына не себеп болды?
2. Палуанның «қажы» атануының себебі не?
3. Не себепті Қажымұқан «Черный Иван» аталып кетті?
4. Палуанның «Жынырма төрт патшаның жерін басқам» деген сөзін қалай түсінесіңдер?
5. Қажымұқанның күрестегі жетістіктерінен басқа кандай әрекетін ерлік деп есептеуге болады?



❸ Мәтіннен ырықсыз етістерді тауып, жасалу жолын көрсетіндер.

Улті: ашылған (-ыл жаңынан анықталған)



6-тапсырма. Етістіктерді калталарға бөліп салындар.

Ортақ етіс

Ырықсыз етіс

өткізді

салысты

сұрасты

жинасты

орнатылды

түрғызылды

бекітілді

айтысты



7-тапсырма. Сөйлем мағынасына қарай көп нүктенің орнына тиісті косымшаларды қойып, көшіріп жазындар.

Кедей отбасынан шықкан Қажымұқан жас кезінен орыс байларына жалда ...ып жұмыс істейді. Уакыт өте келе күрес жолына түсіп, той-жындарда халықтың назарына ілігіп, бала балуан деп ата ...ады. Дүниежүзінің 28 мемлекетін аралап, сол жерлердің санлактарымен белдесіп, коржынына 56 медаль салған. Небір балуанды шетінен жығып, алтыннан алқа тақкан Қажымұқан қазақ жерінің нағыз мактанышына айналды. Өмірінің сонғы сәттерін киелі Түркістан жерінде өт...еді.

massaget.kz



8-тапсырма. Сызбада берілген Қажымұқанға тән қасиеттерді тыңдалым және оқылым материалдары неғізінде дәлелдендер.



9-тапсырма. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндеғі акпараттарға сүйеніп, Қажымұқанға мінездеме жазындар.



10-тапсырма. Жүзіктің 6-тапсырмасын орындандар.



6. Белгілі бір танымал спортшының өмірбаяны, спорттагы жетістіктері туралы акпарат жинандар.

7.4. Қайталау



1-тапсырма. Берілген мәтіннен етістерді тауып, семантикалық картаға орналастырыңдар.

Кысқа ғана уақытта Астана каласында жаңадан салынған сәулетті ғимараттарға танырканбаған жан жок. Олардың ішінде спорттық кешендер де бар.


Астанада өткізілген аукымды шара – Азиада ойындары. Олимпиадада бақ сыйнасуға Қазақстан атынан қатысан спортышларымыз жеңіс тұғырынан көрініп, дүйім жүртты қуаныш жатты. Азиядада 32 рет туымыз көкке көтеріліп, әнұранымыз шырқалды. Ашылу рәсімі Астанада өткен Олимпиаданың жабылу салтанаты Алматы каласында өткізілді.

Түрлері Етістер	Іс-әрекетті өзі орын- дайды	Істі біреуге орында- тырады	Іс-әрекеттің орындаушысы керсетілмейді	Іс-әрекетті бірнеше адам орындаиды
салынған			+	
...



2-тапсырма. Мұғалім оқыған етіс түрлерін тұлғасына караң ажыратып, графикалық диктант жазыңдар.

Үлгі:



- 1) тіктіртті;
- 2) жалданды;
- 3) тазалатты;
- 4) жуысты;
- 5) боянды;
- 6) үтіктелді;
- 7) көмектесті;
- 8) төгілді.



3-тапсырма. Берілген сөздерден өзгелік етістің түрлі формаларын жасандар.

Айт	Сат	Жаса	Іл	Сал
айт-қыз, айт-тыр, айт-қызы- дыр, айт-қызы-дыр-т				

8-бөлім



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ФҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРИ. НАУРЫЗ

8.1. Үстөу. Мезгіл үстөу. Мекен үстөу



1-тапсырма. Суреттегі салт-дәстүр туралы пікір алысайык.



2-тапсырма. Үнгаспадан 20-аудиомәтінді тындаңдар.



А Өлеңде қандай салт-дәстүрлер аталды?



Ә Берілген тілектерді өлеңде аталған салт-дәстүрлермен сәйкестендіріңдер.

Қадамы құтты болсын!

Бауы берік болсын!

Жолы ашық болсын!



Б Өлеңде айтылған ер жігіт пен кыз балаға тән сипаттаулар туралы ой белісіндер.

Ер жігіт

Кыз бала



В Берілген тіркестің мағынасымен танысындар. Өмірлік жағдаяттармен байланыстырындар.

Ешкімнің ала жібін *Киянат жасама, сұғанақ болма, араңдықта барма деген сөз.*

ҮСТЕУ

Үстей – іс-әрекеттің түрлі белгілерін: амалын, тәсілін, сипатын, жай-күйін, мекенін, мезгілін, себебін, максатын білдіретін сөздер. Үстей түрленбейтін сөз табы болыш табылады. Мысалы: *Былтыр* (кашан?) Алматыда Қызы Ұниверсиада ойындары өтті.

Дара үстей		Күрделі үстей
Негізгі түбір үстей	Тұынды түбір үстей	
Құрамын түбір мен косымшага бөлшектеуге келмейтін үстей	Жұрнақ арқылы жасалған үстей	Екі я одан да кеп түбір сөздін бірігуінен, тіркесуінен, косарлануынан жасалған үстей
қазір, үнемі, тез, талай	сонша+лық, жаз+дай	бүгін (бұл + күн), күні кеше, таңертең, ертеді-кеш

Тұынды үстей жасайтын жүрнектар	
-ша/-ше	қазақ+ша (сөйлеу), азір+ше (куту), құс+ша (самғау)
-дай/-дей, -тай/-тей, -лай/-лей	қыс+тай (окыды), жаз+дай (көмектесу), ақиша+лай (беру), желім+дей (жабысу), шикі+лей (жеу)
-шалық, -шама (құранды журнақ)	осын+шама (кешигү), сон+ша+лық
-дайын/-дейін, -тайын/-тейін	тоты+дайын (тарану), бүркіт+тейін (шүйілген)



З-тапсырма. Берілген сөздерге сұрақ койып, тиісті бағанга жазындар.

Бүгін, кеше, артта, казакша, осында, шапшан, бағана, ертен, сыртта, шалқасынан, бірте-бірте, акырын, ілгеріде.

қайда?	кашан?	қалай?



4-тапсырма. Үстеулерді күрамына қарай топтастырып жазындар.

Негізгі түбір
кеше, ...

Тұынды түбір
балаша, ...

Күрделі
таңертең, ...

зорға, кеше, әрең, қасақана,
амалсыздан, ілгері-кейінді, қыранша, күні бойы,
бұрын, таңертең, таң сөріде, емін-еркін, балаша, бекер,
жоғары, көп, жаздығүні,
ала жаздай



5-тапсырма. Мәтінді оқып, үстеу сөздерді табындар.

Кешегі күні бойғы әрекеттен кейін түж серіппей қатып үйіктап калыптын. Әжем жұлқылап ояты.

— Кожа, Қожатай! Әкем-ау, сен бүтін сабағыңа бармаушы ма едін?

Кезімді ашып алыш, қабырға сағатқа карасам, сегізге он бес-ак минут қалған екен. Атып түрегеліп, тез киіндім де, беті-көлымды шайып жіберіп, бір кесе айранды тікемнен тік тұрған күйде котара салдым. Кеше титыктап келіп, сабак қарауға мұршам болмап еді. Бүтінгі болатын пәндерді сумкама асығыс салып алдым да, мектепке жүтірдім.

Б.Соктақбаев

ҮСТЕУДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Мезгіл үстеу	Мекен үстеу	Сын-кімбыл үстеуі	Мөлшер үстеу	Күшайт-кіш үстеу	Максат үстеу	Себеп-салдар үстеуі
кеше, бүгін, ертең	жоғары, төмен, соңында	ақырын, әрең, дереу	біраз, едәуір, соншама	әбден, тым, ең, өте, аса	әдейі, қасақана, жорта	босқа, бекерге, амалсыздан

МЕЗГІЛ ҮСТЕУІ

Анықтамасы	Іс-әрекеттің, кимылдың өту мерзімін білдіреді.
Сұрақтары	кашан? қай уақытта? қашаннан?
Мысалы	бінал, күздей, ала жаздай, былтыр .

МЕКЕН ҮСТЕУІ	
Анықтамасы	Қимылдың, іс-әрекеттің өту орнын, бағытын білдіреді.
Сұрақтары	қайда? қайдан?
Мысалы	осында, мұнда, артта, төмен, әрі-бері, жоғары.



6-тапсырма. Берілген үстеулерді орфографиялық нормаға сай жазып, магыналық түрлерін ажыратындар.

Алажаздай, ендігі әрі, таң өртен, қысықазы, бүгүн, күнібоязы, жазды күні, ілгері кейін, тұстұстан, алды арты, төмөн, емін еркін.



7-тапсырма. Жұмбактарды шешіндер.

- | | |
|---|--|
| 1. Күндіз-тұні жүреді,
Сыргымайды бір елі.
(...) | 2. Ертемен түрдым,
Алып ұрдым.
(...) |
| 3. Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады.
(...) | 4. Күндіз қалғыш мызғиды,
Тұнде зарлап ызғиды.
(...) |
| 5. Ерте тұрыш,
Екі айыр жолға түстім.
(...) | 6. Қыста суды аузына алмайды,
Жазда шөлі қанбайды.
(...) |



▲ Жұмбактардан мезгіл үстеулерін тауып, етістікпен тіркес-тіріп жазындар.



8-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Атқа мінгізу

Баланы тұнғыш атқа мінгізу – қазак тәлім-тәрбиесіндегі мән-мағынасы терен, тәрбиелік қуаты күшті салттың бірі. Баланы атқа мінгізуден бұрын әр отбасы алдын ала балаларына ашамай, кішкене ер-тұрман әзірлетіп, мінетін тай-құнандарын жуасытып дайындаиды. Баласы өз тізгінін өзі алып жүретіндей

Түсіндірме сөздік

Ашамай – алды-арты сүйемелі, биқтеу келген, балаларға арналған ер.

Тізгін – аттың басын тежеу үшін жүгеннің ауыздық шығыршығына байланған қайыс.

болғанда, сәтті бір күні ел-жұрт, ағайын-туыстарын шақырып, «ашамай тойын» жасап, атқа мінгізеді. Мұнда көпті көріп, көп жортқан карилярдың бірі баланы «Әуп, бісміллә!» деп қос қолмен көтеріп атқа мінгізіп:

— Міне, бүгін азамат бол атқа қондың, өмір жолың ашық болсын, дүшпаның кашық болсын! Шу, жа-

нуар! – деп бала мінген атты жүргізіп жібереді. Бул баланын алғаш рет ат жалын тартып мінүі, өмірге азамат ретінде тұнғыш кадам басуы болып есептеледі.

Бала алғаш атқа мінгенде, жығылмау керек. Қазақ халқы «алғаш ат жалын тартып мінгеннен бастап...» деп тұнғыш атқа мінген күнді өмір сапарына балайды.

Баланы атқа мінгізу арқылы оның бойына «азамат болдым, ел қажетіне жарайтын шағым таядь» дейтін жауапкершілік сезімін тудырып, ерлікке, ептілікке баулады.

«Tag бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан



А Мәтін не туралы? Ойынды дәлелде.



Балаға атқа отыруды үрету



Баланы жауапкершілікке тәрбиелеу



Ә Мәтіндегі ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің ерекшеліктерін ажыратып жазындар.

Ауызекі сөйлеу	Көркем сөйлеу
Әуп, бісміллә, ...	Өмір сапары, ...



Б Мәтіннен берілген сөзге сәйкес келетін тіркестерді табындар.

Ержету

өз тізгінін өзі алыш жүру

...

...



- B** Мәтіннен етістерді тауып, мағыналық түрлеріне ажыратып жазындар.



9-тапсырма. Өз ойларынмен бөлісіндер.

1. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегенді қалай түсінесің?
2. Өз отбасында қандай дәстүр сақталған?



10-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Халкымыз «Батамен ел көгерер, жанбырмен жер көгерер», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас», «Жақсы сез – жарым ырыс» деп бекер айтпаған. Қазақ халқы айтылған сөзге, тілеген тілекке, берілген батаға ерекше мән берген. Сондыктан жынтойларда бір-біріне тілек тілеп, қадірлі кариядан бата алу дәстүрі ерте заманнан бар. Қазақ бата арқылы ұрпағын адамгершілікке, имандылықка, ақылдылық мен парасаттылықка, шешендейдікке баулыған. Дауалы ауыз кариядан алған ақ бата адамға рух беріп, жігерлендіріп отырган. Ақ батаның нәрестеге бата беру, асқа бата беру, сұндет той батасы, наурыз батасы сиякты тағы да басқа бірнеше түрі бар. Сондай ақ баталардың бірі:

Ел үмітін актап өс,
Ата салтын сактап өс.
Толқа түскен сәттерде,
Бермейтін бол жатқа дес.

Елдің ұлы бол,
Ортанның гүлі бол.
Мақтан тұтар ағайын,
Жаксылардың бірі бол.

alashainasy.kz



- A** Батада айтылған тілектерді карасөзге айналдырып, құттықтау мәтінін жазындар.



11-тапсырма. Жүзіктің 7-тапсырмасын орындаңдар.



7. Қазақ халқындағы балаға байланысты калыптасқан салт-дәстүрлер туралы акпарат жинандар.


8.2. Сын-қымыл (бейне) үстөуі. Мөлшер үстөу. Мақсат үстөу



1-тапсырма. Суретке қарап пікір алысайык.



2-тапсырма. Үнтаспадан 21-аудиомәтінді тыңдаңдар.



А Мәтіндегі акпараттарға сүйенип, сыйбаны толтырыңдар.



Ә Өздерің берген анықтамаларды өмірлік жағдаяттармен байланыстырып түсініріндер.



Б Қанатты сөздерді мәтін мазмұнымен байланыстырып түсініріндер.

1. Әр адамның мінезі – астындағы тұлпары.
2. Алтын басты болсан да, ардан артық емессін.
3. Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып істе.
4. Кішіпейілділік – адамгершілік көркі.

Б. Момышұлы


СЫН-ҚИМЫЛ (БЕЙНЕ) ҮСТЕУІ

Анықтамасы	Сын-қимыл (бейне) үстеуі кимылдың, іс-әрекеттің өту амалын, сиын, тәсілін білдіреді.
Сұраптары	калай? калайша? кімше?
Мысалы	емін-еркін, әзір, ақырын, шашан, қолма-қол, лезде



3-тапсырма. Берілген үстеулерге сұрап қойып, тиісті бағанға жазындар.

күсша, қолма-қол, көлденен, бірден, зорға, қаннен-қаперсіз, ақырын, шалқасынан, орысша, жылдам, бұлбұла, жаңаша, шикілей, бұлақтайын, жата-жастана



4-тапсырма. Үстеулерді мағынасына қарай топтастырындар.

Мезгіл үстеуі	Мекен үстеуі	Сын-қимыл үстеуі
былтыр, ...	тәмен, ...	тез, ...



5-тапсырма. Суретке қарап, шамамен қазіргі өлшем бірліктерге айналдырындар. Тағы кандай халықтық өлшем, мөлшер атауларын білесіндер?

Бір елі



Екі елі



Тұтам



Шымшым



Шекім



Уыс



МӨЛШЕР ҮСТЕУІ

Мөлшер үстеуі – кимылдың немесе сииниң мөлшері мен шама-шарқын, көлемдік дәрежесін білдіреді. Сұраптары: қанша? қаншама? қаншалық? Мысалы: сонша, едәуір, согұрлым, біртапай, қыруар, аз, көп, әжептәуір, бірен-сарап.



6-тапсырма. Берілген қанатты сөздерді мөлшер үстеулерімен толыктырыңдар.

1. Біз тілімізді қанша сактасақ, ұлттымызды да ... сактаған боламыз.

G.Караш

2. ... сөйлемей азбен келтір шінін.

Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.

Ж.Баласагұн

3. Эрбір халықтың тілін сол елдің дүниетанымы, мәдениеті мен тарихы, салт-дәстүрі арқылы менгеруге болады. Өзге тілді ... көп менгерген сайын, ... дүниетанымы кенейіп, рухани байи түседі.

Н.Назарбаев

МАҚСАТ ҮСТЕУ

Мақсат үстеуі кимылдың, іс-әрекеттің болу мақсатын билдіреді. Сұрағы: қалай ? не мақсатпен ? Мысалы: әдейі өзгерту, жортта сөйлеу, қасақана істеу, әдейілел шакыру.



7-тапсырма. Өлеңдерді оқып, мақсат үстеулерін табыңдар.

Жаксы адам алысты жакын етер,
Беттескен екі таудың түрғысындей.
Жамандар өсек-аяң айтып жүрер,
Ешкімнің білмесе де қылмысын-ай.
Екеуін салыстырып әдейі айттым,
Қажетін колданарсың түрмисына-ай.

С.Аронұлы

Қасақана бітер мал
Қайыры жок қабанға.
Айдасан, киык жүрмейді
Төрт тулігі аманға...
Шын екен деп иланба
Жалғаншының сөзіне.
Сырттан ғайбат қылғанша
Айт көзі мен өзіне.

Ш.Канайұлы



8-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Халық тағылымынан

Тұзды баспа,
Шоқты шашпа.
Күлкі болма елге,
Езуінді керме.

Ақыл-есің бүтінде,
Кісіге қарай түкірме.
Ұлттық салттан бұлжыма:
Жұма күні кір жума.

Әдепсіздікті таста,
Есікті керіп ашпа.
Әрқашан әдептен жаңылма,
Киімді желбегей жамылма.

Дастарканға емінбе,
Көп алдында керілме.
Адамдарды санама,
Түнде айға қарама.

Үйде де, кайда да,
Пышакпен ойнама.
Босағада тұрма,
Кек шөпті жұлма.

Жиі-жің жуын,
Баспа кірдің суын.
Малды теппе,
Акты төкпе.

Дәйім есте сакта,
Тандайыңды какпа.
Жаман әдепті таста,
Баскиімді баспа.

Ақылға аялда:
Жағынды таянба.
Ұдайы үста есте,
Улкеннің алдын кеспе.

Мәлімбаев



А Берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріндер.

Әдептен
жаңылу

Улкеннің
алдын кесу



Ә Өлеңде аталған тынымдардың мағынасын түсіндіріндер.

Улгі: «Жағынды таянба» деп жатамыз. Неге? Жакты таяну, біріншіден, көрер көзге сүйкімсіз, өрескел көрінеді. Екіншіден, басына қайғы түскен, өмірдің соккысын көріп, басы ойға толып ауырлап, басын көтеруге шамасы келмей қалған адамға жағын таянады. Бұл тыным «осындағы халға жетпесін», «мұндағы жағдайды басына бермесін» деген ізгі иниеттен тутан.



Б Олеңнен етіс тұлғасында келген сөздерді тауып, жасалу жолын көрсетіндер.

Етіс

түбір + косымша



9-тапсырма. Өз ойларынмен бөлісіндер.

Сен ырымга сенесің бе?



10-тапсырма. Төл сөзге қойылатын тыныс белгілерін естеріне түсіріп, мәтінде жиберілген пунктуациялық кателерді түзетіп жазындар.

Сырым жырыма алты жасында бір жолдасымен Нуралы ханның үйіне барса, Қараман тана Малайсарымен сейлесіп отыр екен.

– Балалар, аман ба? – депті де, елемей өздері сейлесе беріпті. Сырым жолдасына дауыстап

– Жүр, кетейік, бұлар бізді адам деп отырған жок кой! дейді. Малайсары жалт қараң:

– Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без. Сырнайдай сарнаған мына бала кім еді – дейді.

Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені болар, ана тұрып қыз сөйлесе, бойжеткені болар, – дейді Сырым.

– Сен толған екенсің, мен тозған екенмін, – деп Малайсары соңда Сырымды қасына шақырган екен.

«Шешендік сөздер» кітабынан



11-тапсырма. Жүзіктің 8-тапсырмасын орындандар.



8. Танымал тұлға, ақын-жазушы, ғалым-зерттеушілердің қазақ халқы мен мәдениеті туралы айтқан пікірлерін жинандар. Авторына сілтеме жасандар.

8.3. Қүшейткіш үстөу. Себеп-салдар үстөуі



1-тапсырма. Суреттерді сөйлетеңік.



Ұлыс оң болсын! Қайда барсаң, жол болсын! Ақ мол болсын!



2-тапсырма. Үнтаспадан 22-аудиомәтінді тындандар.



А Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Ақсакал неліктен той жасауды үйірді?
2. Аксакал тойдың кызығын калай түсіндірді?
3. Наурызкөжеге қосылатын 7 дәмнің мәнісі неде?
4. Мереке неліктен «Наурыз тойы» деп аталған?



Ә Мәтін күрілымына талдау жасандар.

Мәтін күрілымы	Оқиғалар	Белім аты
Кіріспе		
Негізгі белім		
Корытынды		

КУШЕЙТКІШ ҮСТЕУ

Күшейткіш үстеу заттың сынын немесе кимылдын, іс-әрекеттің белгісін, сапасын күшеттіп не солғындастып көрсетеді. Мысалы: *тым аласа, ең арзаны, өте сапалы, мұлде ұмыту, сал журу, керемет биле у.*



3-тапсырма. Күшейткіш үстеу мен мәлшер үстеуін пайдалана отырып, екі суретті салыстырындар.

Улғі: Қазақтың ою-өрнектерімен көмкерілген текемет басу, сырмак сыру өте улкен шыдамдылықты қажет етеді .



СЕБЕП-САЛДАР ҮСТЕУІ

Себеп-салдар үстеуі кимылдын, іс-әрекеттің болу себебін немесе салдарын (нәтижесін) білдіреді. Сұрағы: *не себепті ? неге ? қатай ?* Мысалы: *амалсыздан* айту, *босқа барыш* келу, *шарасыздан* көну, *бекерге әуре* болу, *құр босқа* бару.



4-тапсырма. Өлеңнен үстеулерді тауыш, мағыналық түрін аныктандар.

Ғылым таптай мактанба,
Орын таптай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуте.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеніз.
Тілеуін, өмірін алдында,
Оған қайғы жесеніз.

Өсек, өтірік, мактаншак,
Еріншек, бекер мал шашпак –
Бес дүшпанын, білсеніз.
Талап, енбек, терең ой,
Қанағат, ракым, ойлап кой –
Бес асыл іс, көнсеніз.

A. Құнанбаев



А Өздерің тапқан үстеулердің синонимдерін айтындар.



5-тапсырма. Өлеңді оқындар.

Наурыз айы тұғанда,
Той болушы еді бұл манда.
Сақталушы еді сыбага,
Сапарға кеткен үлдарға,
Наурыз айы тұғанда.

Наурыз, наурыз, күн игі!
Күні игі жердің – түрі игі.
Бауыры жылып науат-кар,
Бабымен ғана жібиді.
Шашылып ырыс шанактан,
Шакырып бір үй бір үйді,
Шаттанушы еді бір игі.

Осынау игі кен жерге,
Наурыз айы келгенде,
Наурыз тойын бергенде,
Көрмегендер де – арманда,
Арманда – оны көрген де.
Келіп ем өмір – орманға,
Наурыз айы келгенде.

М.Мақатаев



A Мәтіннен көркем сөйлеуге тән ерекшеліктерді табындар.

Уләт: науат-кар — образды сөз, қатып қалған қарды науатқа тенеу.



Ә Берілген сөздердің синонимін тауып, сейлем құрандар.

Сөз	Синоним	Сейлем
сапар		
ырыс		
игі		



Б Өлеңнен есімдіктерді тауып, мағыналық түрлерін ажыратындар.





В Оленнен салт етістіктерді тауыш, сабакты етістікке айналдырындар.

Улgi:



Шаттану

Шаттандыру



6-тапсырма. Мәтіндегі орфографиялық кателерді емле ережелеріне сәйкес түзетіп жазындар.

Көктем жаршысы

Көктемнің келгенін жеткізетін табиғат «ғажайыптары» да жетерлік. Соның бірі – жыл құстары. Өкпек есіп, қар ери бастағанда өзгелердің алды болып ұшып келетін жұдырықтайғана жылқусы бар. Оны қазак наурыз көк, наурызек немесе көк құс деп атайды. Кейжерлерде оны жылқышықұс деп те айтады және «бакыт құсы» қатарына қосады. Құсты бірінші көрген адам жақсылыққа балап, оған жем шашады. Наурыз көкті алғаш көргендер «Наурызкөм, келдің бе?» немесе «Наурызек, қайтып келдің бе, ананың көзі жазылды ма?» деп сұрайды екен. Аныз бойынша мұндағы Наурызектің анасы – Жер Ана. Яғни Жер-Анаға көктем келді ме, табиғат жанарды ма деген мағына береді екен.

Жепженіл, ұшқалактаң тұратын кішкентай құс – Наурыз көктің құйрығы ұзын, түсі көк болады. Наным бойынша Наурыз көк келгеннен кейін күннің катуы сынып, айтарлықтай боран, сұық болмайды.

massaget.kz



7-тапсырма. Жүзіктің органдың көзіндегі 9-тапсырмасын орындаңдар.



9. Наурыз мерекесіне байланысты қалыптасқан ұғымдар мен дәстүрлер туралы акпарат жинандар. Авторына сілтеме жасандар.

8.4. Қайталау



1-тапсырма. Берілген Абай өлеңдерінен үстеулерді тауып, мағынасына және кұрамына қарай талдаңдар.

1. Жоғары-төмен үйрек, каз
Ұшып тұrsa сымпылдал.
...Шапандарын белсенген,
Асау мініп тенселген
Жылқышылар кеп тұrsa,
Танертеннен салпылдал.

«Жаз» өлеңінен

2. Жасымда албырт өстім, ойдан жырак,
Айлаға, ашуға да жактым шырак.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірак.

«Өлсем орным қара жер...» өлеңінен

3. Ақырын жүріп, анық бас,
Енбегің кетпес далаға.
Үстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

«Әсемтаз болма әрнеге» өлеңінен

Улгі:

Үстеу	Кұрамына қарай	Мағыналық түрі	Синонимдік катары
жоғары-төмен	курделі	мекен үстеу	—



2-тапсырма. Тындағы үстеулерге сұрақ қойып, тиісті сандыкка жинаңдар.



**3-тапсырма.** Үстеулерді күрамына карай ажыратып жазындар.

№	Үстеу	Түбір үстеу	Тұынды үстеу	Күрделі үстеу
1	тым	+		
2	баяғыда			
3	бышыл			
4	лезде			
5	дереу			
6	қыстай			
7	бірталай			
8	күр боска			
9	бірте-бірте			
10	касқырдайын			

**4-тапсырма.** Мұғалім оқыған үстеу түрлерін ажыратып, графикалық диктант жазындар.**Улғі:**

Себеп-салдар үстеуі

Максат үстеу


Күшейткіш үстеу

Мөлшер үстеу

Мекен үстеу

Мезгіл үстеу

Сын-кимыл үстеу





5-тапсырма. III тоқсанда өткен «Ізденейік» айдарындағы тапсырмалар бойынша жинақтаған акпараттар негізінде жоба жұмысын дайындаң, көпшілік алдында қорғандар.

III тоқсанға ұсынылатын жоба такырыптары



Тілдік бағдар

Жоба мәтінінде есімдік пен үстеудің мағыналық түрлерін және етіс түрлерін пайдаланындар.

1-жоба тақырыбы: СУ – ТІРШІЛК КӨЗІ

Жүзіктің 1–3-тапсырмаларындағы жинаған материалдарды пайдаланып, Қазақстанның ауызсу және ішкі су (өзендер, көлдер) мәселелері туралы презентация дайындаңдар.

2-жоба тақырыбы: ҚАЗАҚСТАН – СПОРТШЫЛАР ЕЛІ

Жүзіктің 4–6-тапсырмаларындағы жинаған материалдарды пайдаланып, а) Қазақстан спорттының дамуы, қазақстандық спортшылардың жетістіктері туралы акпараттықтанымдық альбом; ә) «Салауатты өмір салтын қалыптастырудың спорттың маңызы» тақырыбында сұхбат дайындаңдар.

3-жоба тақырыбы: БІЗДІҢ ЕЛДЕ БІР САЛТ БАР...

Жүзіктің 7–9-тапсырмаларындағы жинаған материалдарды пайдаланып, казақ халқының мәдениеті мен дәстүрін шетел азаматтарына таныстыру мәтінін дайындаңдар.

9-бөлім


**ӘЛЕМДЕГІ ІРІ
КІТАПХАНАЛАР**
9.1. Үстеудің емлесі


1-тапсырма. Сұрақтарға дұрыс жауап беріп, сандары әріптерді ретімен орналастырсандар, мәдени орын атауын таба аласындар.

1

2

3

4

5

6

7

8

9

Қазақстанның көрікті жері	1								
Балқашка құятын өзен	2								
Ақыл-ой ойыны	3								
Елорда	4								
Әлемнің жеті кереметінің бірі	5								
Қазактың тұнғыш ұшқышының кызы	6								
Атын атамау дәстүрі	7								
Ұлттық мейрам	8								
Суы тартылып бара жаткан теніз	9								



2-тапсырма. www.mektep.kz сайтының ВИДЕО паракшасынан 4-бейнеке нежазбаны көріндер.



A Бейнежазбада көтерілген мәселелерді тауып, өз ойларынды айтындар.

Кітап оқудың маңызы



Кітапхана түрлері

×

Кітап – ақыл-ойдың жемісі



Кітап окуға арналған кеңестер



Бүкіләлемдік кітап күнінің тарихы



Классикалық музыканың кітапты түсінуге ықпалы



Жастардың кітап окуға деген қызығушылыктарының жоктығы



3-тапсырма. Суреттен не байқадыңдар?



ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЕМЛЕСІ

Бірге жазылатын үстеулер	Бөлек жазылатын үстеулер	Дефис арқылы жазылатын үстеулер
<p>1. Негізгі, туынды үстеулер көбінесе айтылуы бойынша жазылады: <i>бірқыдыру, таңертен, кешке, жоғары, төмен, әрі, бері</i>.</p> <p>2. Бірігу арқылы жасалған курделі үстеулер көбінесе сынарларының дыбысталуы бойынша жазылады: <i>ендігірі, бүгін, қыстығуні</i>.</p> <p>Есте сакта! Әлдеқімше (әлшетімше емес), <i>бірқыдыру</i> (біргұдыру емес) сияқты сөздер түбірін сактап жазылады.</p>	<p>Tіркесу арқылы жасалған курделі үстеулердің әрсынары бөлек жазылады:</p> <p><i>күні бойы, ала жаздай, кей күндері</i>.</p>	<p>Сөздердің қайталануынан, косарлануынан жасалған үстеулер дефис арқылы жазылады: <i>тез-тез, әрі-бері, жоғары-төмен, күні-түні</i>.</p>



4-тапсырма. Берілген үстеулердің қалай жасалғанын түсіндіріп, сөйлем күрандар.

Үстеу	Жасалуы	Сөйлем
жаздығуні	жаздың және күні сөздерінің бірігуі арқылы жасалған курделі мезгіл үстеуі	Казақ халқы жаздығуні жайларға көшетін болған.

Жалғасы

емін-еркін		
біркышыру		
бүтін		



5-тапсырма. Берілген ұстулердің жасалу жолын көрсетіндер.

Мысалдар	Не-гізгі	Түйнды	Бірігу арқылы	Косарлану арқылы	Бір сөздің қайта-лануы арқылы	Тіркесу арқылы
жата-жастана						
күні кеше						
енді-енді						
акырын						
кустай						
биыл						



6-тапсырма. Мәтінді мұқият оқындар.

Әлемдегі алғашқы кітапхана 8000 жыл бұрын пайда болған. Ежелгі Месопатамия тұрғындары жінішке «сына» деп аталағын таяқшалар арқылы тақтайларға балшықпен жазған. Осы тәсілмен «сына жазуы» танымал бола бастаған. Тақтайшаларды күйдіріп, олардың ішіндегі ең бағалыларын бұзылып кетпес үшін арнайы конверттерге салып қойған. Археологтер үлкен сарайларда такырыптарына байланысты іріктеліп сакталған осындай конверттің біразын тауып алған. Кітапхана тарихының алғашқы беті осы кезден басталады.

Тұсіндірме сөздік

Тақуа – діндар, діншіл адам.

Шіркеу – христиан діни ғұрыптары мен ғибадаттарын атқаруға арналған ғимарат.

Ежелгі Египеттегі кітапханалар ғибадатханаларда сакталған. Египеттіктер жазуды алғаш папирус ағаштарына жазып, үштарына таяқшаларды тығып, орама үлгісінде орап қойған.

Ежелгі римдіктер өзгеше үлгіде кітапхана салуды ойластырады.

Юлий Цезарь кітапхана салу ісіне бел шеше кірісп, жобасын да өзі жасаған. Цезарь өмірден өткеннен кейін де оның бастамасымен салынған кітапханалар ерекше танымалдықка ие болған. IV ғасырда Римде 28-ге жуық кітапхана бой көтерген.

Біздің дәуіріміз басталар шакта кітапханалар шіркеулердің ажырамас белігіне айналған. Тақуалар кітаптарды оқи журіп, өздері де кітап жазған. Орта ғасыр аяқталар тұста шіркеулер салына бастайды. Осы кезде кітапқұмар адамдар да құралакан отырмaston, сол шіркеулер жанынан кітапхана тұргыза бастаған.

Ағылшындық саясаткерлер XIX ғасырдың басында халықты еркін түрде кітапханаға шақырған. 1850 жылдың сонында ағылшын парламенті көпшілікке арналған кітапханалардың бой көтеріп, халықтың қолдануына рұқсатын берген.

massaget.kz



A Берілген нұскаларға сәйкес тест сұрақтарын күрастырыңдар.

- | | | |
|-----------------------|-----------------|------------------|
| а) конверттерге; | а) кітапхана; | а) римдіктер; |
| ә) тақтайшаларға; | ә) университет; | ә) египеттіктер; |
| б) папирус ағаштарына | б) гибадатхана | б) ағылшындықтар |



Ә Мәтін бойынша кестені толтырыңдар.

Сөз табы	Сөздер	Мағыналық тобы
Есімдік		
Үстей		



7-тапсырма. Сейлемдерде кездесетін қателерді түзетіп жазыңдар.

1. Кітап аяулы досы бола бастаған шақдан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастады деп санаудың болады (*М.Әуезов*).
2. Жақсы кітап – акылды адамның әңгімесіben бірдей (*Л.Толстой*).
3. Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойыдың жемісі. Өз кітапхананды құра біл. Кітапты бір оқып қанағат тұтба, кайтадан оқы (*В.А.Сухомлинский*).



8-тапсырма. Төмөндегі мәтінді берілген сөйлемдермен толықтырып жазындар.

«Әр маусымға тән гүлдер» деп атаплатын әлемдегі ең кішкентай кітап жиырма екі беттен тұрады еken. Әр беті $0,75 \times 0,75$ мм көлемді күрайды.

«Дозадо» ерекше түптелімінің арқасында тақырыбы жағынан ұксас екі кітапты бір кітап етіп біріктіруге мүмкіндік туды. Бұл кітаптарды кейде «сиамдық егіздер» деп те атайды.

Ағаш айнаға ұқсайтын балалар кітабы әліпбиден және окуга онай біршама сөзден тұрады.

Беттері жінішке кабатты етіліп мүйізден жасалғандықтан, «мүйіз кітап» деп аталады. Бала алғашқы әліппесін колынан түсіріп алса да, еш закым келмейді.

Баланың көтеріп жүруіне онай болуы үшін, ұстағышы жеңіл етіп жасалған.

Бұл кітапта тек ак-қара түстер арқылы Жапонияда өсетін есімдіктер берілген.

Елімізде де жасакындар Ақберен Елгезек пен Ерлан Жұністің осындай кітабы жарық көрді.

massaget.kz



A Мәтіннен үстеулерді тауып, мағыналық түрге ажыратып жазындар.



9-тапсырма. Мәтінді оқындар. Үстеулерді тауып, көшіріп жазындар.

Әлемдегі ең алғашқы кітапсыз кітапхана

Техастың Сан-Антонио қаласында бұрын болмаған BiblioTech кітапсыз кітапханасы ашылмақ. Бұл кәдімгі кітаптарды электрондық нұсқамен аудистырган әлемдегі ең бірінші әрі ерекше кітапхана болмақ. Электрондық кітапхана ашуға Apple корпорациясының іргесін калаушы Стив Джобс туралы жазған өмірбаяндық естелік себеп болған. Алғашқы кезде мұнда электрондық кітаптарды окуға арналған 100 құрылғы орнатылады. Оны кітапхана залында емін-еркін пайдалануға немесе белгілі бір уақытка үйге алып кетуге де болады. Кез келген адамға BiblioTech-ке өз құрылғыларымен келіп, тіпті ұнаған кітаптарын көшіріп алуға да рұқсат беріледі.

Baq.kz



A Етіс тұлғасында келген сөздерді тауып жазындар.



10-тапсырма. Берілген қанатты сөздерді оқып, өзара пікір алыңындар.


1. Талап қыл артық білуге, артық білім кітапта, ерінбей оқып көргө (А.Күнанбаев)
2. Кітап – ақылына ақы сұрамайтын асыл казына (Ә.Назар).
3. Жаксы кітапты алғаш оқығанды жана дос тапқандай боласын. Осы кітапты кайталап оку – ескі досынды тағы да кездестіргенмен бірдей (М.Вольтер).



A Қанатты сөздердегі қандай ? қашан ? қалай ? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тауып, қай сөз табына жататынын анықтандар.



11-тапсырма. Орбита жолының 1-тапсырмасын орындаңдар.




1. Гиннестің рекордтар кітабын пайдаланып, кітап туралы кызықты мәлімет жинаңдар.



9.2. Үстеудің синонимдік қатарлары



1-тапсырма. Суреттерге қараң, оларды өзара байланыстырыңдар.



2-тапсырма. Үнтаспадан 23-аудиомәтінді тыңдаңдар.



A Бір-бірлеріне сұрақ койып, мәтіннің негізгі ойын анықтаңдар.

Синонимдік қатар

Синоним болып жүмсалатын мәндес сөздердің тобы **синонимдік қатар** деп аталады. Олар:

- белгілі бір сөзді жиі қайталамау үшін;
- бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақты сипаттау үшін қолданылады.

Синонимдік қатарға енетін сөздер бір сөз табынан болу керек. Мысалы: *Таяуда* – *жақында* – *жуырда*. *Тез* – *жылдам* – *шашшаш*.



3-тапсырма. Мәтінде ерекшеленіп берілген сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырып жазыңдар.

Көне заман кітаптары, негізінен, қауырсын қаламмен жазылған. Ал біздін ата-бабаларымыз өздерінің тарихын, келер үрпакқа арнаған сөзін қышқа, тасқа ойып қалдырган. Сүйекке, ыдыска, теріге жазылған сөз, сейлемдер қаншама?!

Бабаларымыз *ерте* кезде Тараз каласының маңына терісі үшін *кілен* ак ешкі өсіріпті. Күзде сойып, терісін сыпсырып,

иге салады. Майы кетіп, тұз сіңіп, сірескен жарғакты әдеіт көленкеге кептіреді. Қағаздай жұқа етіп иін қандырады. Содан соң каттап, орап, түйеге тиеп, шартарапка жөнелтіпті. Сейтсе, бұл ешкінің терісіне түскен әріп өшпейді еken. Жұздеген жылға еркін жететін болған.

«Отырар» энциклопедиясынан



4-тапсырма. Өлеңнің алғашқы бөлігін оқындар.

Арман

(ұзінді)

Ерте, ерте, ертеде Отырарда,
Біздің інкәр өлкеде,
Иық бүрмай тек білімнен басқаға,
Қатар өсті екі бірдей жас бала...

Отырарда жаны жайқын дария,
Ойы безбен бар еді бір кария.
Сол кария бір күні екі шәкіртті,
Күрметпенен өз үйіне шакыртты.

– Мен де таныш білсем деп ем,
Кімсіндер?
Қандай арман жетегінде жүрсіндер?
Қандай бағыт ұстайсындар түбінде,
Сонша неге құштарсындар білімге?
Қане, Дойыл, сен айтшы?

Дойыл айтты:

– Жалғыз арман бар менде,
Шектесетін қулықпен де, армен де.
Жалын иі ашса өнерімнің өрнегі,
Сонау Йемен, Мысыр, Бағдад елдері
Түгел таныш жыр ететін таңдана,
Саудагер боп шықсан деймін, жан баба...

Қаншама елмен сауда-саттық жасаута
Соншама елдің тілін білу керек кой,
Табу үшін жұрт таппаған айланы,
Көру үшін жұрт көрмеген пайданы,

Шығу үшін жұрт шықпаган белеске,
Жұрттан асқан білім керек емес пе?
Тілін тапсан кім созбайды кол ұшын,
Өнер кажет, білім кажет сол үшін.

Карт күрсінді:

– Ұлым, желік қуыпсың!
Неге мұнша желтоксандаі сұыксың?
Бағымызға тұған дарын болар деп
Куаныш ем,
Сорымызға туыпсың.
Сор боларсың, одан не мән табарсың,
Арманыңды, бәлкім, кайта каарарсың?

Бірак Дойыл тұрып алды пандана:

– Арманымды өзгерте алман, жан баба!
– Ал сен қалай бағыттадың нұрыңды,
Жасырмай айт,
Жасқанбай айт сырыңды, –
деп кария Дойылмен бір отырған
Ұян шәкірт жас Әбуге бұрылды.

Әбу айтты:

– Менде де бар бір арман,
Маздаш жаныш, кол бұлғайтын шынардан.

Ұлы баба, бірак менің арманым
Парыз бенен махаббаттан күралған.
Шамын жаксам ғылым менен өнердің,
Елімді зор мерекеге бөлермін.

Қарлы боран қыран жолын бөгер ме?!

Өнеріммен тасып толам кемерге.
Мен өзіме риза емеспін, елімнің
Сүйеніші бола алмасам егер де.

М.Шаханов



A Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Карияның сұрағының астарында қандай мән бар?
2. Дойылдың алдына қойған мақсаты қандай?
3. Әбу алдына қандай мақсат қойды?
4. Екі шәкірттің кайсысы тарихта калады деп ойлайсындар?



❸ Өлең жолдарынан алынған үзінділерді ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне сай кайта күрындар.

1. Қандай арман жетегінде жүрсіндер?

3. Ал сен қалай бағытадын нұрынды, Жасырмай айт, жасқанбай айт сырынды.

2. Ұлым, желік күшпсың!

4. Қарлы боран қыран жолын бөгер ме?!

Өнеріммен тасып толам кемерге.



5-тапсырма. Өлеңнің жалғасын оқындар.

Карт жынысы:

– Бәрекелде, жаз жайран!

Көл болмаса, тояттайтың каз қайдан?!

Біреуіннің арманыннан шошым ем,

Бірін, міне, еттін лезде мәз-мейрам.

Бірін үшін курсінүмен өтермін,

Бірін үшін сүйсінүмен өтермін,

Сейте-сөйте мен де өмірден кетермін.

Беттеріннен жарылқасын тәнірім,

Ал жарайды, батам осы, барындар,

Отырада туған ұлы дарындар!

...Екі досты екі арнаға бөлді өмір.

Дойыл солай өзгертпеді шешімін,

Дәulet оған жылдам ашты есігін.

Өнері аскан саудагердің көп өтпей,

Бағдад, Мысыр түгел білді есімін.

Тек байлықка деген жұтандық

сараптық

Жіберді оның бар өнерін караң ғып.

Міне, осылай жазық дарын, жас тұлға

Ұшырады әбілетті тозғынға.

Саудагерді өзге түгіл өзінің

Үрпақтары кетті ұмытып аз жылда.

Ал Әбу ше?
Кенге жайды ол канатын.
Әбуіміз – әрі ғалым, әрі акын,
Әбуіміз – біздің ұлы бабамыз
Әбу-Насыр әл-Фараби болатын.

Мәңгі лаулаң жану үшін ғаламда,
Үлкен бакыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып калу үшін ғаламда,
Үлкен арман қерек екен адамға.

М.Шаханов





▲ Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін мақал-мәтеді табындар. Θз ойларының дәлелдер айттындар.

1. Армансыз адам қанатсыз құспен тең.
 2. Бақыт – қолға қонған құс,
Байлық – қолға ұстаған мұз.
 3. Оқу – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.
 4. Арманымен – ер сұлу,
Орманымен – жер сұлу.
 5. Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.



- Суреттерді пайдалана отырып, өлең мазмұны бойынша сұрак күрастырындар.





Б Тәмендегі өлең жолдарының мағынасын талдандар.

Мәңгі лаулаپ жану үшін ғаламда,
Үлкен бакыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып калу үшін ғаламда,
Үлкен арман керек екен адамға.

Сенің арманын
кандай?

Оған қалай жетуге
болады?



В Өлеңнен есімдіктер мен үстеулерді тауыш, кестені толтырындар.

Улғі :

Сөз табы	Сөздер	Мағыналық тобы	Құрамы
Есімдік	мен(-де)	жіктеу есімдігі	түбірі – мен, -де – жатыс септігінің жалғауы;
Үстеу			



6-тапсырма. Орфоэпиялық зандылықпен жазылған сөздерді орфографиялық нормага сай жазындар.

Көзсіз зорлық ғасырынан,
Надандыктың ғасырынан
Жер астына жасырылған
Дара тұлға бабалардың ұшқұр ойы, санаы.
Ұяттыны толғандырған,
Қанаттыны занғар қылған,
Күллү әлемді таң қалдырған
Рухыңмен қолда бізді,
Отырадын ұлұ кітапханасы!

М.Шаханов



7-тапсырма. Берілген тіркестердің ортақ мағынасы болатын үстеуді тауыш жазындар.

кірпік какканша
көзді ашып-жүмғанша
кас пен көздің арасында

ит өлген жер
ит арқасы қиянда
жердің түбі

камшы салым жер
таяқ тастам жер



8-тапсырма. Берілген үстеулердің мағыналық түрін ажыратып, синонимдік қатарын жазындар.

Үстеу	Мағыналық түрі	Синонимдік қатары
жырак	Мекен үстеу	алыс, шалғай
дереу		
бұрын		
недәуір		
арнайы		
тым		
лажсыз		




9-тапсырма. Тіркестерді үстеулермен толыктырындар.

Кажетті үстеулер : боска, акырын, күні бойы, әбден, тез.
... журу, ... демалмау, ... шаршашу, ... әурелену, ... келу.



10-тапсырма. Орбита жолының 2-тапсырмасын орындаңдар.




1. Кітапханалар тарихы туралы кызықты маімет жи-
2. Кітапханалар тарихы туралы кызықты маімет жи-

9.3. Үстеуді қайталау



1-тапсырма. Суреттерден не байқадыңдар?



2-тапсырма. Үнтаспадан 24-аудиомәтінді тыңдаңдар.



A Мәтін мазмұны бойынша өз ойларынды айыңдар.

«Буккроссинг»
ерекшелігі

мақсаты

«Библиобус»
ерекшелігі



a Екі сөзге (BibLiobus, Bookcrossing) қандай балама сөз ұсынасыңдар?



b Үстеулерді тауып, синонимдерімен алмастырып жазыңдар. Қажет болса, синонимдер сөздігін пайдаланыңдар.


1. Кез келген адам өзі оқып бітірген кітапты жүрт көп жүретін жерге әдейі қалдырып кетеді.
2. Библиобус оқырмандардан тапсырысты тез қабылдап, автобус ішінде жаңа кітаптармен танысуга жағдай жасайды.
3. Қазір «буккроссинг» қозғалысы – кітап пен оқырман арасын байланыстырудың ең тиімді жолы.



3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.

Гимараты ерекше кітапханалар

1. Джей Уолкердің Риджфилдтегі үйі – көлемі 330 шаршы метр көпденгейлі лабиринт тәрізді құрылған кітапхана. Онда 50 мың кітап және мұражайлық деңгейдегі артефактілер, атластар, гарыштық зерттеулерге катысты сызбалар бар.



2. Йель университетінің сирек кездесетін кітаптар мен көне колжазбалар кешенінің негізі 1712 жылы қаланған. 15 миллион сирек кітап сакталған кешен 20 ғимараттан құралған түрлі кітапханадан тұрады.

3. АҚШ-тын Сиэтл қаласындағы 26 филиалы бар Сиэтл кітапханалар желісінің негізі 1890 жылы қаланған. Басты ғимараты Сиэтл Орталық кітапханасы 2004 жылы әйнек пен болаттан тұрғызылған. Мұнда 1,45 миллион кітап сыйды.

4. Гейзель атындағы кітапхана – Сан-Диегодагы Калифорния университетіне қарайтын әлемдегі ең әдемі кітапхананың бірі. Кітапхана атауы атақты американлық балалар жазушысы әрі мультипликатор Теодор Зойс Гейзельдің құрметіне қойылған.

5. Голландиядағы Делфт техникалық университетінің кітапханасы заманауи сәулетімен көз тартады. Ол 1997 жылы салынған. Кітапхана шатыры табиғи көгілмен көмкерілген. Жазда күнге қыздырыныш кітап окуға ынғайлыш.

6. Ванкувер коғамдық кітапханасы – параллелепипед тәрізді тоғыз қабатты ғимарат. Сыртқы көрінісі Колизейді еске түсіреді. Бұл жерге кішкене бұлдыршіндермен де, ата-әжелермен де, ойын балаларымен де келе беруге болады. Өйткені мұнда әр жастағы адамдарға арналған түрлі қызмет пен ойын аландары, койылымдар ұйымдастырылған.

7. АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласындағы көпшілікке арналған кітапхана да әлемдегі ең әдемі кітапханалардың

бірі. Бұл бес қабатты керемет ғимарат Ванкувер кітапханасының архитекторы Моше Сафдидің жобасы бойынша 2003 жылы салынған.

wikipedia.org



A Өздерің ерекше әсер еткен кітапхананы атаңдар. Себебін түсіндіріндер.



Ә Мәтін бойынша сұрақ күрастырындар.



4-тапсырма. Үстеудің емлесіне сәйкес қателерді түзетіп жазындар.

Британияның Уэстбери-саб-Мэндип деп аталатын қалашығының тұрғындары телефон будкасын сатып алыш, кітапхана ретінде орнатыпты. Бұл кітапхана дүниежүзіндегі еңкішкентай кітапхана және тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн күнітүні үздіксіз жұмыс жасайды.

Сонымен қатар бұл кітапханаға түнде окуды жақсы көретіндер үшін жарық та орнатылған. Қала тұрғындары будкаға сөрөлөр орнатып, ішіне түрлі такырыптағы кітаптар койған. Будканың ішінде кітаппен қатар дискілер, түрлі үнгаспалар да бар.

Эрине, бұл кітапханада кітапханашы жок. Тұрғындар үйлерінен кітап әкеліп кояды және оқығысы келген кітаптарды үйіне бір бірлеп алыш кетіп, оқып болған соң қайтып әкеледі. Қалашықтағы тұрғын саны шамамен 800 адам, бірақ кітапхана кішкентай болғандыктан, кітап алу үшін кейкездері кезекке тұру қажет.


bilim-all.kz



5-тапсырма. Оқылым және тыңдалым мәтіндерін негізге ала отырып, «Ерекше кітапхана» такырыбында жинақы мәтін жазындар.



6-тапсырма. Орбитта жолының 3-тапсырмасын орындандар.



3. Кітапхана түрлері, әлемдегі қызықты, ерекше кітапханалар мен кітаптар туралы мәлімет жинаңдар.

9.4. Қайталау



1-тапсырма. Мақал-мәтелдерден үстеулерді тауып, олардың синонимдерін, антонимдерін жазыңдар. Мағыналық түрін ажыратыңдар.

1. Көп іздеген адам көмбенің үстінен шығады.
2. Уақытыңың босқа өткені – өміріңің бекер кеткені.
3. Ештен кеш жақсы.



2-тапсырма. Үстеулердің мағыналық тобын табыңдар.

№	Үстеулер	Мезгіл үстеу	Мекен үстеу	Мөлшер үстеу	Сын-кимыл үстеуі	Күшейткіш үстеу
1	аса					+
2	едәуір					
3	акырын					
4	мұншама					
5	қасақана					
6	тыскары					
7	ала жаздай					
8	амалсыздан					



3-тапсырма. Өзара синонимдік катар түзе алғатын үстеулерді калтадарға жіктеп салыңдар.

Әрен, өте, шашсан, акырындап, әзер, баяу, зорға, шабан, аса, тым, дереу, лезде, жылдам.

1-калта

2-калта

3-калта

4-калта

ФЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ЖЕТИСТІКТЕРІ

10-бөлім



10.1. Тыныс белгілері. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілері

1-тапсырма. Үнтаспадан 25-аудиомәтінді тындандар.

А Мәтін мазмұнына сәйкес мәтеді тандандар. Ойларынды дәлеңдер.

1. Арман – адамға қанат. 2. Армансыз адам алысқа бармас.

Б Мәтіннен естіген дәйексөздерді жазып алып, өз пікірлерінді білдіріңдер.

ТЫНЫС БЕЛГЛЕРИ

Тыныс белгілері (пунктуация) – жазуға тән шартты белгілер жүйесі. Тыныс белгілері ойды түсінікті етіп жеткізу, пікірді анық білдіру үшін колданылады.

Тыныс белгілері

Сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілері

Сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілері

нұкте (.)
сұрау белгісі (?)
леп белгісі (!)
көп нұкте (...)

үтір (,)
сызықша (—)
нұктелі үтір (:)
кос нұкте (;)
жакша ()
тырнакша («»)

Пунктуация

Пунктуация термині ла-
тынның «punctum» – нұкте
деген сөзінен алынған. Бұл
термин:

- тілдеңі әліпбиге ен-
бейтін графикалық таңба-
лар жиынтығы;
- тыныс белгілерін дұ-
рыс қою жөніндегі ереже;
- тыныс белгілері деген
мағынаны береді.

Сөйлем хабарлау, баяндау, сұрап білу, жауап алу, тадап ету, түрлі көңіл күйді білдіру мақсатында айтылады. Осыған орай сөйлем сонында **нұкте** (.), **сұрау белгісі** (?), **леп белгісі** (!) және **көп нұкте** (...) койылады.

Нұкте	Сұрау белгісі	Леп белгісі	Көп нұкте
<ul style="list-style-type: none"> – хабарлы сөйлем және екпінсіз айтылғын тілек мәнді сөйлемдерден кейін; – адамның аты-женинің бас әрітері кыскартылып алғанда: <i>А.Байтұрсынов, М.Әuezов</i> ; – тағызын тағылар, тағы басқа деген сөздер кыскартылып жазылғанда: <i>т.т., т.б.;</i> – жыл, гасыр сөздері кыскартылып жазылғанда койылады: 2018 ж. 	<ul style="list-style-type: none"> – жауап алу мақсатында айтылған сөйлемнің сонына; – сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін; – ма, ме, ба, бе, на, не, ша, ше сұраулық шылаулары қатысқан сұраулы сөйлемдерден кейін койылады. 	<ul style="list-style-type: none"> – қандай, ненің есімдіктері тандану, куаныш мағынасын білдіргенде; – ерекше көңіл күйді білдіретін гажсан, тамаша, керемет сияқты сөздер катысқан сөйлемдерге қойылады. 	<ul style="list-style-type: none"> – аяқталмаған ойды түспалдаш беру кезінде; – айтытуға тиісті ойдың аяқталмай қалғанын білдіру үшін; – мағынасы контекст арқылы ұғынылатын айттуға ынғайсыз, түрпайы сөздердің орнына; – біреудің шығармасын ықшамдаш алғанда ойдың үзілген жеріне қойылады.



2-тапсырма. Мәтіннің әр азатжолынан бір-бір сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жазыңдар.



«Samsung» компаниясы бүктелмелі экраны бар жана смартфонды таныстырмак. Бұл смартфонның басты артықшылығы – жай ғана әмбиян ретінде бүктеп, қалтаға салып жүруге ынғайлыш.



Біріккен Араб Әмірлігінде әлемдегі алғашкы робот-полицей жұмысын бастайды. Робот сенсорлы экраны арқылы адамның түрін сканерлейді және даусын ажыратады. Түрлі сауалдарға жауап беру қызметін де аткарады. Бұл роботтар адаскан туристерге жол көрсету, құқық бұзушылықты видеоға түсіру немесе тәртіп сақшыларын жылдам шакыру жұмыстарына арналған.



2017 жылы Ресей жасанды журекті таныстырды. Оның көмегімен доноरлық журекті

кутетін емделушінің өмірін 3-5 жылға созуға болады. Жасанды жүректі пластик, титан және тот баспайтын болаттан жасайды. Бұл жүректін массасы адам салмағына байланысты 300-650 граммды құрайды.

7km.kz



3-тапсырма. Көркем шығармадан лепті сейлемге мысалдар тауып жазыңдар. Леп белгісінің койылу себептерін түсіндіріндер.



4-тапсырма. Сейлемдердің сонына тиісті тыныс белгілерін койыңдар. Себебін түсіндіріндер.

«ЭКСПО-2017» көрмесіндегі қазақстандық «Нұр әлем» павильонында күн энергиясымен жүретін көліктер қойылған Қазіргі таңда күннен қуат алатын темір тұлпарларды тізгіндеу «арман» болғанымен, болашақ үрпак үшін қажеттілігі көп.

Төбесінде күн панелі, ортасында күн батареясы орналаскан көліктердің бірі – «Стелло» деп аталады 2013 жылы Нидерланды елінде құрастырылған күн-көліктің жалпы ұзындығы төрт метр, ені бір метрден асады Ол «күн сәулесімен жүретін әлемдегі алғашкы отбасылық көлік» саналады Төрт адамға шакталған темір тұлпар сағатына 130 шакырымды бағындыра алады Ал жаңбырлы күндері және түн мезгілінде энергиялық қуаты 700 шакырымға дейін жетеді

Жанар-жағармайсыз жүретін көліктердің қатарында «Бо Круизер» атты неміс машинасы да орналаскан Бір адамға арналған көлік сағатына 120 шакырымды бағындырады. Күн сәулесі болмаған күндері жинак энергиясы 500 шакырымға дейін жетеді деп жоспарланған

Ал күн энергиясынан қуат алатын үшак туралы естіп пе едініз Мұндай әуе көлігін Швейцария мемлекеті жасап шығарған «Солар Импульс» атты екі адамдық үшак 40 шакырымға дейін жарықтың көмегімен самғай алады Мұнда 17 мын күн панелі орналаскан «Бұл – өте тамаша өнертабыс Колданыска енер болса, шаруашылық мақсатына колдануға әбден ынгайлы әрі тиімді», – дейді көрме мамандары

Ен бастысы, бұл көліктердің қай-қайсысы да экология үшін онтайлы Ал Қазақстан «баламалы энергияға» негізделген мұндағы жобаларға ерекше маңыз берері сөзсіз

atpress.kz



5-тапсырма. Өлеңді рөлге бөліп оқындар.

Тыныс белгілерінің айтысы

Класта

Қаптаған құрдасқа
Лепіріп, көпіріп,
Леп белгісі сейледі.
Сөз нұсқасы бір басқа,
Сейлегенде бүй деді:
– Сен жай бір нокатсын,
Тау емес, шоқатсын.
Мұләйім, момынсын,
Сүренсіз конырсын.
Жүресің сонында,
Жігер жок бойында.

Сен кері үтірсін,
Құныссың, бүкірсін.
Аяққа оралғысын,
Алмайсың ел алғысын!

Иміген сұрақ белгісі,
Сені кім келер көргісі?!

Жылауықсын, сұрауықсын,
Шубәшілсің, күнәмшілсің.

Тырбиган тырнакша,
Сен бейпіл бір лакса.
Сөзді де камайсын,
Бізді де камайсын,
Тонады дейсің бе,
Қымтайсын,
Шымқайсын,
Несіне орайсын?!

Көп нүктө-ау, көп нүктө,
Бір көнбейсің бірлікке:

Бізді күшп шығасын,
Ұнамасын, ұнасын
Сөз аяғын жұтасын,
Сонымен не ұтасын?!

Керілген сыйықсын,
Бас бұзар бұзықсын.
Сөзді сөзден бөлесің,
Иықтайсың – кересің.

Сен бізден басқасын,
Жакқа ұксас жакшасын.
Айырып үйірден,
Қысасын бүйірден.
Біз саған жылқы ма,
Үйірлеп иірген?!

Әй, кос нүкте, нашарсын,
Жұрттың алдын тосасын.
Сөз ергенге соңынан,
Сен калайша тасасын...

Әзгөні даттады,
Әзін тек мактады:

Түсіндірме сөздік

Шоқат – шоқып тұрған төбешік, қырат.

Құныс – денені тік ұстамай, бүкшию, бүкірею, иілу.

Бейпіл – дөрекі.

Шубәшіл – құдіктенгіш, күмәнданғыш.

— Мен лептімін,
Мен ептімін.
Жалындымын,
Сарындымын!
Бүтілмеймін,
Іілмеймін!
Мен — леп белгісі,
Кімнің тен күші!!!

Ұмыт қалған сыйыкша,
Леп белгісі сөз ұкса,
Айтылмакты
Айтып бакты:

— Бәлекеймін,
Дәнекермін.
Сөз арасын
Жымдастырамын,
Мағынасын
Жалғастырамын.



A Өлеңнен ауызекі сейлеу тілінің ерекшеліктерін тауып жазындар.

Әй, тырбиган,



B Өлеңде кездескен тыныс белгілерінің қызметтерін, ерекшеліктерін сипаттандар.



C Өлең жолдарының соңына қойылған тыныс белгілеріне мүкият карап, қойылу себептерін түсіндіріндер.



6-тапсырма. Өленді оқып, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.

Сен көбіне көпіресін,
Өткенде күн өкінесін.
Кішіпейіл, міне, біз,
Өз орнымызды білеміз,
Женілтегінде күлеміз!

Қалам ойда-жокта шыға келді,
Тыныс белгілері бұға берді:

— Айтқанға көнесіндер,
Айдауға жүресіндер.
Қаласам, қағаз жазсам,
Өмірге келесіндер.

* * *

Біткен де жок сөз әлі:
Иә, орнын тапкан озады.

Мәлімбаев

Арманда, ұлым!

Кім боласын,
Қандай өмір сүресін,
Ол — өзінің үлесін.

Болса ақылың, біл мынаны: жалғанда,
 Жолай көрме арманы жок жандарға!
 Арманда, ұлым, арманда!
 Арманда, ұлым, актық демің қалғанда!

Бүкіл өмір, бүкіл дүние, бар жалған,
 Жадында ұста: жаратылған арманин!
 Өмірінің аяғы жок, басы жок,
 Өлтөн артық армансыз бол қалғаннан.

Айтканымды жөн де, мейлі, жөн деме,
 Арманда, ұлым, кия деме, өр деме.
 Шығып ал да арманынның шынына,
 Кира мейлін, күйре мейлін, дөнгеле.


M.Мақатаев



A Өлеңдегі түйінді ойларды карасөзге айналдырып жазындар.



7-тапсырма. Орбита жолының 4-тапсырмасын орындаңдар.



4. Күнделікті өмірде, түрмиста колданып жүрген техникалық құралдардың шығу тарихы туралы мәлімет жинандар.

10.2. Үтір. Сызықша. Қос нүкте



1-тапсырма. Суреттерді байланыстырып әнгімелендер.



2-тапсырма. Үнтаспадан 26-аудиомәтінді тыңдандар.



А Мәтін күріліміна талдау жасап, әр бөлімге ат қойындар.



Ә Берілген суреттерді мәтінмен байланыстырындар.



Күн сағаты



Астрономиялық
сағат



Квадрант



Б Мәтіннен алынған сейлемдердегі сызықшаның койылу себебі неде? Өз болжамдарынды айтындар.

1. Ұлықбек есімімен бірге аталатын нысан – Самарқандық астрономиялық обсерватория.
2. Бұл – Ұлықбектің ғылым мұддесін көздең, болашақ үшін салдырыған асыл мұрасы.
3. Обсерваторияның негізгі мақсаты – дәлдігі өте жоғары бакылаулар жасау.



В Берілген термин сөздерді пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сұрақ күрастырындар.

астрономия

математика

обсерватория

біліктік

телескоп

қоңдырығы

Утір, сзызықша, қос нұкте, нұктелі утір, тырнақша, жақына сейлем ішінде койылатын тыныс белгілер катарына жатады. Олар сейлем ішіндегі сөздердің мағынасы мен колданылу себептерін даралап көрсету үшін қойылады.

Сейлем ішінде ең көп колданылатын белгінің бірі – **үтір**.

бірынғай мүшелердің арасына: *Талат, еңбек, терең ой, қанагат, рақым – ойлат қой, Бес асыл іс, көнсеніз (Абай)*.

каратпа, кыстырма сөздерден кейін қойылады:
Жүйнер, ойын арзан, күлкі қымбат (Абай).

Сзызықша сейлемдегі белгілі сөзді ерекшелеп көрсету және мағынасы ынгайлас сөздерді топтап айтуда үшін қойылады.

бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен болғанда: *Китап – білім бұлагы;*

бастауыш та, баяндауыш та заттанған сын есімнен болғанда: *Адамның жаманы – мылжың, жақсысы – жо-марта (Ж.Баласагұн);*

бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда: *Бес жерде бес – жиырма бес.*

бірынғай мүшелерден кейін тұратын жалпылауыш сөздің алдына: *Өнер де, білім де, нәтиже де – бәрі талаптыдан шыгады.*

төл сөз берілген автор сөздері арасында қойылады:

– Уай, мынауың болмаіды, – деді, түсінемісің дегендей көзіме қадала қарат. – Ең алдымен, адамга бас керек (F.Муғанов).

төл сөздің алдынан келген автор сөзінен кейін **кос нұктे** қойылады: *Мәхабетов: «Күшіңе сенбе, адат ісіңе сен», – дейді.*

жалпылауыш сөз бірынғай мүшелерден бүрын тұрса, жалпылауыш сөзден кейін **кос нұкте** қойылады: *Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы*

Коснұктеде (Абай).



3-тапсырма. Қате қойылған тыныс белгілерін тауып, түзетіндер.

1. Бірлік – түбі береке
Береке түбі – мереке.

Халық аудыз әдебиетінен

2. Бакыт әр адам үмтүллатын – мақсат.

Әл-Фарағи

3. Қырықтың бірі: қыдыр.

Халық аудыз әдебиетінен

4. Ат жаманы, сүріншек, ет жаманы, шеміршек.

Халық аудыз әдебиетінен

5. Тапқыр адал ак ниет адамдардың

Алданбайсың артынан ере берсен.

Ш.Кұдайбердіұлы

6. Жүргегі жұмсақ білген күл,

Шын дос таптай тыншымас.

Пайда, мактан бәрі: тұл,

Доссыз аудыз тұшымас.

А.Құнанбаев



4-тапсырма. Тиісті тыныс белгілерін қойып, Абайдың нақыл сездерінің мағынасын түсіндіріндер.

1. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар бірі надандық екіншісі еріншектік үшіншісі зұлымдық

2. Егер ісім өнсін десен ретін тап

3. Пайда залалды айыратуғын қуаттың аты ақыл

4. Адам баласы адам баласынан ақыл ғылым ар мінез деген нәрселермен озады.

5. Еңбек қуаныш жалқаулық арылмас азап

6. Жаман дос көленке басынды күн шалса қашып құтыла алмайсың басынды бұлт алса іздең таба алмайсың.



5-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Астрономдар аспан денелерін зерттеу үшін әртүрлі телескоп пайдаланады. Бірнеше телескоп орналасқан ғылыми ғимаратты обсерватория деп атайды. Фарыш обсерваториялары – ашық га-



рыштағы қуатты телескоптар. Бұл телескоптар алыс орналаскан ғаламшарларды, галактикаларды және ашық ғарыштың баска да нысандарын зерттеуге арналған.

Ғалымдар әзірге бір ғана ғаламшар – Жерде ғана тіршілік бар

деп есептейді. Адам өмір сүру үшін не кажет? Біріншіден, күрамында оттек бар ауа кажет. Екіншіден, адам, жануар, өсімдік үшін қажетті су керек. Үшіншіден, тірі организмдердің өмір сүруіне колайлы ауаға, суға, жерге қажетті жылу керек. Біздің жерімізді Күн жылдытып әрі жарық беріп тұр. Адам баласы бұған мұқтаж. Төртіншіден, біз жердің тартылыс күші аркасында жер бетінде жүріп, су айдынында жүзіп, түрлі құрылыш салып, тіршілік жасаймыз.

Ал ғарыш кеністігінде, күн жүйесінің өзге ғаламшарларында не бар? Онда каранғы, сүйк, тартылыс күші жок. Жерге жақын орналаскан ғаламшарларда да адам тіршілік ете алмайды. Меркурийде ауа кабаты жок. Онда күндіз өте ыстық, түнде өте сүйк. Шолшанда ауа улы газдан тұрады. Марста су жок, жерге карағанда сүйк. Юпитер, Уран, Сатурн, Нептунда тіршілік жок. Бұл ғаламшарлар өте қою газдан тұрады, катты жер жок. Плутон – жерден ең қашық орналаскан ғаламшар, ол мұзбен қапталған.

«Ғалам» энциклопедиясынан



▲ Мәтінге сәйкес кестені толтырындар.

Тірек сөздер	
Негізгі ой	
Мәтіннің тақырыбы	



❸ Берілген ойға мәтіннің кай белігі сәйкес келетінін табындар. Анықтандар.

Өзге ғаламшарда тіршілік жок.

Обсерватория – ғарыш кеністігін зерттейтін орын.

Жер – тіршілік мекені.



Б Мәтіннен есімдіктерді тауып, мағыналық түрлерін ажыратындар.



В Мәтінде кездескен тыныс белгілерінің қойылу себебін аныктандар.



6-тапсырма. Өлеңді оқып, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндеріндер.

Сен ғылымға болсан ынтық,
Бұл сөзімді әбден ұқ.
Білгеніннің жақсысын қыл,
Білмегенінді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті,
Білмегенді қыл шәкірт.
Үйренуге қылма намыс,
Үйретуге болма кер.

Өнерінді құр шірітпе,
Орнына анық жұмсарай.
Өкініші кетпес онын,
Өз ойында босқа елер.

Қай ғылымды білсөніз де,
Қазір оны елге жай.
Құр ішінде кеткенінше,
Пайдалансын өзгелер.

Ш.Кудайбердіұлы



А Өлеңнен етістіктерді тауып, құрамына карай талдандар.



7-тапсырма. Мәтінді оқып, тыныс белгілердің қойылуына назар аударындар.

Ғылыми жаңалықтар шамамен әр он жыл сайын екі есе артып, акпарат та бірнеше есе көбейе түседі. Акпараттардың миллиондаған адамға тез арада жетуі үшін жоғары жылдамдықты арнағы байланыс жүйесі кажет. Акпараттардың әлемге жылдам таралуын интернет, радио, теледиңдар, мерзімді басылымдар қамтамасыз етеді.

Қазір гі кезде ғылым мен технологияның даму жылдамдығының артқаны сонша, ашылған ғылыми жаңалықты колданысқа енгізу көп уакытты талап етпейді. Мәселен, интернет сонғы жылдары әлем байланысының ең ірі арнасына айналды.

Қазіргі уақытта ғаламторды пайдаланбайтын адам кемде-кем. Эркім өз максатына карай кажетті акпаратты жылдам алғысы келеді. Дегенмен қогамда ғаламтордың пайдасымен қатар, зияны да үлкен талқыға түсude. Сондыктan ғаламторды тиімді пайдалануды біле жүрген артық болмайды.

F.Отарбаева



A «Галамтордың пайдалы мен зияны» тақырыбы бойынша деректер жинақтай отырып, графикалік мәтін немесе диаграмма құрастырындар.



B Мәтіннен үsteулерді тауып, мағыналық түрлерін ажыратындар.



8-тапсырма. Қанатты сөздерді оқып, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.

1. Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, сынаушысы – халық, қорғаушысы – сабыр, корғанышы – мінез, ең кымбаттысы – ар, таусылмайтыны – арман, барлығынан кымбаттысы – өмір.

Ш.Уәлиханов

2. Адам ата-анадан туганда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады.

А.Құнанбаев (32-қарасөзінен)

3. Адам әрекетін ақыл, сана, сезім, жүрек билейді. Сондыктan адам бойынан алдымен мейірім, ракым, әділет, шапағат, ар-ұят табылуы керек.


Ш.Кудайбердіұлы



A Берілген қанатты сөздерге қатысты ой бөлісіндер. Ортак тұстарын табындар.



9-тапсырма. Орбита жолының 5-тапсырмасын орындаңдар.




5. Фылым мен техниканың кез келген саласы бойынша жаңалық ашқан ғалым туралы ақпарат жинандар.

10.3. Тырнақша. Жақша. Нұктелі үтір



1-тапсырма. Арасына бір әріп тастап, әріптерді тізбектей орналастырсандар, түрлі машиналардың, күралдардың жалпы атауын оқи аласындар.



2-тапсырма. Үнтаспадан 27-аудиомәтінді тыңданадар.



▲ Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін мазмұнын баянданадар.



● Мәтін бойынша төмендегі ақпараттардың дұрыс-бұрыстығын дәлелдендер.

Ақпарат	Шын	Жалған
1. Мәтін публицистикалық стилге жатады.	Себебі, Мысалы,	Себебі, Мысалы,
2. Ауызекі сейлеу тілінің ерекшеліктері қамтылған.	Себебі, Мысалы,	Себебі, Мысалы,
3. Мәтін көркем әдебиет стилімен жазылған.	Себебі, Мысалы,	Себебі, Мысалы,

Мағынаға байланысты койылатын тыныс белгінің бірі – **тырнакша**. Тырнакша мынадай жағдайларда койылады:

- дәйексөздер, сейлем ішінде келпірілген мақал-мәтеп, қанатты сөздер тырнакшага алынады. «*Көп түкірсе – көл*», – дейдідана халқымыз;
- газет, журнал, кітап және т.б. аттары тырнакшага алынады. «*Ана тілі*» газеті;
- зауыт, фабрика, машина, ұйым атаулары тырнакшага алынады. «*Raxat* кондитерлік фабрикасы»;
- объекті етіп алынған жеке сөз, дыбыс тырнакшага алынады. «*Казак тілі*» – негізгі пәннің бірі;
- біреудің сөзін өзгертпей, сол калпында колданғанда тырнакшага алынады. «*Сен де бір кіртіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан*», – дейді Абай;
- кекету, әжуалау және кері мағынада айтылған сөздер тырнакшага алынады. Коян «*батыр*» қорыққаннан зытта жөнелді (Ертегіден).

Жақша – жұттанып колданылатын тыныс белгісі. Жақша мынадай жағдайларда койылады:

- белгілі сөздерді түсіндіру үшін оның аудармасы, синонимі, екінші бір тілдегі баламасы беріледі де, жақшага алынады. *Техника* (гректің «техне» сөзінен шыққан) шеберлік, өнер, қабілет деген ұғымдарды білдіреді;
- алынған дәйексөз, мысал кімдікі екендігін және кайдан алғандығын көрсету үшін сонынан жазылған кітаптың аты, авторы т.б. жақшага алынады.

Жарық көрмей жатсаң да ұзак, кен тілім,

Таза, терен, өткір, күшті, кен тілім (М.Жұмабаев) ;

- драмалық шығармалардағы автордың түсініктемелері, кейіпкерлердің мінез-құлқын, кімыл-эрекетін т.б. білдіретін сөздер жақшага алынады: *Сабыр (Жалелге күле қарат)*. *Әрине! Талапты ерге нұр жаусын!* (Күліседі) (М.Әуезов).

Нұктелі үтір – сейлемдер аражігіне койылатын тыныс белгісі. Нұктелі үтір мынадай жағдайларда койылады:

- мағыналық тұтастыры бар, рет-ретімен әріптер не сандар арқылы санамаланып айтылатын сейлемдерден кейін нұктелі үтір қоюға болады.

Оқушының міндеттері:

а) білім ату;

ә) мектепшілік оку-тәрбие ережелерін орындау;

б) мектеп көңесінің бүйірекшіліктерін орындау;

- мазмұны әуендең болып келетін бірыңғай сейлемдердің әркайсынан кейін нұктелі үтір койылады.

Бақиен асқан патшадан мімениң асқан қара артық;

Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық (А.Құнанбаев).



3-тапсырма. Көп нүктенін орнына тиісті тыныс белгілерін қойып, қойылу себептерін түсіндіріңдер.

1. 1769 жылы француз әскеріне арналып өздігінен жүретін көлік ... әскери трактор ... шығарылды.
2. Германиялық өнертапқыш 1885 жылы ... Атсыз арба... деп аталатын автокөлік жасап шығарды.
3. Казіргі автокөліктегі сипатына мыналар жатады...
 - а) толық жабдықталуы...
 - ә) журісіндегі женілдік...
 - б) климаттық бакылау...

«Көліктер» энциклопедиясынан



4-тапсырма. Тында, жақша, нүктелі үтірдін қойылу себептеріне байланысты екі мысалдан жазындар.



5-тапсырма. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

1. «Жасуша», «Ұла», «ағза» – биологияның негізгі терминдерінің бірі.
2. «Бал дәурен» балалар коғамдық үйімі – тәрбиелік мәселелермен айналысатын үйім.
3. «Мәлдір бұлақ», «Айгөлек» журналдары біздің танымымызды көнектеді.
4. Қазакта «Жігітке жеті өнер де аз» деген сөз бар.
5. «Окысандар, балалар, Шамнан шырак жағылар», – деп Ыбырай атамыз окудуң маныздылығын түсіндірген.



6-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Тұрмыстық заттар тарихы

Кіржутыш мәшине. Бұрында адамдар киімді онай жуу үшін өте қарапайым мәшинелерді пайдаланған. Кірді шанакқа салып, колтұткамен айналдырған. Шанактағы кір айналып, баяу жуылған. Бұл бәрібір қолмен жуғаннан онай болған. Кейіннен кіржутыш мәшинелер электрлі мотормен жабдықтала бастайды. Ал қазіргі толық автоматтандырылған кіржутыш мәшине 1937 жылы пайда болды.

Тоназытқыш. Ежелгі мысырлықтар кеуек ыдыстарға құйылған суды құлдарға желпуішпен желпіткен. Сейтіп,



ыдыстағы су салқындаған. Мындаған жылдан кейін ежелгі мысырлықтардың тәжірибесі тоназыпқышқа колданылған. Судың орнына барынша күшті салқындағатын басқа сұйықтық таңдалған. Олар арнайы тұтіктерде жасырылған. Мұнда сұйықтық бірден буланады. Бұдан тоназытқыштың іші катты салқындаپ, ішіндегі заттарды сұық күйінде сактауға көмектескен.

Шансорғыш. Жұз жыл бұрын бір сайқымазак компрессордың резенке шлангісінің жерге қалай құлап түскендігін көзі шалып қалады. Ауа ағысы күйін тұрғызып түтеп кетеді. Сайқымазакка бұл жаңа идея туғызады. Ол компрессор сатып алады да, цирк алаңына тозаң толған кілемді құшактап шығып:

— Халайық, біз казір мына кілемді шаңнан арылтамыз! — деп жарияладап, кілемге сығылған ауаның ағынын бағыттай кояды. Бірақ маңайды шаң-тозаң басып кетеді. Алдыңғы қатарда отырған көрермендер түшкіріп-пысқырып, жөтеле бастайды. Олардың ак жағалары лезде сұр бояуга оранады. Күллі цирк күлкіге карқ болады. Бірақ көрермендер арасында инженер Губерт Бут та отырған еді. «Бәлкім, шынымен де кілемді тазалауға болар ма еді? Тек ауа шанды үрлеп емес, керісінше өзіне сорып алуды қажет!» деген ойға қалады. Шансорғыш осы ойдың желісімен дүниеге келді. Онда тұтіктен ауаны сорып алып, елек арқылы айдайтын компрессор орналасқан еді. Тозаң електе қалып, таза ауа қайтадан бөлмеге шығады. Бут шансорғышы «Пысылдақ Билли» деп аталды және оның үлкен болғандығы соншалық, оны ат күймесімен тасып жүрген.


Тұсіндірме сөздік

Кеуек – іші бос күйс.
Шанақ – арба мен мәшиненің сыртқы қорабы.

«Тамаша» энциклопедиясынан



A Мәтіннен алынған акпараттар негізінде сұрак дайындаңдар.



Ә Мәтінді (қажет болса ғаламтор материалдарын) пайдаланып кестені толтырыңдар, қазіргі түрмистық техникалармен салыстырыңдар.

Сұрактар	Кіржүғыш мәшине	Тоңазытқыш	Шансорғыш
Қашан пайда болды?			
Қалай пайда болды?			
Кім ойлап тапты?			



Б Карамен берілген сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырып жазыңдар.

Халайық, біз казір мына кілемді шаңнан арылтамыз .	тазартамыз/ ажыратамыз
Шансорғыш осы ойдың желісімен дүниеге келді .	пайда болды/қалыптасты
Ак жағалары лезде сүр бояуга оранады .	айналады/жамылады
Сайкымазақ компрессордың құлап түскенін көзі шалып қалды .	көз тастады/байқап қалды



- В** Мәтіннен сзызықша, тырнақша қойылған сөйлемдерді тауып жазып, тыныс белгісінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.
- Г** Етіс түрлерін тауып, жасалу жолын көрсетіңдер.



7-тапсырма. Мәтінді оқып, тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.

Теледидарды қашықтықтан басқару құралын өткен ғасырдың 60-жылдары қазак ойлаپ тапкан. Ол кезде Ленинград сурет академиясының студенті Шәкен Ниязбеков өнертабысымен әлемге әйгілі болам деп ойламаған еді.


Көк байрағымыздың авторы Шәкен Ниязбековтың әлемдік жаңалығы 1964 жылы Чехословакияда өткен халыкаралық байқауда бас жулдеге ие болады. Қазактың өнертабысы Ленинградтағы көрмеге де койылады. Алайда тансық бүйім ұрыларға «жем» болып кете барады.

Қылмыскерлерді анықтау үшін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері де жұмылады. Сөйтсе, қазақтың төлтумасына «жиендік жасаған» жапондықтар екен. Олар қылмыстың өтеуіне Шәкен ағаға 20 мың сом айыппул төлейді. Салыстыру үшін айтсақ, ол кезде «Волга» көлігінің күны 4 мың сом болатын.

тире



8-тапсырма. Орбита жолының 6-тапсырмасын орындаңдар.




6. Қазіргі кездегі жаңа түрмистық техникалар, түрлі заманауи көліктер туралы акпарат жинандар.



10.4. Қайталау



1-тапсырма. Сөзжұмбакты шешіндер. Мүндағы – бос орын.



1. Белгілі бір ойдың аяқталуына байланысты койылатын тыныс белгі.
2. Ұзын көлбеу түріндегі тыныс белгісі.
3. Автор сөзінен кейін койылатын тыныс белгісі.
4. Дәйексөздерге койылатын тыныс белгісі.
5. Жауап алу мақсатындағы сөйлемдерге қойылатын тыныс белгісі.
6. Сөйлемнің басында колданылатын дыбыстын жазудағы таңбасы.
7. Көп ... белгілі бір себептермен ойдың аяқталмай қалған-дығын білдіреді.
8. ... үтір қойылған сөйлемдерді жеке-жеке қолдануға болады.
9. Тыныс белгі – жазуга тән шартты ... жүйесі.
10. Қаратпа сөзден кейін койылатын тыныс белгісі.





2-тапсырма. Ребусты шешіндер. Жасырылған сөздер туралы пікір алысындар.

1. Н +



,



”””

2.



”””



”””



”””

3.



,



3-тапсырма. Өлеңдерді мұқият оқып, көп нүктенің орнына койылатын тыныс белгілерін табындар. Себебін түсіндіріндер.

ҮТІР

Мен үтірмін ... үтірмін,
Міндетімді түсіндім.
Күрделі ойды көремін,
Сөйлем ... сөзді бөлемін.

Болмаса егер үтірлер,
Жүйелі ой-пікірлер,
Жетпейді де анық боп,
Жаңылысар халық көп.

НҮКТЕ

Мен нүктемін ... нүктемін,
Сөйлем соны ... күткенім.
Жағаласып тұрмаймын,
Ойды толық тыңдаймын.

Сауаты бар әр адам
Шығармайды санадан.
Ой біткенше бағамын,
Сосын орын табамын ...

СҰРАҚ БЕЛГІСІ

Тосын тиер күлакка,
Неше түрлі сұраққа
Үніліп мен қаламын,
Накты жауап аламын ...

«Қанша ...», «нешеу ...», «неше ...» деп,
Толықтаймын еселеп.
«Қандай ...», «қай ...» деп жан-жакты
Анықтаймын әр затты ...

ЛЕП БЕЛГІСІ

Санана тез жеткім кеп,
Сейлеймін мен екпіндеп ...
Жай сейлеу жок дағымда,
Мағына да бар мұнда.

Куаныш не жынданыш,
Қайғырып не мұнданыш ...
Сейлегенге леп берем,
Үнсіздікті жек көрем ...

СЫЗЫҚША

Жақсы бала талапты
Актарып бір паракты,
Білгісі кеп қызықса,
Сыр айтады сыйықша ...

Жазам десен сауатты,
Болғаның жөн жауапты.
Диалогте, төл сөзде
Оның орны болса өзге.

КОС НУКТЕ

Атын койып автордын,
Жазсан ойды тапқыр бір,
Аты-жөннің соңына
Кос нукте қой соңыра.

Мысал үшін бұл былай ...
Ұлы ұстаз Ыбырай ...
...Кел, балалар, оқылық,
Деді окута шакырып ...

ТЫРНАҚША

Тында ойланыш жөн сөзді,
Журнал атын, төл сөзді
Тырнакшага аламыз,
Міне, былай, қараныз ...

...Менің атым – Балдырган ...
Балаларды таң қылған
Басылыммын қымбатты
Деп ...Балдырган ... үн қатты.

«Балдырган» журналынан



4-тапсырма. Өлең мазмұнын басшылықка алып, тыныс белгілерінің өзіндік ерекшеліктерін, қызметтерін айтындар.



5-тапсырма. Берілген сұзба бойынша сейлем күрастырындар.

1. «_____», – _____.

Етігі : «Бес нарседен қашық бол», – деді Абай.

2. – _____ ? – _____.

3. – _____ ? – _____.


4. – _____ ? – «_____».

5. – _____ ? – «_____», – _____.



6-тапсырма. IV тоқсанда өткен «Ізденейік» айдарындағы тапсырмалар бойынша жинақтаған акпараттар негізінде жоба жұмысын дайындаңыз, көшшілік алдында корғандар.

IV тоқсанға ұсынылатын жоба тақырыптары



Тілдік бағдар

Жоба мәтінінде тыныс белгілерінің барлық түрін пайдаланып, 6-сыныпта өтілген әдеби тіл нормаларын колданыңдар.

1-жоба тақырыбы: ЗАМАНАУИ КІТАПХАНАЛАР

Танымдық бағдар

Орбита жолының 1–3-тапсырмаларындағы жинаған материалдарынды пайдаланып, Қазақстанда заманауи кітапхана ашуға байланысты өз ой-ұсыныстарынды сурет, макет, презентация түрінде жеткізіндер.

2-жоба тақырыбы: ЖАҢА ГАСЫР ЖЕТИСТІКТЕРИ

Танымдық бағдар

Орбита жолының 4–6-тапсырмаларында жинаған материалдарынды пайдаланып, болашактағы ғылым мен техника дамуышың өмірімізге әкелетін өзгерістері туралы жоба, презентация дайындаңдар.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Фылым, 1995. – 176 б.
2. Айгабылұты А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Зият-пресс, 2007. – 66 б.
3. Әбұханов F. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1982. – 284 б.
4. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
5. Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 2007. – 2008 б.
6. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2004. – 784 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзаков. – Алматы: Дайқ-пресс, 2008. – 968 б.
8. Кашев F., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
9. Орфографиялық сөздік. – Алматы: Дәуір, 2013. – 720 б.
10. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгісі, сез сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
11. Сыздық Р. Сөздер сейлейді (сөздердің колданылу тарихынан). Көптөмдүк шығармалар жинағы. – Алматы: Ел – шежіре, 2014. 4-том, – 412 б.
12. Шешендік сөздер: Құраст. Б.Адамбаев. – Алматы: Отая, 1992.
13. Абай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976.
14. «Ақ желкен» журналы. №1 кантар, 2017.
15. Аманжолов К. Нұрлы дүние: тандамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 392 б.
16. Асылбеков А. Ақ тілек. – Алматы: Жалын, 1985.
17. Ахметова К. Аңсарым – аскак Астана. – Егемен Қазакстан. 2008. 3 шілде.
18. Әлемдік және үлттық спорт ойындары. Энциклопедия / Құраст. Мереке Құлжанов. – Алматы: «Мерекениң баспалар үші» ЖШС, 2014. – 272 б., сур.
19. Әлімбаев М. Балдаурен: өлеңдер, дастандар, жұмбактар, жаңылт-паشتар. – Алматы: Раритет, 2008. – 256 б.
20. Әлімбай Т.Р. Математикадан сыныптан тыс жұмыстар мен халық есептері. – Алматы: Рауан, 1997.
21. Әuezов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1990.
22. Байменіе С. Егемен Қазақстан. 24 тамыз, 2011.
23. «Балдырган» журналы. №10, 2014.
24. Бекеев О. Айтылмаған ән. – «Лениншіл жас» газеті. 11 сәуір, 1970.
25. Ғұмырнамалық деректі хикаят. Тілендиев Н. – Алматы: Қазақстан, 2003.
26. Жарты ғасырдың алтын коры. Балдырган журналының 50 жылдығына арналған жинақ. 2 том. Проза. (1985–2008 жж.). Авторлар коллективі. Құраст. Есken Елубай. 25 б.

27. Жиенбаев С. Алтын қалам: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 272 б.
28. Жұлдыз журналы, №8, 2007.
29. Жұмаділов К. Академиктің көз жасы. – А.: Мерей, 2015. – 416 б.
30. Жұнісбаев Н. Мұстафа Өзтурік. Деректі повесть. – А.: Жалын, 1992. – 72 б.
31. Көліктер. «Балаларға арналған танымдық энциклопедия» сериясы. – Алматы: Аруна. – 32 бет.
32. Қазақ жерінің 100 анызы. – Алматы: «Сораба» қоғамдық коры, 2013.
33. Қазақ салт-дәстүрлері: Құраст.: Әлижан Тауұлы. – Алматы: Балауса, 2017. – 384 б.
34. Қазақстан еліне сикырлы саяхат. – Шымкент, 2003.
35. Қазақстан корыктары. Марқакел. – Алматы: Санат, 2007. – 472 б.
36. Қайыржан қажы Макин . Салтынды сақта, дәстүрінді дәріпте. – Алматы: «Тамыр» ЖШС, 2009. – 320 б.
37. Қанағман қызы – Хиуаз. – Алматы: Ана тілі, 2012. – 296 б.
38. Қонаев Д. Фасыр сазын тербекен // «Н.Тілендиев туралы естеліктер» кітабынан. Құраст.: С.Әбдіраймов, Ж.Шәкәрім, Д.Тілендікеліні, Балта Иса. – Алматы: Білім. – 280 б.
39. Мақатаев М. Шығармаларының 4 томдық толық жинағы. Құраст. В.Әзімжанкызы, О.Аскар. – Алматы: Жалын, 2002. – 432 б.
40. Манғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – 632 б.
41. Мекішев Б. Әлемнің жеті кереметі. – Алматы: Өнер, 1982. – 176 б.
42. Можейко И. Әлемнің 7 және 37 кереметі. – Алматы: Өнер, 1988. – 304 б.
43. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Санат, 2005. – 224 б.
44. Мұхиддинов Е. Қазақ күресі. – Алматы: Мектеп, 2012. – 192 б.
45. «Нұр Отан» қоғамдық-саяси журналы. №1 (14), 2013.
46. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – Алматы: Жазушы, 1973. – 840 б.
47. Отырад. Энциклопедия. – Алматы, Арыс, 2005.
48. Салықов К. Астана – елдің ажары. Өлеңдер, толғаулар және әндер. – Астана: Фолшант, 2013. – 200 б.
49. Соқпақбаев Б. Менің атым Кожа. – Алматы, Атамұра, 2003. – 304 б.
50. Тамаша. Энциклопедия. – Мәскеу: РОСМЭН, 2012.
51. Шаханов М. Эверстке шығу. – Алматы: Атамұра, 2003. – 272 б.
52. Шәкәрім. Иманым. 2-басылымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 322 б.
53. Шотаев М., Жұмабаев Н., Ақназаров С. Таңғажайып тоғызқұмалак. – Түркістан: ХКТУ баспасы, 2004. – 156 б.

Электронды ресурстар

1. asiada.astana.kz
2. Kazakh-tv.kz.
3. uniface.kz
4. massaget.kz
5. wikipedia.org
6. egemen.kz
7. culturemar.kz
8. moldir-bulak.kz
9. astanaopera.kz
10. kitaphana.kz
11. bag.kz
12. satpaev.psu.kz
13. alashainasy.kz
14. bilim-all.kz
15. 7kun.kz
16. atpress.kz

Грамматикалық тақырыптарға қатысты көсімшаш деректер

№	Электронды ресурс	Колданылуы
1	www.kitap.kz	Сайтта «Қазақ тілінің әмбебап сөздігі» атты айдар бар. Қажетті сөздердің түсіндірмесін осы жерден таба аласындар.
2	www.emle.kz	Орфографиялық нормага сай тапсырмаларды орындауда осы сайttan қажетті мәлімет ала аласындар.
3	www.termincom.kz	Термин сөздерге байланысты қажетті ақпаратты осы сайttan таба аласындар.
4	www.adebiportal.kz	Бұл сайttan кейбір қажетті кітаптарды онлайн оқи аласындар.
5	www.atau.kz	Қазақстанның көрікті жерлері, жер-су атаулары тақырыбында осы ономастикалық электронды база арқылы мағлұмат ала аласындар.
6	www.imektep.kz	Грамматикалық тақырыптарға қатысты қызықты ақпараттар мен анимациялық видеоларды таба аласындар.

МАЗМУНЫ

Кіріспе	4
1-бөлім. Қазақстандағы көрікті жерлер	
1.1. Біріккен сөздердің емлесі	7
1.2. Белек жазылатын сөздер	13
1.3. Дефис арқылы жазылатын сөздер	18
1.4. Қайталау	23
2-бөлім. Ұлттық және отбасылық құидылықтар	
2.1. Екпін. Сөз екпіні	25
2.2. Тіркес екпіні. Ой екпіні	30
2.3. Қайталау	35
3-бөлім. Әлемнің жеті кереметі	
3.1. Біріккен сөздердің емлесіне қатысты ескертулер	36
3.2. Бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулер	40
3.3. Дефис арқылы жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулер	44
3.4. Қайталау	48
4-бөлім. Астана – мәдениет пен өнер ордасы	
4.1. Неологизмдер	50
4.2. Термин сөздер	55
4.3. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер	61
4.4. Қайталау	66
5-бөлім. Тарихи тұлғалар	
5.1. Көнерген сөздер	67
5.2. Эвфемизм. Дисфемизм	72
5.3. Табу	77
5.4. Қайталау	81
6-бөлім. Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер	
6.1. Есімдік. Жіктеу есімдігі	85
6.2. Белгісіздік есімдігі. Болымсыздық есімдігі. Сұрау есімдігі	92
6.3. Жалпылау есімдігі. Өздік есімдігі. Сілтеу есімдігі	96
6.4. Қайталау	103
7-бөлім. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары	
7.1. Етістік. Салт етістік және сабакты етістік	105
7.2. Етіс. Өздік етіс. Өзгелік етіс	110
7.3. Ортақ етіс. Үйрексыз етіс	116
7.4. Қайталау	121

8-бөлім. Қазақ халқының әдеби-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.**Наурыз**

8.1. Үстеу. Мезгіл үстеу. Мекен үстеу	122
8.2. Сын-кімділ (бейне) үстеуі. Мөлшер үстеу. Мақсат үстеу	128
8.3. Күшейткіш үстеу. Себеп-салдар үстеуі	133
8.4. Қайталау	137

9-бөлім. Әлемдегі ірі кітапханалар

9.1. Үстеудің емлесі	140
9.2. Үстеудің синонимдік катарлары	146
9.3. Үстеудің қайталау	153
9.4. Қайталау	156

10-бөлім. Ғылым мен технология жетістіктері

10.1. Тыныс белгілері. Сөйлем сонында қойылатын тыныс белгілері	157
10.2. Үтір. Сызықша. Қос нүктө	163
10.3. Тырнақша. Жақша. Нүктелі үтір	169
10.4. Қайталау	175



Учебное издание

**Жолшава Майра Сатыбалдиневна
Отарбаева Газиза Нурахметовна
Нурманова Гулжайна Нурболатовна**

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

**Учебник для 6 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)**

Окуптықта суретшілер *Б.Далегән, К.Умбетова,
А.Бегатин, Қ.Каметов, Е.Мельниктің*
сюбектері пайдаланылды

Редакторы *А. Алдыбекова*
Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*
Техникалық редакторы *Л. Садықова*
Корректоры *Г. Абдрахимова*
Компьютерде беттеген *Г. Оразакынова*

Баспаға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5691

Басуға 06.06.18 көл қойылды. Пицімі 70×100 $\frac{1}{16}$. Офсеттік қағаз.
Каріп түрі «SchoolBook Kza». Офеєттік басылыс. Шартты баспа
табагы 14.84+0.32 косарбет. Шартты бояулы беттанбасы 61.29.
Есептік баспа табагы 9.06+0.27 косарбет.
Таралымы 50000 дана. Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail : mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz**

